

Ж.А.Шаукенов

ДІНТАНУ ЖӘНЕ ДІНИ ҚАУІПСІЗДІК НЕГІЗДЕРІ

Қостанай, 2018

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Философия кафедрасы

Ж.А.Шаукенов

ДІНТАНУ ЖӘНЕ ДІНИ ҚАУІПСІЗДІК НЕГІЗДЕРІ

Оқу құралы

Қостанай, 2018

ӘОЖ 2
ҚБЖ 86
ІІ 30

Автор:

Шаукенов Ж.А., тарих ғылымдарының кандидаты, философия кафедрасының доценті

Рецензенттер:

Қолдыбаев Сафар Абдугалиевич - философия ғылымдарының докторы, профессор, А.Байтұрсынұлы атындағы ҚМУ-ң философия кафедрасының меңгерушісі

Айтмухамбетов Айдар Абаевич - тарих ғылымдарының докторы, А.Байтұрсынұлы атындағы ҚМУ-ң Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры

Нуртазенов Тюлюбай Калиевич - тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, ЧМУ-ң ҚОФ әлеуметтік-гуманитарлық және жаратылыстану-ғылыми кафедрасының профессоры

Амантаева Айгуль Бахитжановна - философия ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚМПИ-ң қоғамдық пәндер, құқық және экономика негіздері кафедрасының меңгерушісі м.а.

Шаукенов Ж.А.

ІІ 30 Дінтану және діни қауіпсіздік негіздері. Оқу құралы. – Қостанай: А.Байтұрсынұлы атындағы ҚМУ, 2018. – 104 б.

Оқу құралында дүниежүзілік және дәстүрлі діндердің Қазақстандағы толеранттылық пен татулықты нығайтудағы рөлі, қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарының ислам дінімен байланысы, діни бірлестіктердің жұмысы көрсетілген. Осы оқу құралында Қазақстандағы діни ахуалды талдау, діндер мен діни бірлестіктердің қалыптасуы мен дамуы, экстремизм мен терроризмнің қауіптілігін көрсету және алдын алу сонымен қатар христиандық пен исламдық теріс ағымдардың мәселелерне арналған.

Оқу құралы жоғарғы оқу орындарының барлық мамандықтарының студенттеріне арналған.

ӘОЖ 2
ҚБЖ 86

А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің оқу-әдістемелік кеңесімен бекітілген және басылымға шығаруға ұсынылған, 20 маусым 2018 ж., хаттама №4.

ISBN 978-601-7955-24-3

© А. Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай мемлекеттік университеті
© Шаукенов Ж.А., 2018

Мазмұны

Кіріспе.....	3
1-Тақырып Діннің сипаттамасы.....	6
1.1 Дінтану ұғымы және мәні. Дін туралы ұғымның әр алуандығы. Батыстық және Шығыстық діни ғұламалар діннің мәні туралы.....	6
1.2 Діндердің пайда болуы және оның әртүрлі себептері. Діннің пайда болуы туралы ғалымдардың пікірлері.....	8
1.3 Алғашқы діндер. Тотемизм. Анимизм. Фетишизм. Магия (сыйқыр). Ежелгі шығыстық (Мысыр), Грек, Римдегі діндер. Зороастризм діні.....	9
1.4 Тәңірлік діні.....	10
2-Тақырып Әлемдік және дәстүрлі діндер.....	13
2.1 Буддизм.....	13
2.2 Христиандықтың пайда болуы. Христиандықтың пайда болып, таралуының қоғамдық-тарихи алғышарттары.....	25
2.3.Исламдағы негізгі бағыттар.....	50
2.4 Ұлттық діндер.....	60
3-Тақырып Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу. Діни және ұлттық қауіпсіздік.....	74
3.1.Экстремизм ұғымы және оның түрлері. Терроризм ұғымы және оның қауіптілігі. Экстремизм мен терроризм туралы заңнамалық актілер.....	74
3.2 Шетелдік христиандық миссионерлік ағымдардың қызметі және олардың еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне зияндылығы.....	77
3.3 Исламдық теріс ағымдардың әрекеті және олардың еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне зияны.....	82
3.4 Жастар мен студенттердің ислам діні туралы білімдерінің төмен болуы олардың радикалдық ағымдарға тартылуының негізі.....	96
Қорытынды.....	101
Пайдаланылған деректер тізімі.....	104

Кіріспе

«Егер ертеңгі күн туралы ойласаң – дән егесін
егер 10 жыл алға қарасаң – орман отырғызасың,
егер 100 жыл алға қарасаң – балаларды тәрбиелейсің»

Халық даналығы

Тақырыптың өзектілігі. Қазақстан Республикасының Президенті құратын, басты міндеті мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыру, Қазақстан Республикасындағы қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, мемлекеттік және азаматтық қоғам институттарының этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру болып табылатын мекеме.

Бүгінде этносаралық келісімді, қоғамдағы толеранттылықты және халық бірлігін одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдай жасауға септігін тигізеді. Сонымен қатар мемлекеттік органдарға экстремизм мен радикализм көріністеріне қарсы әрекет етуге, азаматтардың демократия нормаларына негізделген саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыруға көмек көрсетеді. Ассамблея этномәдени бірлестіктердің күш біріктіруін қамтамасыз етеді, этно мәдени орталықтардың, Қазақстан халқының ұлттық мәдениеттері, тілдері мен дәстүрлерінің өркендеуін, сақталуын, және дамуын қамтамасыз етеді.

Оқу құралдың мақсаты – Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі діндер мен діни бірлестіктердің қалыптасуы мен дамуы, дінаралық толеранттылық пен татулықтың қалыптасуы, діни діни қатынастардың кейбір мәселелерінің шиеленісуі жән бұл мәселелерді саяси-құқықтық реттеудің одан әрі жетілдіруі болып табылады. Қазақ халқының топтастырушылық рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде қазақстандық біркелкілікті және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде республикадағы этносаралық келісімді қамтамасыз ету.

Оқу құралында негізгі міндеттер жүзеге асқан – конфессияаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, қоғамда этносаралық келісімді және толеранттылықты одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдай жасау, ел бірлігін нығайту, қазақстандық қоғамының негіз қалаушы құндылықтары бойынша қоғамдық келісімді және татулықты қолдау және дамыту.

Әсіресе қазіргі күрделі ғаламдық қаржы-экономикалық дағдарыста және ғаламдық үдемелінің ұлғаюыжағдайда этникааралық және конфессияаралық келісімқазақстандық қоғамның тұрақтылық және оның бірлігінің себепкер шарт қайтпас негізі болады. Тек өзінің ұлттық бірлік моделін сақтая отырып және оның ізбасын арғарай жетілдіруі, этникааралық және конфессияаралық қатынастар тірек ретінде және осы бірлікті қамтамасыз ету алса, сонда

көпэтникалық және көпконфессионалдық Қазақстан инновациялық секірісті жасауы және дамып келе жатқан мемлекеттердің қатарына кіруі мүмкін.

Әлемнің байлығы оның сан алуандығынан тұратыны жалпыға белгілі. Сондықтан, «Этникалық алуан түрлілік – бұл адам өмір сүруінің онтайлы түрі» – деп айтатын, еуразист зерттеуші Л.Н.Гумилевтің тұжырымы заңды. Ұзақ тарихи кезең бойында қалыптасқан діни және мәдени саналуандығы Қазақстан Республикасының ерекшелігін көрсетеді. Қазақстанның «өркениеттер торабы» деп аталуы заңды.

Қазақстан ислам, христиан, буддизм сынды орасан зор әлемдік діндердің нағыз шекарасы болып табылады. Осы жерде ғасырлар бойы түрлі халықтар мен этностардың өкілдері өмір сүріп, еңбек еткен. Бұнда, өзара баю мен өркендеуге ықпал ететін, берік мәдени және әлеуметтік-экономикалық байланыстар қалыптасқан.

Мемлекеттік саясаттың маңызды басымдылықтарының бірі – конфессияаралық келісім. Қазақстандық конфессияаралық келісім моделі елдің мемлекеттік-қоғамдық дамуындағы күрделі дінаралық конфигурацияны көрсетеді.

Қазақстандағы барлық конфессиялардың толық құқықтық теңдігіне қарамастан, бұл конфигурацияның орталығында Қазақстанның екі ірі конфессиясы, еліміздегі конфессияаралық тұрақтылықты қамтамасыз етіп отырған – Ислам және Православие тұр. Қазақстандағы барлық конфессиялар арасындағы қарым-қатынас тек тұрақтылық негізінде пайда болған.

Конфессиялардың көп түрлілігі, олардың қызметінің ерекшелігі, әдептердің этникалық құрамы, олардың жастық және білім деңгейлері, бұлардың барлығының жиынтығы конфессияаралық қарым-қатынастың жүйесін құрайды. Әр конфессия мемлекетпен және басқа конфессиялармен өзара қатынасын қалыптастырады. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» (2011 жыл) заңға сәйкес конфессиялар мемлекеттен бөлінген, мемлекет зайырлы болғандықтан, діни бірлестіктердің ішкі жұмыстарына араласпайды, дегенмен ішкі және сыртқы саясатта діни факторларды ескеріп отырады. Бұл Қазақстанның ылғи ауысып отыратын үдемелі өзгеріс шартындағы динамикалық жүйесіне сай конфессиялардың қарым-қатынасы біржола бекітілген тұрақты емес. Қазақстандық конфессияаралық келісім моделі дегеніміз - осы.

Қазақстандағы конфессияаралық қарым-қатынас жүйесі айтарлықтар тұрақты. Сонымен бірге бұл тұрақтылықты сақтап және қолдап отыруымыз қажет, себебі әлемде болып жатқан үдерістер тұрақтылықты сақтауға әркезде мүмкіндік туғызбайды, керісінше тұрақсыздыққа ықпал етеді.

Геосаясат аумағындағы бірқатар ықпалды халықаралық және отандық сарапшылар әлемдегі жалпы тұрақсыздықтың артуына назар аударады, сонымен қатар бұл тұрақсыздық жаһандық сипатқа ие.

Сондықтан бұл жаңа шарттардан конфессияаралық келісімнің тұрақтылығын қалай сақтауға болатындығын анықтайтын заңды сұрақ туынтайды.

Біріншіден, мемлекет пен діндерге бұл салада қол жеткізген жетістіктерді сақтау және конфессияаралық бейбітшілікті бұзуға әкелетін қадамдар жасамау қажет.

Екіншіден, Қазақстан Республикасы еліміздегі өзгеріп жатқан әлеуметтік-саяси жағдайларға сәйкес діни саладағы заңнамаларға қатысты өз заңнамаларының нормаларын өзгертуге құқығы бар.

Үшіншіден, бұл заң діни сенушілердің құқығын шектемеу қажет. Сондықтан, өзгертулер мен толықтырулар дәйекті және үйлестірген болуы тиіс.

Төртіншіден, ЕҚЫҰ, ЕО, ЕКПА, БҰҰ адам құқығы жөніндегі Кеңесі және т.б. осы сияқты халықаралық ұйымдар адам құқығы саласындағы халықаралық заңнамаларды зейін қойып зерттеуде, сол себепті осы ұйымдар дін саласындағы 2011 жылы қабылданған жаңа заңнамаға ерекше көңіл бөлуде.

Конфессияаралық қатынастардың кейбір қағидаттары туралы:

Алғашқы қағидат – барлық конфессия өкілдеріне төзімділік және инабатты қарым қатынас қағидаты, сондай-ақ басқа сенім өкілдеріне төзімді қарым қатынас таныту.

Екінші қағидат – конфессияаралық диалогтың барлық қатысушыларына деген тең құқықтық қағидатты, сонымен қатар барлығының өз ойы мен ұстанымын еркін білдіру мүмкіндігі. Диалогқа қатысушылардың ешқайсысында басқаларға деген басымдылық болмауы керек.

Үшінші қағидат диалогты ұйымдастыру және жүргізуден тұрады, оның барысында:

- басқа дін өкілдерін өз сеніміне қаратуға көзделген ойы, бір діннің басқа дінге басымдылық көрсету әрекеті болмауы керек;

- конфессия өкілдерінің қатынасы өзара түсіністік үшін жайлы атмосферада тудыратын, соқыр наным мен басқа діндерді бұрыс түсіндіруді мақсат етпеуі тиіс;

- барлық адамдар этникалы және діни сенім ерекшелігіне тәуелсіз, барлық адамдардың бейбіт қатар өмір сүруі мен серіктестігі үшін тиімді жолдар мен қолайлы шарттар іздеуге бағытталуы қажет.

1-тақырып. Діннің сипаттамасы

1.1 Дінтану ұғымы және мәні. Дін туралы ұғымның әр алуандығы. Батыстық және Шығыстық діни ғұламалар діннің мәні туралы

Дін - қоғам өмірінің ерекше рухани саласы. Дін – адамдардың Жаратушыға сенім-нанымдарын білдіретін және сол Жаратушыны тануға арналған ілімдер жүйесі. Дін – жаратылыстан тыс бір құдіретті күш бар деп сенуден пайда болып қалыптасқан, адамдар арасындағы қатынастардың, идеялардың, әрекеттердің жиынтығы. Дін ұғымы- мейлінше аумақты , көп нәрселерді қамтитын кең ұғым.

Осы күнге дейін діннің бірыңғай ұғымы берілмеген. Себебі діндер мен діни ағымдар дінге өздерінің түсініктерін берген. Осы тұрғыдан алғанда діннің ұғымдары әртүрлі болғанымен олардың мәні ұқсас болып келеді.

Діннің жалпы ғылыми анықтамаларын былай беруге болады.

Дін – жоғарғы жаратушы және өмір сүруші күшке (құдайға, рухтарға) табынуға негізделген мистикалық көзқарастардың бірлігі ретіндегі қоғамдық сананың формасы.

Дін – (латынша religio - шарапаттылық, тақуалық, қасиеттілік, табыну құралы) сенім түріндегі тиісті тәртіп және ерекше әрекетке (табыну), өмірсүруші (бір немесе бірнеше) құдайларға, «қасиеттілікке» болмаса жоғарғы жаратушы өмірсүрушіге негізделген дүниеге көзқарас немесе дүниетанымдылық.

Дін және сенім деген ұғым бар. Бұл екеуі екі нәрсе. «Дін» сөзінің араб тіліндегі мағынасы көп түрлі: «сыйлық», «үкім», «мойын сұну», «бағыну», «құлшылық», «шариғат», «заң», «жол», т.б. жағдайларды қамтиды.

Дін ұғымы – мейлінше аумақты, көп нәрселерді қамтитын кең ұғым. Жаратылыстан тыс бір кереметке сену (Құдай, Тәңір), дүниеде болып жататын алуан түрлі құбылыстар арасында бір сиқырлы сыр бар деп түсініп, соған нану (магия, тотемизм), кейбір заттарда, табиғатта жоқ қасиеттер бар деп түсініп, оларды кие тұту (фетишизм).

Дін күрделі қоғамдық құбылыс. Діннің мән-мағынасын қаншама ғұламалар ашып көрсетуге талпынған болатын. Дін жөнінде мақалалар, ғылыми еңбектер саны жеткілікті. Қорқыныш-үрей де, сүйіспеншілік те, ата-бабаларды қастерлеу және діни сенімнің өз алдына жеке тұрған бастауы бола алмасы анық. Дінге нақты және бір мағыналы анықтама беру өте қиын. Егер «религия» - (дін) терминіне келер болсақ, латын тілінен дәлме-дәл аударғанда, байланыс, «екінші қайта оралу» дегенді білдіреді.

Цицерон шығармаларында «дін» сөзі халықтың тұрпайы соқыр сеніміне қарсы қойылған ұғым ретінде пайдаланылады. Бұдан шығатын бірден-бір тұжырым, дін деп кез келген сенім түрін айтпайды тек, адамды қасиетті, мәңгілік, тапжылмас құндылықтарымен байланыстыратын сенім түрін айтады. Сенім діннің негізін қалаушы фактор. Сенім қарым-қатынас, байланыс сынды ұғымдармен астарлас жатыр. «Мен Құдайға сенемін» деп айту үшін адам өзін сол Құдаймен байланысты сезінуі қажет, оған бүкіл жан-тәнімен бет бұруы

керек. Сенім белгілі бір мағынада өзін-өзі тәрк етуді, өзін құрбандыққа шалуды білдірері де анық. Адам әлеуметінің ең көне рәсімдерінің бірі құрбандық шалу рәсімі. Осыдан діни наным-сенімдердің қоғамдық қатынастарды реттеушілік функциясы алдыңғы қатарға шығарылған.

Сонымен қатар қоғам өмірінде діннің алар орны ерекше. Өйткені дін әдептілік қағидаларымен қоғам бірлігін, тәрбиелік жүйелерді қалыптастыруда елеулі рөл атқарады. Адам дінге сенген соң, өзгелерге жәбір көрсетуден, тәртіпсіздік жасаудан, ішімдік, есірткі секілді жаман әдеттерден бойын алыс ұстайды. Дінсіз қоғамда тәртіпсіздік пен қылмыс етек жаятындығы белгілі.

Сенім діннің негізін құайды. Сенім әртүрлі болып келеді. Солардың бірі - діни сенім. Сондай-ақ, табысқа деген сенім, жеңіске деген сенім, аурудан жазылуға деген сенім сияқты оның көптеген түрлері бар. Діни сенім, Құдайға деген сенім, Құдайға құлшылық ету сенімі, Құдайдан бұл дүниеде де, ол дүниеде де қандай да бір жақсылық тілейтін психологиялық ұстаным. Діни сенім әртүрлі діндердің, конфессиялардың және секталардың діни ілімдерін оқып үйрену арқылы қалыптасады. Қалыптасқан діни сенім адамды сол сенімнің бағытына мүлдем түсіреді, оны сол діннің кірген адамның сол сенімнен шығып кетуі психологиялық тұрғыдан өте қиын. Мұндай жағдай адамды депрессияға, сенімсіздікке ұшыратуы мүмкін.

Г.Гегель үшін дін абсолютті рухтың сана-сезімі және Құдай рухын адамдардың өз рухы арқылы өзін – өзі сезініп білу.

Л.Фейербах «діннің негізін тәуелділік сезімі құрайды» [1] деп көрсеткен.

П.А. Флоренский: дін – дегеніміз Құдайдың біздің ішімізде өмір сүруі болса, феноменологиялық тұрғыдан дін дегеніміз жанға құтқаруды қамтамасыз ететін әрекеттер мен күйзелістердің жүйесі [2], ал И.Кант: дін – біздің барлық міндеттерімізді Құдайлық өсиеттер ретінде тану деп жазады [3].

К.Маркс және Ф.Энгельс дінге қарсы болды. К.Маркстің пікірінше «дін дегеніміз өзін-өзі таба алмаған немесе өзін қайтадан жоғалтып үлгерген адамның өзіндік санасы және өзіндік сезінуі» [4]. Энгельс: «кез келген дін адамдардың күнделікте өмірінде оларға үстемдік жүргізетін сыртқы күштерді адам санасындағы фантастикалық көшірмесінен басқа ештеңе емес, ол жер бетіндігі күштердің болмысынан тыс формаға енуінің көшірмесі» [5]. К.Маркс пен Ф.Энгельс діннің көп жақтарын зерттеді.

У.Джеймс дін психологиясын зеттеуші америкалық ғалым. «Дін деп жеке тұлғаның сезімдерін, әрекеті мен тәжірибесін айтуға уәделесіп алайық, себебі солардың мазмұны арқылы дінде Құдай деп саналатын болмысқа деген қатынас айқындалады» [6]. Діннің бұдан да басқа толып жатқан ұғымдары бар. Адамзат тарихында діндер үлкен эволюциялық жолдан өтті және олар әртүрлі болды. Жалпыға бірдей ортақ дін болған емес.

Дін қоғам өмірінің рухани саласына жатады. Дінге қоғамдық жүйе оның типі әсер береді. Алғашқы қауымдық құрылыста, құлдық қоғамда көп Құдайшылық өмір сүрді. Адамдар нағыз Құдайды тани білмеді. Біртіндеп адамдар қоғамның өзі Құдайдың біреу екендігіне көз жеткізді. Дін туралы әртүрлі пайымдаулар да болды. Атеистер Құдайды да, дінді де мойындамады.

Дін материалдық нәрсе емес рухани немесе қоғамды идеалистік тұрғыдан түсіну формасы ретінде өмір сүріп келеді. Ал материалдық қатынастар діннің қалыпты өсуіне жағдай жасайды немесе дінді қуғындайды (социализм тәжірибесі). Дін ұғымы – объективті құбылыс. Ол санадан тыс болған және бола береді Дін сананы билейді. Атеистік ұғым тұрғысынан дін – объективті құбылыс емес, ойдан шығарылған құбылыс. Дін санаға тәуелді. Дін мәңгілік емес, Қоғам жоғары даму деңгейіне жеткенде дін өзінен-өзі жойылады.

Дін тарихта саясатқа, экономикаға, әлеуметтік жүйеге, таптық қатынастарға, мәдениетке, ерекше әсер етті. Орта ғасырларда Рим папасы бастаған қасиетті Рим империясы Еуропадағы саясатты белгілеп отырды. Корольдер мен патшалар Рим папасының ықпалымен тағайындалды және босатылды. Ислам мемлекеттерінде бүкіл саяси жүйелер, конституциялар, заңдар шарифатқа сәйкес келуі тиіс. Ұзақ ғасырлар бойы шіркеу отбасылық қатынастарды, әдеп-ғұраптарды, басқа да әлеуметтік мәселелерді шешуді өз қолына ұстады. Орта ғасырларда, қайта өрлеу кезеңінде діннің ықпалымен мәдениеттің, көркемөнердің, ғылымның, мүсін жасаудың, сурет салудың орасан зор жетістіктеріне қол жетті. Бұл христиандық мәдениеттің ықпалынан туындады. Орта ғасырлық Ислам әлемінде де діннің ықпалымен архитектураның, ғылымның, әдебиеттің ақындық өнерінің неше түрлі туындылары мәңгілік өмірге келді. Осының бәрі де Құдайдың құдіретімен жасалды деп саналады.

1.2 Діндердің пайда болуы және оның әртүрлі себептері. Діннің пайда болуы туралы ғалымдардың пікірлері

Діннің пайда болуы қазіргі ғылыми зерттеулер бойынша 40-50 мың жыл бұрынғы тас дәуіріне жатқызылып жүр. Бұл кезеңнің мәдени ескерткіштеріне жан-жануарларға табыну, аңшылықта қолданылатын сиқыршылық белгілері сақталған. Сондай-ақ, сол кезеңде қайтыс болған адаммен бірге еңбек құралдары мен әшекей бұйымдарын бірге жерлеу дәстүрі болған [7].

Алғашқы қоғамдық құрылыстың даму сатысында жер өңдеу мен мал шаруа-шылығы өзара бөлінді. Осы кезеңде жерден мол өнім алуды тілеу және жаңбырдың көп болуы туралы Жаратушыдан сұрау дәстүрлері пайда болды. Сол үшін адамдарды құрбандыққа шалу да жүзеге асты. Ежелгі Египетте Осирис Құдайға табыну, Вавилонда Димузи, Гректерде Диониске табыну пайда болды.

Қайтыс болған тайпа көсемдерінің әруағына табыну осы кезде пайда болды. Өлген соң олардың жаны әруаққа айналады деп түсіндірілді. Ал Египетте мемлекет басқарушы фараондар тірі кезінде-ақ табыну объектісіне немесе құдайға айналды. Осы кезеңде табынуды жүзеге асырушы ерекше қызметкерлер-абыздар пайда болды. Абыздар ежелгі діни рәсімдерді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін ерекше білімді, құпияларды білуші, әруақтармен байланысты қамтамасыз етуші адамдар ретінде танылды [8].

Заратуштрашылдық, зороастризм Заратуштра негізін салған ең көне діни және философиялық ілім. Бұл дін Заратуштра пайғамбардың насихаттық кітабы «Авестада» айтылған Ахұра Мазда ұғымын өзек етіп өрбиді. Осыдан

3000 жыл бұрын Орта Азияда пайда болып, кейін Иран, Ауғанстан, Үндістан, Ирак, Таяу Шығыс елдері аумағына таралған. Қасиетті кітабы - «Авеста». Заратуштра ілімі ізгілік пен қарулықты бір-біріне қарама-қарсы қою арқылы өрбиді, дүниедегі барлық процестерді осы «мәңгілік екі бастаудың» күресімен байланыстырады. Бір ғана Жаратушы Ие-Ахура Маздаға сыйынуды уағыздайды. Оттың адам баласының бойын тазартудағы рөлін жоғары бағалайды [9]. Заратуштраның діні бойынша жаратушы от бейнесінде өмір сүреді, сондықтан олар маздаған отқа табынған. Кейде бұл дінді мазда жолындағылар дейді. Мазда ұғымы маздаған от ұғымынан шыққан болса керек.

Заратуштраның діни-этикалық ілімі, философиялық ой-пікірлері ұзақ уақыт бойы адамзаттың рухани азығы болып келді. Заратуштра идеялары әлемдік діндер мен грек ойшылдарының философиялық жүйелерінің қалыптасуына түрткі болды. Кейін ислам дініндегі сопылық ағым өкілдері де Заратуштрашылдықтың кейбір рәсімдерін қабылдап алып, жергілікті халықтың ежелгі сенімі мен мұсылмандық шарттарын бір-бірімен шебер ұштастыра білді. Әлемдік діни-философиялық дүниетаным мен көзқарастардың бастауы ретінде танылған Заратуштра ілімін зерттеуге дүниежүзінің белгілі ойшылдары атсалысқан. Қазақ философтары Заратуштрашылдық ілімін әлі зерттей қойған жоқ. Қазақ философтарының ішінде заратуштра ілімін зерттеуге С.И.Оспановтың докторлық диссертациясы және оның «Арғытектену негіздері: тәңірлік пен жаратуштралық ілімді зерттеудің ғылыми-практикалық мәселелері» атты монографиясының және Қ.Затов кандидаттық диссертациясының «Зороастризм және қазақ наным-сенім бастаулары» үлесі үлкен [10].

1.3 Алғашқы діндер. Тотемизм. Анимизм. Фетишизм. Магия (сыйқыр). Ежелгі шығыстық (Мысыр), Грек, Римдегі діндер. Зороастризм діні

Тотемизм Алғашқы діндер ұзақ даму эволюциясынан өтті. Қоғаммен бірге дінде дамыды. Алғашқы діндердің бірі тотемизм немесе табыну. Тотемизм - адамдардың жануарларға, ағаштарға, құстарға, аңдарға ерекше бір қасиеттердің иесі ретінде табынуы.

Сонымен қатар түрік тектес халықтардың барлығы да ортақ табынған киелі, тотем жануарлары - әсем марал, көк бөрі, бүркіт екендігі бұрыннан белгілі. Көк түріктер мемлекетінің туында көк бөрінің, қият Шыңғысхан құрған монғол мемлекетінің байрағында сұңқардың суретінің болуы кездейсоқ емес.

Анимизм (лат. anima - рух, жан) - заттық дүние құбылыстарының жандылығын білдіретін термин немесе жансыз дүниенің жаны бар деп түсіну және соған табыну. Анимизм терминін ғылыми қолданысқа ағылшын этнографы және мәдени антропологы Э.Б.Тайлор (1832-1917) енгізген. Анимизмнің көрінісіне қазақы дүниетанымдағы «киелі», «қасиетті» жер бедерлері мен атаулары жатады. Табиғат аясындағы мәдениет үшін қоршаған орта киелі таулардан, құтты өзендер мен көлдерден, ағаш-бұталардан, т.б. тұрады. Ағаштарға киелі деп шүберектер байлап кету және сол ағаштардан қандай да бір жәрдем қорған сұрау анимизмнің белгілері. Анимистік әдет-

ғұрыптар дәстүрлік сипатқа ие болған және олардың ешқандай діни сипаты жоқ.

Анимистік діни ұғымдар солтүстіктің аз халықтарында нанайларда, ненецтерде, эвенкілерде, хахастар, буряттарда, т.б. көбірек кездеседі.

Фетишизм – (французша тұмар, қасиетті күші бар зат дегенлі білдіреді) жансыз материалдық заттар тасқа, ағашқа, сүйекке, малдың бас сүйегіне, тіске, тағы басқаларға табыну, оларды қамқоршы көру. Көбінесе алғашқы қауымдық құрылыс, көне мәдениеттерге тән жансыз заттарға қасиетті деп табыну. Кейінірек тас мүсінді құдай, пұттар, ескерткіштер жасап соларға табыну.

1.4 Тәңірлік діні

Тәңірлік дін туралы тікелей деректер Ғұн заманынан белгілі. Ғұндардың императорын тәңірқұты, қытайша «шанью» деп атады. Ғұн патшасы тәңірқұтыны «Аспан ұлы», «Аспан мен Жерден жаратылған, Күн мен Ай таққа әкелген, ұлы тәңірқұты» деп атайтын. Олар, сондай-ақ әскердің оң және сол қанаттарын басқарды. Олардан төменірек Тәңірқұтының туыстары болып келетін белгілі бір аумақтардың басшылары отырды.

Тәңірқұты таңертең Күнге табынса, кешке Айға бас иетін. Тәңірқұтының мықты орталықтанған мемлекеттік аппараты, то-лып жатқан көмекшілері мен уәзірлері, әскербасылары болды. Тәңірқұтының билігі шексіз болған. Ол әрбір қоғам мүшесін өлім жазасына кесіп жібере алатын. Ғұн патшасын Тәңірдің адамдарға сыйы, құты деп атап, сондықтан оларға Тәңірқұты деген ат берілді. Ғұн мемлекетінде бір Құдайға табынуға негізделген тәңірлік діні пайда болды және қызмет етті.

Көне түріктер «Бір Тәңірі» деп көк аспанға табынған. Тәңір көне түріктердің түсінігі бойынша, жер бетіндегі жанды, жансыз табиғаттың бәрінің үстінен қарайтын, соларды таратушы, соларды жарылқаушы, жазалаушы бір ғарыштық (аспандық) күш. Бұл жағынан алғанда, Тәңір кейінгі мұсылмандық «Алла», «Құдай» ұғымдарына жақын келеді. Ислам діні таралғаннан кейін де түркілердің, оның ішінде қазақтардың Алла ұғымындағы Тәңір сөзін жиі қолдануы олар туралы түсініктердің ұқсастығынан деп түсіну керек. Жалпы, Тәңір діні де Азиядағы ең көне бірқұдайлық дін.

Көне түріктер Тәңірмен қатар Жер, Суға да мінәжат еткен. Бұл олардың тіршілік көзі болуымен байланысты болса керек. Адамның да, малдың да, өсімдіктің де өнуі, өмір сүруі жерге, суға тікелей байланысты. Қазақтың арғы бабалары Күнге, Айға да табынған. Оның сілемдерін қазақтың салт-дәстүр ғұрыптарынан, дүниетанымынан көптеп кездестіруге болады.

Тәңірлік діннің арғы тегінде шаманизм жатыр. Шаманизм дінінің негізгі қағидасы бойынша, дүние түгелімен рухтардан тұрады. Жанды, жансыз дүниенің де рухтары бар. Шаманизмді құраушы діни сенімдердің тотемизм, фетишизм, анимизм, магия түрлері бар. Адамдардың өздерін белгілі бір хайуанаттан таралдық деп түсініп, соларға мінәжат етуі тотемдіктің көрінісі. Қырғыздардың бір бөлігі өздерін бұғыдан жаралдық деп есептейді. Фетишизм - белгілі бір заттың адам өміріне оң ықпалына сену. Қазақ балаға, оның бесігіне,

жүйрік атқа, жасботаға үкі немесе тұмар тағып қояды. Бұлардың бәрі фетишизм сенімі.

Бақсылық Бақсы ежелгі түсінік бойынша тылсым әлеммен байланыс жасай алатын, тәуіптік, балгерлік, сәуегейлік, көріпкелдік, сиқыршылық, т.б. ерекше қасиеттері барадам [11].

Бақсы ертедегішамаң дініне сақталған ұғым. Ол кезгі сенім-наным жан иесі тұрпайы денеден және нәзік болмыстан тұрады. Адам өлген соң жан денені тастап, рухқа айналады. Рух фәни дүниеде түрлі қалыпқа еніп, әрекет жасайды, бұлар табиғат құбылыстарына да әсер етіп отырады деп түсіндірілді. Бақсы тылсым әлеммен байланысқа еніп, ондағы түрлі рухтарды өз қызметіне пайдалана алатын адам. Бақсы гипноздық өнер де көрсете алады. Бақсы бақсылық жасағанда қай жаққа қолын сілтесе, сол жақта 5-10 қадам жерде тұрған заттар қылышпен шапқандай кесіліп кете береді. Киіз үйдің туырлығы тілініп, кірпіш үйдің қабырғасы қақ айырылады. Көрермен жұрт мұның бәрі бақсының «керемет» әрекеті деп біледі. Қылыштың жүзімен жүреді. Шоқ темірді қолымен ұстап, тіліне қариды, өткір пышақпен өз мұрнын өзі «кесіп» тастайды. Ақыр аяғында денесінде бір де бір жара, не сызат, белгі қалмайды. Бақсыларға тән айрықша қасиеттердің бірі – емшілік (тәуіпшілік). Қазақ бақсылары қобызда ойнап, зарлы не қаһарлы үн, әуендер шығару, түсініксіз жыр жырлау, «жынын шақырып» зікір салу немесе гипноздық, т.б. «керемет» көрініс, әрекеттер жасау арқылы науқастың жүйкесіне әсер ете емдейді. Табиғаттың құдіретті күштеріне иландырады, өзіне баурап алады. Ол үшін үлкен табиғи дарын, қасиет керек. Олардың келешекті болжайтынына, адамның тағдырын шешіп, оның ойын сезіп тұратынына, өткен өмірін де ашық айтып бере алатынына, табиғи құбылыстар тудыра алатынына, жын-шайтандарды қуатынына халықтың белгілі бір бөліктері бұрын да, кейін де сенді.

V ғасырдағы ғұн патшасы Еділдің (Атилла) айналасында көптеген даңқты бақсылар болған. Олар әрбір күрделі оқиғаларды күні бұрын болжап, патшаға жеткізіп отырады екен. 451 жылғы Каталаун шайқасының тағдырын бақсылар құмалақ ашып, бірнеше күн бұрын айтып берген. Болжам дәл келген [12]. Қазақта ең атақты бақсы бағаналы Қойлыбай – барлығының пірі, қорғаушысы. Одан соң бағаналы Балақай бақсы, Жанак бақсы, Көкшетау даласында Шөмен бақсы, т.б. болған. Бақсыны басқа тілдерде: шамаң, экстрасенс, мистик, йога, спиритуалист, т.б. деп атайды. Қазақ жеріне мұсылман діні ене бастағаннан кейін ел өмірінде бақсылардың алатын орны мен рөлі төмендеді.

Бақсылықтың нақты қай кезде қалыптасқаны белгісіз. Ислам діні енгеннен кейінде бақсылыққа оның ықпалы болмай қалған жоқ. Адамның науқастанарылуы, сәуегейліктің шынға айналуы бірінші Алланың, одан соң әулие-әнбиелердің, аруақтардың қолдауымен жүзеге асады деген түсінікке қарай біртіндеп ойысты. Ертеде бақсылар ел ішінде кез келген жағдайда көмекке келетін, құрмет тұтқан тұлға болды. Шамаң Тундра аймағында үлкен рөл атқарды.

III. Уәлихановтың және И. Ибрагимов жазбаларында бақсы толғақ қысқан әйелге қаскөй албастыны қамшының көмегімен қуатыны туралы айтылады.

Аруақ – жан денеден бөлек өмір сүреді деген көне ұғымнан туған діни наным бойынша өлген кісінің тіршіліктегі адамдарды желеп-жебеп жүретін жаны (аруағы). Халықта аруаққа, әсіресе тірісінде ел ағасы, рубасы, би, батыр болған қадірлі адамдарды қасиет тұтып, киелі санап, соның аруағына сыйыну салты кең тараған. Ертеде ел қорғауға аттанған сарбаздар майданға кіргенде, жекпе-жекке шыққанда немесе намысқа шапқанда руға, алашқа ұран болған аталар аруақтарына сыйынған. Қазақтар зират маңынан өтіп бара жатып дұға оқиды, алақанын жайып аруақтарға арнап дұға, бата жасайды. Басына күн туып, ел-жұртынан ауып бара жатқандар зираттан бір уыс топырақ ала кетеді. Малға індет тигенде зиратқа түнетеді. Бала көтермеген әйелдер, созылмалы сырқаттар аруақтардан қайыр-шапағат тілеп, басына түнейді.

Қазақта «өлі риза болмай, тірі байымайды» деген мақал бар. Сондықтанда аруақтарға арнап Құран бағышталады, мал сойылып құрбандық беріледі. Олардың молаларына зират жасалынады. Қазақ аруақ сыйлаған халық. Аруақтарды құрметтеу сыйлау қазіргі кезде діни сипаттан көрі дәстүрлік сипатқа ие.

1-тақырыпқа сілтемелер

- 1.Ожегов С.И.Словарь русского языка. – М.,1986. 588 с.
- 2.Фейербах Л.Избранные философские произведения в двух томах. – М.: «Мысль»,1955. – С.421.
- 3.Флоренски П.А.Вступительное слово перед защитой на степень магистра книги «Духовной истине» //Флоренский П.А. Столп и утверждение истины. – М.,1990. Т.І (ІІ). С.818.
- 4.Кант И.Трактаты и письма. – М.,1980. С.282.
- 5.Маркс К., Энгельс Ф.Сочинение 2-е изд. Т.1.С.414.
- 6.Маркс К., Энгельс Ф.Сочинение 2-е изд. Т.20.С.328.
- 7.Джеймс В.Многообразие религиозного опыта. – СПб,1993.С.40.
- 8.Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. – А: «Аруна Ltd» ЖШС,2010. 143 б.
- 9.С.И.Оспановтың докторлық диссертациясы және оның «Арғытектану негіздері: тәңірлік пен заратуштралық ілімді зерттеудің ғылыми-практикалық мәселелері» атты монографиясы. – Алматы: «Арыс» баспасы,2009. – 424 б.
- 10.Қ.Затов кандидаттық диссертациясының «Зароастизм және қазақ наным-сенім бастаулары». – А: «Қазақ ҰУ,1988.
- 11.Ожегов С. И. Словарь русского языка. – Москва,1986. 588 с.
- 12.Философский энциклопедический словарь. – Москва,1983. 576 с.

2-тақырып. Әлемдік және дәстүрлі діндер

2.1 Буддизм дінінің негізін қалаушы Сидхартха Гаутама. Нирвана туралы ілім

Буддизм алғашында монархтардың діні болды. Кшатрилердің әскери касталарының талабын қанағаттандырды. Бірақ Будданың әлемә кейіннен қатты дамыды. Буддизмнің негізгі бастаулары әртүрлі және көп. Олар ежелгі санскрит, тибет, маньчжур, қытай, жапон тілдерінде болды және бір-бірінен өзгешеліктері білінді. Будда дінінің жүйеленуі Гаутама Буддаға байланысты болды.

Буддизм Сиддхартха Гаутаманың ілімінен таралған дін деп есептеледі. С. Гаутама б.з.д. 560 жылдың шамасында солтүстік шығыс Индияда туылған. Оның әкесі Шуддходанна кшатрий кастасынан шыққан раджа болған. Буддизм дінінің шығу себебі сол кездегі Үнді мемлекетінің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дағдарысқа ұшырап жатқан кезі болатын. Будда діні, оның негізгі идеалды көзқарастары таптық қоғамның шығуына, дамуына жол беріп отырды. Сол кездегі рулық - брахман дініне оппозиция болған Будда діні варна-касталық бөлуге қарсы шығып, елдің басын біріктіруге талпынды.

Будда ілімі қандай бір Құдайға немесе адамға табынуға бағытталмаған. Будда құдай емес және Құдай жібірген елші де, ол адамдарды құтқарушы жа, адамдардың күнәсін жуып-шаюшы да емес, Будда бар болғаны адам. Будда - өмірдегі қателіктерден, қиналудан, қараңғылықтан өзін-өзі сүйюші менмендіктен, тойымсыздықтың кері әсерлерінен оянған, басқалардан өте жоғары тұратын сиқырлық күшке ие, жоғары рухани деңгейдегі – адам [1].

Будда ілімі бойынша адам екі нәрседен аулақ болғаны жөн.

Біріншісі - әртүрлі рахатқа, ойын-сауыққа және жан құмарлығына арналған өмір; бұл рухқа қарсы, төмен дәрежедегі, дәстүрге сай емес, алғыссыз және жөнсіз өмір.

Екіншісі - өзін-өзі ерікті қинауға салған өмір; бұл қараңғы, төмен дәрежедегі, дәстүрге сай емес өмір.

Кемелденген адам бұл екі нәрседенде алшақ тұрады; ол ортада жатқан жолды таныған, көз бен ақылды ашатын тыныштыққа, танымға, ақылға, ағартушылыққа, бір сөзбен айтқанда Нирванаға апаратын жол. Бұл жол арқылы Нирванаға тікелей жетудің сегіз сатысы болады: түзу көзқарас, түзу шешім, түзу сөз, түзу әрекет, түзу өмір, түзу ұмытылыс, түзу естелік, түзу өзін-өзі жетілдіру, тереңдету [2].

Будданың ашқан өмір ақиқаты немесе ілімінің негізі - азап шегушілік. Ол төрт игілікті ақиқаттан тұрады. Бірінші ақиқат - өмір сүру азап шегу болып табылады. Екінші ақиқат - азап шегудің себептері адамның тілегі мен құмарлығына байланысты болды. Үшінші ақиқат - азаптан құтылудың жолдары - құмарлықтан құтылу. Төртінші ақиқат - тілектер мен құмарлықты шешу үшін адамдар Будда көрсеткен жолдармен жүрулері керек. Ол жолдар мыналар: Буддаға деген қалтқысыз наным, дінге нұқсан келтірмей дұрыс талаптану, тәртіпті болу, кісі өлтірмеу, адамдармен соғыспай жақсы қарым-қатынаста

болу, өзін-өзі ұстау және аңдап жүру. Қысқаша айтқанда, нирванаға жету. Нирвана деп адамның ерекше жайын білдіретін бүтіндей тыныштыққа бөленіп, айналаны қоршағандардың бәріне енжар қараушылықты атаймыз. Соған жеткен адам қайта туудан құтылып, азап шегушілік тоқталады.

Гаутама діни көзқарасына брахманизм және джайнизм діндері үлкен әсер етті. Бірақ ол өз діни жолын тапты. Өзінің қатаң тақуалық тәртіп жолында медитация әрекеті мен сергектенуге жетті немесе Будда атағын алды. Буддалық дәрежеге жеткен соң, ол әрі қарай тақуалық жұмысын жүргізе берді. Ол Сангха (монах ордені) деген қауым құрды. Ол орден халықтардың садақалық, қайырымдылық көрсетуінің арқасында өмір сүрді.

Сангха болса, Будда ілімін (дхарма) халықтарға жеткізу үшін жұмыс істеді. Алғашқы Сангха бірте-бірте өсіп, дами отырып «Әлемдік» буддизмге айналды. Алғашқы б.з.д. 300 ж. Сангха бірқалыпта дами отырып, одан бірнеше ағымдар бөлініп шығып, айырықша мектептерге айналды. Біздің заманымыздың жаңа дәуірінің басында Сангханың әртүрлі ағымдарынан екі үлкен мектеп пайда болды. Олар: Хинаяна (кіші күйме) және Махаяна (үлкен күйме). Хинаяна Тхераведа (ескі өсиеттік жол) көзқарасын дамытты. Махаяна әлемге деген жаңа көзқарастықпен дамыды.

Қазіргі кезде буддизмнің үш ағымы бар. Олардың діні, әдет- ғұрыптары, догмалары бір-бірінен айырмашылығы өте зор десек те болады. Бұл ағымдар: 1) Үнді-буддизмі - Тхеравада немесе оңтүстік және шығыс-оңтүстік буддизмі. 2) Дао буддизмі - махаяна немесе үлкен күйме, Қиыр Шығыс буддизмі. 3) Тантрикалық буддизм – ваджраяна немесе Орта Азиялық буддизм.

1.Тхераведа ағымы - (ескі жол) будданың салт жолы. Ұстаздың бейнесін жай құрмет етудің орнына тәңірге айналдырылған Буддаға табыну Үндістанда етек алды. Мифтік аңыздарда Гаутаманың жүрген жерлері, айтқан сөздері барлығы киелі болып көрсетіліп, сол жолмен жүру керек дейді. Қатардағы буддистерді сергектену жолындағы жұмысы, жақсы жиған еңбегі бойынша бағалайды. Сол себептен Оңтүстік және Шығыс-Оңтүстік Азиядағы монастырдың рөлдері биік болды. Осыған байланысты Тхераведа ағымы немесе хинаяна үнді мемлекетінен басқа елдерге жақсы таралған жоқ.

2.Махаяна ағымы (үлкен күйме, ұлы жол) - сергектенуге және нирванаға баратын жол, барлық адамға ашық, тек монах тәртібін сақтау мен будда жолы және бодхисаттардың жәрдемі керек дейді. Сол себептен, бұл ағым бодхисаттардың пір тұтып, данышпандық рөлдерін өсіреді. Олар нирванаға қатардағы адамдарды жеткізуге жәрдем береді. Махаянада көптеген діни қауымдар пайда болды.

Хинаяна Хинаянаны теоретикалық негіздеу барысында негізгі рөлді дхармалар туралы ілім атқарды. Оны ірі Ресей буддологы Ф.И.Щербатской (1866-1942) «буддизмнің орталық концепциясы» деп атайды. Дхармалар - танылмайтын (Канттың «өзіндегі заты» сынды) жалғызділікті мәндер әрі солар ғана бұл дүниеде ақиқат. Дхармалар туылмайды да, жоғалмайды да. Олардың саны шексіз. Әрбір дхарма белгілі бір қасиеттердің өзгермейтін жинағына ие. Барлық жалғызділікті дүниелер сияқты, дхармалар тиісті немесе тиісті емес

болмыста болады. Адам мен оны қоршаған әлем тыныштық күйіндегі емес, «қобалжыған» қозалмалы дхармалардың көріністері арқылы құрылады. Мұндай көріністер комбинациясы азғана уақыт мерзіміне, бір сәтке ғана құралады. Содан кейін дәл сол немесе сәл басқаша құрастырылған дхармалар көрінісінен мүлдем басқа комбинация жасалады.

Ендеше, кеністік пен уақыттағы орын алған және бар «заттар мен істер», буддалық терминологияны пайдаланар болсақ, дхармалар көріністері бірін-бірі шексіз алмастырып отыр. Осындай онтологиялық алғышарттардан туындайтын дхармалардың тиісті болмысы - абсолютті тыныштық, «қобалжусыз» күй. Ол ешқандай қосындының пайда болмағандығын білдіреді. «Заттар мен жұмыстардың» болуы, яғни адам мен қоршаған әлемнің болуы өздігінен дхармалардың «қобалжуының» куәсі, яғни олардың тиісті емес болмысының куәсі. Ал ол дегеніміз қасіретпен тең күй. Қасіреттен арылу дхармалардың «тынышталуы», «байыз табуы» деген сөзү Тыныш табу адамның тіршілігінің тоқтауын, демек, оның қайта-қайта дүниеге келудің шеңберін үзіп шығуын білдіреді. Дхармалардың «тынышталуы», яғни адамды құрастырушы бөлшектердің «байыз табуы» дегеніміз нирванаға жету күйі. Нирвана – адам болмысына қатысты «өзге болмыс». Ендеше, сансара мен нирвана ешқашанда бір-біріне сәйкес келмек емес. Дхармалардың «тынышталуы» және «өзге болмысқа» өту, яғни Нирванаға қол жеткізу жолы бар. Сонымен, хинаян философиясында түпнегізді дүние - дхармалар туралы ілім.

Көне философиялар үшін болмыстың қандай да бір бастапқы негізін, элементтерін іздеу тән. Буддисттік философтардың ойлары да сол арнада жүріп отырған. Бірақ алғашқы элементтерін іздеу тән. Буддисттік философтардың ойлары да сол арнада жүріп отырған. Бірақ, алғашқы элементтер туралы басқа да көптеген философиялық жүйелер (еуропалық, антикалық, көнеүнділік) көзқарасы мен хинаянаны ұстанушылардың дхарманы талдауындағы түбегейлі айырмашылықты баса айту керек. Дхармалар ешқашан материалдық, заттық мәндер ретінде түсіндірілмеген: күнделікті (нұрланбаған) санада «тәні мен формасы» бар болып қабылданатынның барлығы іс жүзінде дхармалардың белсенділігінің нәтижесі болып есептеледі (солай деп тұра, буддалық ғұламалардың арасында дхарманы материяның бөлшектері деп ұғынуға саятын үрдістер де бар екендігін айта кетелік). Дхармалар туралы ілім хинаялық философияның компедиумына «Абхидхармакоша» деген үнділік будда философы Васубандхудың (V ғ.) трактатына тартыла өрі толықтырыла жазылған. Бұл шығарманы буддизмнің таралу аймағының барлық жерлерінде Шри-Ланкадан Жапонияға дейінгі аралықтағы адамдар оқып, білген.

Дхармалардың комбинациялары уақытта шектеусіз және кеңістікте шексіз «заттар мен істер» ретінде қабылданатын композицияларды құрайды. Олар бір-бірімен өзара байланыста болады (санскр. «пратитья - самутпада»). Сол себептілік арқасында Васубандху мен басқа да хинаяналық философтар күнделікті санаға біртұтас болып көрінетін «феноменалды» болмыстың пайда болуы мен тіршілігін түсіндіреді.

Дхармалардың шексіз көп мөлшерін Васубандху 75 түрге апарып саяды. Олар өз алдында тағы да басқа түрлі белгілеріне қарай топтастырылды. Ең алдымен дхармалар екі түрге бөлінеді: «болмыстың ықпалындағы» (санскр. «санкрита») және «болмыстың ықпалындағы емес» (санскр. «асанскрита») дхармалар (1). О.О.Розенбергтің анықтамасы бойынша, болмыстың ықпалындағы дхармалар төрт процеспен - туу, тіршілік еті, өзгеру және жоғалумен байланысты. Олар әр сәт сайын болып жатады. «Болмыстың ықпалындағы емес» дхармалар аталған процестермен байланысты емес, олар - тыныш, Розенбергтің айтуы бойынша, «болуға» жаралмаған (2).

Тірі жанды сақтап қалу, демек, нирванға жету дхармалардың «толқуының» бітуінде жатыр, яғни оларды тыныш күйге жеткізу деген сөз. Соның салдарынан олар тұлға құрайтын композиция жасай алмайтын болады. Дхармалардың тынышталуы тұсында адамдар шыр айналып жүрген қайта туу шенбері жойылады. Сонда дам өзінің тіршілігін тоқтатады. Дхармалар арасында, жоғарыда атап өткендей, «толқитындары» және «толқымайтындары» бар. «Толқитындарға» тыныштық күйдегілері (яғни «болмысқа жатпайтындары») кіреді. Олар дхармалардың жалпы ағысында болғанымен де, олардың комбинацияларының көріністеріне қатыспайды. «Толқымайтындардың» қатарына кейбір «болмысқа жататындары» да кіреді. Дәлірек айтар болсақ, буддистер көзқарасы тұрғысынан оң психикалық күйде болушыларға бірінші болып «дін көзі ашылу» күйіндегілер кіреді (3). Қалған дхармалардың белсенділігі адамның жалған дүниедегі болмысын анықтайды.

Дхармалардың көріністерінің барлық комбинацияларын, жалпы алғанда, екі түрге бөлуге болады - «сезімі бар әлем (әлде сфера)» құраушылар, яғни тірі жандар мен «құмыра - сфера» құраушылар, яғни тірі жандарды қоршаған әлем, олардың мекен ету ортасы. Осы екі «сфералар» үйлесімді бірліктегі біртұтастықты құрайды және ол өте күрделі ұғымға ие. Дегнемен, басты назарды ол «сезімі бар әлемге» аударды, өйткені тірі жан – құтқарудың ең бірінші әрі тіпті, жалғыз деуге болатындай нысаны. Дхармалардың кешенінің және комбинацияларының көріністеріне байланысты барлық «сезімі барлар» төрт топқа бөлінеді:

- 1.«жатырдан шыққандар»,
- 2.«жұмыртқадан шыққандар»,
- 3.«ылғалдан пайда болғандар»,
- 4.түр өзгертулер нәтижесінде пайда болғандар»

Дхармалардың «толқулары» әрбір тірі жанның қандай да бір бес «әлем - күйлердің» болатындығына жағдай тудырады:

- 1.«тозақтық»;
- 2.«аш рухтық»;
- 3.«жануарлық»;
- 4.«адами»;
- 5.«құдайи»

Осы күйлердің барлығында (әрине, алуан түр өзгерістерде) «бір-біріне айналу жолы мен дүниеге келгендер» ғана (құдайлар, рухтар, жын-перілер және

т.б.) бола алады. «Жатырдан шыққандар» (адамдар, хайуандар) екінші, үшінші және төртінші күйлерде бола алады: «жұмыртқадан шыққандар» мен «ылғалдан пайда болғандар» (балықтар, бауырмен жорғалаушылар және т.т.) - үшінші және төртінші күйлерде болады. Әрине, қайсыбір «әлемге» кіру себебі қандай, неде деген сұрақ тұрады немесе, басқаша айтар болсақ, кәдуілгі сананың (ол да белгілі бір дхармалар кешенінің көрінісі болып табылады) қайсыбір күйде болуы ретінде қабылданатын дхармалардың көріністерінің конфигурациясына не себеп болады деген сұрақ қойылады. «Әлемдерде қанғып жүрудің» себебі екі топқа бөлінеді: «іштей тиесілі» және «сырттай тиесілі» топқа. Біріншілеріне «іс-әрекеттер» жатса, екіншісіне «адасулар» жатады.

«Іс-әрекеттер» немесе карманың эквиваленті түрлі белгілерге сай жіктеледі.

«Іс-әрекетті» жасаушылар сипатына сай үш топқа бөлінеді: 1) «тән ісі» (кез келген физикалық іс-әрекеттер); 2) «ауыз ісі» (демек, сөз); 3) «ой ісі». Өз кезегінде олардың әрқайысы он жақсысы мен он жаманына тағы бөлінеді.

«Адасулар» екі топқа бөлінеді: «негізгі» және «қосымша». «Негізгі адасулар» саны - он: көрсеқызарлық, ашушандық, мақтаншақтық, күмәншілдік, аурулар мен буддалық көзқарас тұрғысынан дұрыс емес түрлі нәрселер. «Негізгі адасуларды» одан ары қарай да бөлшектеп жіктеу бар. «Принципке» қатысты адасулар, яғни «төртақиқай арқылы берілген тірі иелерінің болмысының негізгі заңы мен «іс-әрекетке» қатысты (қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс) адасулар. «Қосымша адасулар» - «негізгілер» көрінгенде пайда болатын адасулар саны 98, демек, алдыңғысы мен кейінгісін қоссақ, жалпы саны 108 болады.

Хинаянаның теоретиктері, әсіресе, Васубандху дхарманың «істер мен заттардың» әлеуетті проценттер ретіндегі жіктемесіне бүге-шегесіне дейін даярлаған. Дхармалардың көріністерінің комбинацияларының құрылымының механизмі, кез келген комбинациялардың пайда болуының себептері тәптіштеп келтірілген. Хинаяналық философтардың бұл пайымдаулары алғашқы екі «ізгі ақиқатты»: «барлығы қасірет», «қасіреттің өзіндік себептері бар» дегенді негіздейді.

Қайта туылу шенберінен шығу, яғни дхармалардың «тынышталуы» екі шартты орындаған жағдайда ғана – мүмкін болмақ. Бірінші шарт – «жоғары даналыққа» (санскр. «праджни») ие болу. Бұл даналық «Занды білуден» тұрады. Соның арқасында төрт «ізгі ақиқаттарға» қатысты «тілек» сатысындағы адасулардан ажырау мүмкін және қалған екі сатыда пайда болатын «адасу» түрлерін білу мүмкін.

«Білімнің» екі түрі одан гөрі тереңірек әрбір «ізгі ақиқаттарға» қатыстықты адасушылықты жеңіп шығу туралы төрт «білімге» бөлінеді. Солардың ішінен «толық білім» мен «туылмағандық туралы білім» айрықша бөлініп алынады.

Көзі ашылу үшін міндетті түрде қажетті шарттың бірі – медитация мен серт сақтау. Медитацияның мақсаты – адамның психикалық күйін өзгертуде, себебі күнделікті сана денгейінде «жоғары даналыққа» ие болу мүмкін емес.

Демек, қайта дүниеге келуден шығу да мүмкін емес. Хинаянада медитацияның жеті түрі келтірілген. Олардың ішіндегі ең тиімдісі «таза қадалу, көңіл аудару» немесе «қобалжымауға» қадалу, көңіл аудару: бұл медитацияның нысаны – дхармалардың «тынышталғандығы», яғни нирвана күйі.

Буддист көптеген қайта дүниеге келу барысында жүзеге асыратын діни практика нәтижесінде «архатқа» айналады, яғни әулиеге айналады. Әулие барлық «адасулардан» толығымен арылған, яғни осы әлемде қандай да бір байлауы жоқ адам. Өмір сүру барысында архат «қалдық қалған Нирвана» күйінде болады, өйткені оның физикалық тәні бар (тән дегеніміздің өзі «қалдық»). Өлгеннен соң, яғни физикалық тәні ыдыраған соң, ол «қалдықсыз нирванаға» енеді, сөйтіп ешбір басқа түр-әлпетте бұдан былайқайта туылмайды. Себебі оның алдындағы қайта-қайта жаратылуына себепші болған дхармалардың «толқуы» толығымен «тынышталады».

Қайта туудың шеңберінен шығу жолдары туралы пайымдаулар үшінші және төртінші «ізгі ақиқатты» - қасіретті болдырмау мүмкіндігі мен одан айырылу жолын негіздейді.

Махаяна Құтқарылуды махаяналық тұрғыдан түсіну танымал буддалық қағидаларды қайта қарау мен жаңаларын құрастыруымен белгілі. Біріншіден, махаяналықтар Абсолют концепциясын ұсынады. Абсолютті олар атрибутсыз және рационалды түсінуге келмейтін, бірақ нағыз шындық деп түсіндірді. Дхармалар, басқа да жеке мәндер сияқты, «өзіндік табиғаты» жоқ, яғни шартты түрдегі шындық деп жарияланды.

Екіншіден, махаяналық теоретиктер, хинаяна теоретиктеріне қарағанда, Будданы сәл басқаша түсіндіреді. Хинаянада Будда – бес жүзден астам қайта жаратылулардан кейін жер бетінде тіршілік ететін тірі жан иелеріне төрт «ізгі ақиқатты» ашу маңдайына жазылған адам. Махаянаның ұстанымы тұрғысынан алғанда адамдардың Будда ретінде Шакьямуниді қабыл алғаны – «Дхарма тәні» деп аталатынның көрінісі, эманациясы. «Дхарма тәні» - заттық дүние емес, кеңістік пен уақытта шексіз, бәріне енетін әрі өзі ілкі текті, Будданың мәндік қыры. Осылайша, бастапқыда Будданың екі одан соң үш «тәні» туралы ілім қалыптасты. Ол – махаяна буддизміндегі маңызды ілім. Ақыр аяғында, Абсолют пен Будданың «Дхарма тәнінде» теңестірілуі орын алды.

Нирвана да Абсолютпен теңестірілген. Осылайша, осы нақты жердегі әлемде өмір сүруші әрбір адам (өзі сенбесе де) нирванада болған. Демек, нирвана ендігі жерде дхармалардың «тынышталуы» мен фәни дүниенің аяқталуы деп саналмайды. Нирванаға жету феномендер (материалдық болсын, рухани болсын) әлемінің елес дүние екендігінен құтылу, арылу, сөйтіп «істер мен заттар» сынды қасірет көздерінен еркіндік алу. Нирвана енді буддист психикасының белгілі бір күйі ретінде ұғынылады, сондықтан да махаянада психологиялық фактордың функционалдық рөлі қатты артады.

Үнді философтарының шығармаларында негізгі принциптері тұжырымдалған классикалық махаяна екі бағыт арқылы танымал – мадхьямака (шуньявада) мен виджнянавада (йогачара). Мадхьямакидің жетекші теоретигі (шындап келгенде – оның негізін салушы) – ірі үнділік будда философы

Нагарджуна (I-II ғғ.), ал виджнянаваданың негізін салушы – үнділік будда философы Асанга (IV ғ.) және Васубандху (өзінің кейінгі іс-әрекеттерінде). Нагарджуна мен оның ізбасарлары басты назарды жекеленген мәндердің шартты (салыстырмалы) шындығы (ақыр соңында елес шындығы) туралы махаяналық тезиске аударды. Виджнянавадиндер қандай да бір құбылыстың қиял-елестер пайда болу процестерінде шешуге тырысты.

Махаяна арқылы буддалық философия ең жоғарғы гүлдену шегіне жетті. Бұл бағыттың теоретиктері өздерінің ілімдерінің негізгі қағидаларының шындығын дәлелдеу үшін көп күш салатын. Оның үстіне, хинаяна өкілдерімен күрес те, махаянаның өз ішіндегі мектептер арасындағы күрес те, ол аз болса – Үндістандағы және оның сыртындағы буддалық емес діни және философиялық жүйелер өкілдерімен күрес те соған ынталандыратын.

Мадхьямаки доктриналарын құрастырудағы бастапқы нүкте жалпылама себептілік туралы заңды қайта ой-санадан өткізу, яғни «пратитья-самутпаданы» сараптау болды. Осы маңызды сұраққа қатысты Нагарджунаның пайымдау қисынын былайша көз алдымызға елестетуге болады.

Ең алдымен, анықтама мен анықталатын дүние арасындағы етене, үйлескен байланыс анықталған: барлық «заттар мен дүниелер» міндетті түрде әйтеуір бір көрініс табады, яғни оның сыртқы бейнесі болады, ал кез келген анықтама әлденені сипаттайды. Демек, атрибутсыз мән жоқ және мәнсіз атрибут та жоқ. Әйтсе де, барлық «іс-әрекеттер мен заттар» тек бір-біріне қатысты ғана аталына алады, анықталына алады. Сондықтан Нагарджуна «егер де «өзі» болмаса (оны субъект – биномның бірінші мүшесі деп түсіндіруге болады), онда «ол» да (яғни биномның екінші мүшесі - объект) жоқ» («Мадхьямака - карика») дейді. Демек – әрі бұл өте маңызды нәрсе – әлдене белгілі бір бастапқы нүкте болғанда ғана анықталады, ал ол өз кезегінде келесі бір бастапқы нүкте болғанда ғана анықталады, ал ол өз кезегінде келесі бір басқа нүктеге қатысты анықталады, сөйтіп шексіз кете бермек. Абсолютті бастапқы нүкте жоқ. Ары қарай, кез келген атрибуттың артында одан бөлінбестей мән тұруы тиіс болса, онда соңғысы, яғни мәннің өзі (атрибут сынды) де – салыстырмалы дүние. Ол – нағыз шындық емес.

Ендеше, кез келген жеке дүниені (дербес, басқадан бөлектенген) басқа бір жеке дүниеге қатысы бар нәрсе деп атауға болады. Нагарджунаның оларының барлығының пафосы, екпіні мадхьямиктер үшін маңызды нәрсені дәлелдеуге арналған болатын. Солардың артынша махаянаның басқа мектептерінің теоретиктері үшін де жеке дүниенің, яғни дхармалардың түптің түбінде ғайыптығы (шындық еместігі) туралы қағиданы дәлелдеуге бағытталған.

Нагарджуна қозғалыс, тыныштық, субстанция, сапа, уақыт, өзгеріс, себептілік, «мен» категорияларын, сонымен қатар Будданың адам бейнесінде басқа еш нәрсеге қатыссыз көрінуінің мүмкіндігін мұқият, ықтиятты сараптан өткізген, сөйтіп ештенені өздігінен атауға болмайтындығын көрсетті, басқаша айтар болсақ: «ештене өздігінен дербес тіршілік етпейді, себебі барлығы себеп пен салдардың шексіз легіне негізделген».

Сонымен, «заттар өз-өзінен туылмайды (пайда болмайды) (сөзбе-сөз айтар болсақ – өз тәнінен өзі); олар міндетті түрде іштей және сырттай тиесілі себептерді күтеді», - дейді Нагарджуна. Ендеше, «заттар түрлі себептерден пайда болады және сондықтан да өзіндік жаратылысқа ие емес. Ал егер олардың өзіндік жаратылысы жоқ болса, онда ол заттар қалай тіршілік ете алады?». «Егер де заттар (түрлі) себептерден туындамаса, олардың өзіндік жаратылысы болған болар еді».

Мадхьямака жекеліктің, оның ішінде дхарманың нағыз шындығын жоққа шығарумен ғана шектелмеген. Іс жүзінде шартты, салыстырмалы шындықтың артында нағыз шындық (санскр. «татхата» - осындайлық) тұр. Нагарджунаның пайымдауларынан нағыз шын деп өзіндік жаратылысы бар «мән» танылады, ол себептілік (үйлестік) байланыста тұрған шартты шындықтың дәлелдемесінен осындай қорытынды шығып тұр.

Осылайша, пайымдаулар жүйесінде Абсолют ұғымы пайда болады. Абсолют ұғымы пайда болады. Абсолют дегеніміз шартсыз әлдене және сондықтан да ол – нағыз шындық. Әрине, мадхьямтеоретиктері алдында Абсолюттің мәнін анықтау мүмкіншілігі мен оның феноменалды болмыспен қатынасы туралы сұрақ тұр. Осы қиын мәселелерді шешу үшін Нагарджуна «шунья» («бос кеңістік», «күр бостық») категориясын енгізеді.

«Шунья» - өте терең ұғым және де бұл ұғымның мәнін тек айтылған сөздің жалпы контекстінде ғана анықтауға болады. «Шуньяның» көмегімен жеке мәндер (дхармалар) де, Абсолют те сипатталады. Демек, егер сөздің дәл мағынасын алатын болсақ, олар – «бос». Бірақ философиялық тұрғыдан «шунья» ешқашан да дәп-дәл күр бос кеңістік немесе бейболмыс дегенді білдірмеген. «Шуньяның» қазіргі буддологияда басым кездесетін, дереккөздерге сай түсінігін енгізуде ғалым Ф.И. Щербатской көп еңбек сіңірді.

Бірінші кезекте «шуньяны» қандай да бір феноменнің мәнділік сипатының жоқтығы деп түсіндіру керек және соған сәйкес шынайы мәннің жоқтығы деп, тек қана салыстырмалы мәннің барлығы деп түсіну керек. Екінші кезекте «шуньяда» атрибутсыздық мағынасына екпін түсіріледі, яғни жалпылыққа анықтама берудің принципіалды түрде мүмкін еместігіне назар баса аударылады. Бұл мағынасында Абсолют – бос, «оның алдында сөз тоқталады».

Ақыр соңында, Абсолют («нағыз шындық») бір жаннан ажыратылмағандық, іштей кереғар еместік тұрғысынан алғанда «шуньятаға», «бос кеңістікке» тепе-тең деп танылған. Екінші жағынан, шартсыздық, абсолютті тұтастық тұрғысынан да «шуньятаға» тепе-тең деп танылған. Дегенмен де, абсолютті болмыс («нағыз шындық») феноменалды болып көрінеді. Мадхьямиктер айтпақшы, оны «уақытша атаулар» арқылы қабылдар болсақ және, керісінше, егер соңғыларынан «асып түссек», онда болмыстың нағыз мәні ашылады. Т.Р.В. Мурти айтқандай, бұл жағдайда айырмашылық онтологиялық емес, эпистемологиялық айырмашылық болып табылады.

Мадхьямиктер үшін абсолютті тану мүмкіншілігі туралы сұрақ аса өзекті мәселе болып табылған еді. «Нағыз шындықты» көрудің жалғыз ғана жолы

«праджня» - қайсыбір жоғары даналық, интуитивті конструкциялар жиынтығымен жұмыс істейді. Олар принципиалды түрде нағыз шындықты «қосарландырады, екілендіреді». Мадхьямиктер түсінігі бойынша, тұтасты бөлу зерденің жаратылысының өзіне тиесілі. Зерденің, бір жағынан алғанда, Абсолютті танитындай қабілеті жоқ. Ал басқа жағынан алғанда, ол өзінің қандай да бір концепциялар (басқаша айтсақ, салыстырмалы анықтамалар) арқылы көрініс табатын іс-әрекет жемісін болмыстың шынаы бейнесі де салады. Бұл көқарас тұрғысынан абсолют туралы кез келген тұжырымдамалар («заттар мен істер» туралы да) ең жалпы дегенінен – «бар» әлде «жоқ» дегенінен – бастап жалған деп жарияланды. Дәл осы тұстан иррационализм және, әрине, оған сай мистицизм де орын алатындығын айта кету керек. Ол әсіресе, махаяна буддизміне тән қасиет. Оның тәмәмдалған көрінісін чань (дзэн) – буддизмнен табамыз.

Махаяналық сутралар қатарында (мысалы, Аштасахасрикасутрада) Будданың ең биік даналығы ретіндегі праджняның «Дхарма тәніндегі» Будданың өзімен теңдігі идеясы эксплицитті түрде (жасырын түрде) көрініс табады. «Праджня» тіршілік иесінің абсолютті тануға қабілеттілігі ретінде түсіндірілмейді, сол тірі жанға о бастан тиесілі және белгілі бір жағдайларда оған ашылатын қасиет ретінде түсіндіріледі. Осылайша, келесі теңдестіктер тізбегі құралады: «татхата» («нағыз шындық», Абсолют) – «праджня» («жоғары кеменгерлік», интуитивті білім) – Будда («Дхарма тәніндегі»). Осылардың барлығының да атрибуттары жоқ болғандықтан, олар «Шуньята» (бос кеңістік) ұғымының көмегімен сипатталады. Будданың және «Праджняның» онтологизациясы «Дхарма тәнін» (демек, «жоғары даналықты») жалпы болмыспен идентификациялауға әкелді. Бұл көзқарас тұрғысынан алғанда, жеке тіршілік етуші және түрлі болып көрінуші «заттар мен істер» «Дхарма тәнінің» көзге көрінерлік бейнелері болып табылады.

Будданың («Дхарма тәніндегі»), «Праджня» мен жалпы болмыстың тірілуі нирвананың жаңаша түсінігін анықтайды. Ол түсінік махаянаның барлық мектептеріне дерлік ортақ түсінік еді деуге болады. Ол Будда іліміндегі осы бір маңызды категорияны даярлауды ынталандырды.

Мадхьямиктердің «істер мен заттар» арасындағы көпе-көрнеу ғана айырмашылық бар екендігі туралы пайымдауларының сезіммен қабылданатын әлем, барлық жалқылық болмысы (яғни сансара) мен нирвананың теңдігі туралы өте маңызды тұжырым шықты. Өз кезегінде, болмыстың барлық деңгейлері Будданың «Дхарма тәніндегі» көрінісі болғандықтан, бұл мінездеме, сипаттама нирванаға да қатысты. Ендеше, нирвана мен Будда бір нәрсенің түрліше аталуы дейді Ф.И. Щербатской. Демек, болмыстың «сансаралық» деңгейінде тұрғанның барлығы да өз бойында Будданың түп мәнін (жаратылысын, табиғатын, әлеуетін) ала жүреді. Бұл шешім махаяналық мектептің басқа да ілімдері қатары мен сотериологиялық доктриналарды даярлау үшін аса маңызды болған.

Нирвана да, болмыстың басқа да деңгейлері сияқты «бос» («шунья»), яғни оның ешқандай мәндік сипаттамалары болуы мүмкін емес. Сондықтан да

мадхьямиктер нирвананың ешқанда оң анықтамаларын берген емес. Ал оның «арнайы бір белгісі», яғни түрі туралы Будда, нагарджунаның айтуы бойынша, «адамдар үшін» уағыз таратқан. Басқаша жеткізер болсақ, нирванаға «уақытша аттар» берген.

Мадхьямақа барлық тірі жандарды сақтап қалу мүмкіншілігінің бар екендігін мойындай алады. Ол Будда – Абсолют концепциясынан шығып тұр. Бірақ сансара мен нирвананың теңдігін тану, сөтіп сол арқылы нирванаға жету өте қиын іс болып есептелген. Құтқарылу процесінің шапшандығы көптеген факторларға және де, ең алдымен, адамның өз басына байланысты. Кейбіреулердің бір мезеттің өзінде-ақ ккзі ашылмақ, бірақ көпшіліктің көзі ашылу үшін қажетті сипаттары пайда болады дегенше бірнеше дүниеге келулерден өтетіндей мерззім керек.

Виджнянаваданың философиялық негіздемелері қатал иерархиялық бір-біріне бағыныштылықта құралады және дхармалар ағысы ретінде елестетілетін феноменалды болмыстың талдауынан басталады. Виджнянавадиндерге дхармалардың жүз шақты түрлері белгілі: олар, хинаянаның философтары сияқты, дхармаларды сол категориялар арқылы топтастырады.

Санаға қатысты дхармалар виджнянавадада сегіз түрлі деп көрсетілген (естеріңізге сала кетейік, хинаянада – біреу) және олар сананың үш тобын құрайды. Ең алдымен дхармалардың алты түрі бөлініп алынады. Олар естіген, көрген, сипап сезген, иіскеп білген, дәмін татып көрген және менталды орган арқылы көзге елестетілгенің пайымдалуын шарттайды. Сананың бұл түрін «алты сана» деп атайды.

Екінші топ – жалпылаушы, концептуализациялаушы сана (санскр. «манас»). Ол алғашқы «алты санадан» алынғанды пайымдау нәтижелерін жүелендіреді, «істер мен заттарды ажыратуды» орындайды, субъект пен объектілерді бөліп қарайды және де ақыр аяғы – оларды логикалық құрастыру көмегімен дәлелдейді.

Үшінші топ – «қойма-саны» (санскр. «алая-виджняна»). Онда түсініктер «ұрығы» сақталады: сол «ұрықтың» дәл өзі «заттар мен істердің» барлықтары туралы елес-қиялды тудырады. «Алая-виджнянаны» түсіндіруде үнділік буддалық бағыттағы авторлар шығармалары бірізділік танытпайды. Кейде ол Абсолютпен («татхамен») теңестіріледі, кейде – феноменалды болмыс категориясы сипатында – өз бойына жалқы мәндерді жинақтаушы ретінде қарастырылады. Ақыр аяғында, «алая-виджняна» жеке сана ағысы ретінде алыналы. Сананың үш тобы, ең кең түрде, былайша анықталды: олар – бірінші топ; зерде (ақыл-ой) – екінші топ; сананың өзі – үшінші топ, яғни туптеп келгенде, адамның психикалық қызметінің иерархиясы (баспалдақты бағыныштылығы) құрылып тұр.

«Алая-виджняна», ең алдымен, «ұрықтар» қоймасы. Ұрық қайсыбір күш, әлеуметтік мүмкіндік, пайда болудың себептік факторы, дәлірек айтсақ – дхармалардың «қойма-санадан» көрінуі. «Ұрықтар» алғашқы төрт категориялардағы дхармалардың пайда болуын, яғни «болммысқа қатысты» дхармалардың пайда болуын шарттайды.

«Алая-виджняна» өз-өзінен бейәрекетті әрі ондағы сақталынатын «ұрықтар» тыныш күйде тұрады. «Ұрықтарды» әрекетке келтіру үшін сыртқы себеп, ықылас, қайбір қайраткер керек. Сондай қайраткер рөлін концептуализациялайтын сана атқарады, яғни виджнянавадиндердің жіктемесіндегі екінші топтағы сана атқарады. Ол «алты сана» мен «алая-виджняна» арасындағы дәнекер болып табылады және «қоймадан» «ұрықтарды» шетінен шығарып тұрады.

Сол «ұрықтармен» сана арқылы шартталған дхармалар конфигурациялары – «Манас» - «алты санамен» қабылданады. Нәтижесінде кәдімгі адам өзінің жеке «мәнін» сезінеді және күнделікті сана деңгейінде айналадағыларын, ондағы барлық болып жатқан оқиғалармен қоса, өз әлемі ретінде қабылдайды. Кері байланыс принциптеері бойынша, бұндай ақпарат екінші топтағы санаға келіп түседі, сөйтіп одан «ұрық» күйінде, будда терминін пайдаланар болсақ, «алая-виджнянаға» қуылады.

«Ұрықтарға» олардың барлықтарына ортақ мынандай қасиеттер телінеді: 1) олар бір ғана мезетке көрінуі мүмкін, жаңа «тұқымдардың» пайда болуы бір сәттен көбірек уақытқа созыла алмайды; 2) «ұрықтар» өздерінің көрінуі нәтижесінде пайда болған нәрсемен мезеттес көрінуі де мүмкін; 3) «ұрықтың» көрінуі сол сәттегі «алты сананың» сәйкесіне бір мезеттес, синхронды болады; 4) «ұрықтар» одан тарайтын көріністердің сипатына ие; 5) «ұрықтың» көрінуі лайық себептік әрекеттің нәтижесінде ғана жүзеге асады; 6) әрбір «ұрық» тек соның өзіне ғана тиесілі және тек сған ғана тән көрініске ие.

«Ұрықтарды» о бастан тіршілікте бар және манифестация нәтижесінде пайда болған жаңа «ұрық» деп бөледі. Әмбебап және жеке деп те, «жақсы» және «жаман» деп те бөледі.

Әмбебап «ұрықтар» - бірдей қасиеттерге ие және барлық тіршілік иелерінің «қойма-санасында» бар «ұрықтар». Олар әрбір жағдайда бірдей көрініс берілуін қамтамасыз етеді. Сөйтіп бірдей қабылдауды да мүмкін етеді. Сондықтан да барлық адамдар тауларды, өзендерді және т.б. бірдей дерлік сезіммен қабылдайды. Дара тіршілік иесінің «алая-виджнянасына» тән жеке-дара «ұрықтар» құбылыстарды қабылдау мен мен оған баға берудің түрлі-түрлі болуын алдын ала анықтайды.

«Алая-виджнянада» «жақсы» да, «жаман» да «ұрықтар» кездеседі. Олар «болмысқа қатысты» әлде «болмысқа қатыссыз» дхармалардың көрінуіне негіз болады. «Алая-виджнянадан» «ұрықтарды» шығарып алуға екінші топтағы сана жауапты. Ол сана, виджнянавадиндердің ойлауы бойынша, ең жағымсыз қасиеттерге толы сана.

Сонымен, феноменалды әлем «алая-виджнянадан» шыққан «ұрық» көмегімен жасалады әрі «алты сана» күшімен қабылданады. Әйтсе де, көзқарастардың алуан түрлілігі, яғни дхармалардың тұқымға байланысты конфигурациялары виджнянавадада үш топқа біріктірілген: 1) болмыс дхармалардың барлық көптірлілігінің көмегімен құралған. Асанға мұндай әлем картинасы «мәнсіз», жалған деген екен. Виджнянавадиндер болмыстың түгелдей елес екендігіне әрі солай қабылданатындығына басты назар аударған;

2) феномендер бір-бірімен өзара байланыста пайда болады және бірінен бірі өзара тәуелділікте туындайды, демек, бұл хинаяналық дүниені қабылдау түрі. Демек, жеке дхарма-мәндердің нағыз шындығы мен қайсыбір картинаны құраудың «механизмы», яғни оның қиял-елес екендігі мойындалады; 3) болмыс туралы шынайы түсінік: барлық тіршіліктің екі ұшты еместігі танылады, барлық дхармалардың принципалды түрде «бірдейлігі», яғни болмыс белгілі біртұтастық екендігі көрінеді. Сөйтіп, дхармаларда (барлық жалқылықта) шынайы мән барлығы туралы адасудан арылу жүзеге асады. Ақыр соңында, дхармалардың нағыз ақиқат түрі – қандай да бір түр атаулының болмауы, яғни «тек сана» ғана шынайы. «Тек сана» - бұл «нағыз осындайлық» («татхата»), яғни Абсолют. Матхьямиктермен салыстырғанда виджнянавадиндер Абсолюттің оң анықтамасын тапты дейді Т.Р.В.Мурти. Олар Абсолютті «тек сана» деп атайды, ал «бос» («яғни шунья») деп кез келген «бөлінулерді», мысалы, субъектінің объектіге қарсы қойылуын айтты. Оның үстіне олар «бос» дегенді сөздің тіке мағынасында қолданды.

Виджнянаваданның сотериологиялық доктринасы келтірілген философиялық қағидалармен негізделді. «Алая-виджнянадан» «ұрықты» қуып шығу барысында және оның орнына жаңа ақпарат жіберу кезінде басты рөлді зерде атқаратындықтан, басты мақсат – екінші топтағы сананың қызметін реттеу. Зерде «алая-виджнянадан» «тұқым» алып шықпауы тиіс, әрі онда жаңасының түспеуіне көмектеспеуі де тиіс. Екінші топтық сана тек жақымсыз жағынан түсіндірілетіндіктен; көзі ашылу, нұрлануға жету жолы шектеу арқылы ғана мүмкін болмақ. Ол, ең соңында, «Манас» қызметін жаншыған кезде көрінуі мүмкін. Осы тұста виджняваданың иррационализмы аса анық көрінеді. Зердені кемістудің орны «праджняны», жоғары даналықты ашумен толтырылады. Зерде қайсыбір жоғары ретті біліммен алмастырылады. Осы көзқарастарға сай, өзіндегі «праджняны» табумен құтқарылуға қол жеткізу мүмкін болатындай жағдай жасалынатын құралдар жиынтығы даярланған болатын.

Нурлану, демек нирванаға жету Абсолютті тану арқылы (яғни қосарланудың жоқтығы, сол сияқты, сансара мен нирвананың теңдесуі арқылы) және нұрланған жанды будда мен сәйкестендіруді тану арқылы мүмкін болмақ. Виджнянавадада аса көп назар медитацияға аударылатын еді. Ол үшін йогалық психофизикалық тренинг тәсілдері кеңінен қолданылған болатын.

Мадхьямака мен виджнянавада арасындағы принципты түрдегі айырмашылық виджнянавадиндердің құтқарылуға қол жеткізу мүмкіншілігін түсіндіруде жатыр. барлық тірі жандар бес топқа бөлінген болатын. Сөйтіп, өз бойынан Будда жаратылысын табу мүмкіншілігі, демек, нирванаға жету мүмкіншілігі екі ғана категорияларға берілетін, сонысымен де іс жүзінде құтқарылудың жалпылама құбылыс екендігі жоққа шығарылды деуге болады.

Будда мектептерінің көп бөлігі буддизм тараған жерлерде пайда болған өз ілімдерінің іргетасы етіп мадхьямака доктринасын алды, ал нагарджунаны өздерінің алғашқы патриархы етіп жариялады. Олардың кейбіреулері (ең алдымен – қытадың Тяньтай, Хуаянь, Чженьянь мектептері мен солардың

жапондық аналогтары) күрделі діни философиялық жүйелер құрастырды. Басқаларында (мысалы, амидаизм мен дзэн – буддизм де) нурлануға жетудің нақты тәсілдеріне көңіл аударады. Виджнянавада ілімін үндістаннан тыс жерде, шындығында, бір ғана мектеп – қытайлық Фасян (оның жапонық түрі - Қоссо) мектебім мұралады. Ол мектептің оқымысты монахтары көптеген ұрпақтар өмірі бойында әлгі ілім қағидаларын дамытты, әрі тереңдетті. Әйтсе де виджнянаваданы, қытайлық және жапондық теоретиктердің керісінше дәлелдеуге талпынғандарына қарамастан, махаяналық ілім деп айтуға рұқсат етілмейді. Яғни махаяналық ілімді олар толықтай буддизм емес деп мойындамаған. Өйткені виджнянаваданың сотериологиялық доктринасына сай, тірі жандардың барлығы бірде нирванаға жетуі неғайбыл. Қиыр шығыстағы және Тибеттегі буддистер өздерінің философиялық ізденістері мен назариялық пайымдауларының іргетасына құтқарылудың жалпыға ортақтығын қойған болатын. Ол өзінің тиянақты түрдегі көрінісін Чжэньян мектебінің доктринасынан – «осы тәнде будда болу», яғни адамның көзі тірісінде, өмір сүру барысында Буддалыққа жету доктринасынан алды. Осындай сотериологиялық ұстаным Азияның көптеген елдеріндегі будда мектептерінің назариясының жалпы бағытын анықтады.

2.2 Христиандықтың пайда болуы. Христиандықтың пайда болып, таралуының қоғамдық-тарихи алғышарттары

Христиан діні б.з. I ғасырында Помпей шапқыншылығынан кейін Рим империясының құрамына кірген Палестинада пайда болды. Палестинаның, әсіресе, оның орталық бөлігі - Самария тұрғындарының этникалық құрамы әр түрлі болды. Бұл жерлерге қоныс аударғандар мұнда өз мәдениеттері мен діндерінің элементтерін ала келді. Вавилон, парсы, Македон басқыншылығын (б.з.б. VI-II ғғ.) және жат елдік Птоломейлер мен Селеквидтер әулетінің билігін бастан кешірген палестиналық еврейлер аз уақытқа саяси тәуелсіздікке қол жеткізді.

Б.з.б. 140 жылдан бастап тәуелсіз Иудеяны маккавей (хасмоней) әулетінің алғашқы священник-патшалары билейді. Олар ел территориясын ұлғайтумен қатар тұрғындарға иудей дінін қабылдатуға белсенді ат салысады. Б.з.б. 36 ж. Рим қолбасшысы Гней Помпей әскерлері Иудеяға басып кірді. Сирия провинциясына қосылған Иудея Рим империясының бір бөлігіне айналды. Б.з.б. VI ғ. Иудея мен Самария өзін-өзі басқарудың соңғы белгілерінен айырылды. Енді билік Рим тағайындаған билеушінің қолына өтті. Бас абыз басқарған абыздар мен ақсүйек өкілдерінен тұрған кеңес – Синдрионның құқы шектеліп, ол римдіктердің толық бауылауына өтті.

Саяси тәуелсіздіктен айырылуды Палестина тұрғындарының бір бөлігі трагедия ретінде қабылдады. Халық арасында әкелер өсиетін, діни рәсімдер мен тыйым салуларды бұзғаны үшін құдай қаһарына ұшырағандық туралы идеялар кең таралды. Бұл еврейлердің діни-ұлттық топтары хасидейлер (ізгі иудейлер) мен фарисейлердің (жіктелгендердің) позицияларының нығаюына үлкен ықпал етті. Фарисейлер иудаизмнің тазалығы үшін жат жерліктердің ықпалына күресіп, дәстүрлі жүріс-тұрыс нормаларын сақтауға шақырды. Бұл жаңа өсиет

мәтіндерінде көрініс тапты. Әлеуметтік құрамы бойынша фарисейлер қала тұрғындарының орта таптарынан (саудагерлер мен қолөнершілерден, синагога оқытушыларынан) тұрды.

Б.з.б. I ғ. басында зелоттар мен сикарилердің радикалды қозғалысы пайда болды. Әлеуметтік төменгі топтар мен маргиналдық элементтерден тұрған олар Рим мен жергілікті ақсүйектерге қарсы қарулы көтеріліске шақырды. Фарисейлерге қосылған зелоттар мен сикарилер 66-70, 132-135 жылдары Римге қарсы бағытталған соғыстарға белсене қатысты. Шалғай аудандарды қоныстанған иудейлер мен диаспора иудейлері, сондай-ақ әлеуметтік жоғарғы топтар жат мәдениетке төзімділік танытып, бітімгершілік көзқарас ұстанды. Бұл саддукейлер партиясының ұстанымдарында көрініс тапты. Саддукейлер Библияда жазылған жарғылықтарды сақтау керек деп санап, ауызша ілімдер мен толықтыруларды мойындамады. Алайда, олар эллинистік мәдениетті қабылдап, римдіктерге қолдау көрсетті. Жергілікті дәстүрлермен, киелі діни орындармен санаспаған жат жергіліктер билігіне деген наразылық, римге қарсы көтерілістердің аяусыз басылуынан туындаған енжарлық, әлеуметтік және мүлктік теңсіздіктің тереңдеуі, ішкі қайшылықтар, сенімсіздік пен апатия, болашақтың бұлыңғырлығы сезімі мен мистикалық уайым сарындарын туындатты. Б.з.б. I ғасырда Палестинада көп кешікпей құтқарушының, мессияның (машиах), «құдай белгісі бардың» келетінін және оның «иудей патшасы» болатындығын уағыздаушылар қаптап кетті. Көптеген діни ағымдардың ішінде эссендер (ессейлер) қауымына ерте христандықта кездесетін белгілер тән болды. 1937 ж. Өлі теңіз аймағынан табылған деректер алғашқы христианшылдықтың, иудейлердің эссендер қауымына өте жақын болғанын дәлелдейді. Бұл ұқсастықтар мессинианизм, эсхатологиялық, күнәһарлық идеяларын түсінуден байқалады. Ессейлер қауымында барлық мүшелердің, мүлік теңдігі уағыздалады. Эссендер өздерін қайыршылыр, құдаймен жаңа одақ, жаңа өсиет жасағандар деп жариялап, өздерінің абыздарға қарсы екенін байқатты. Қауым мүшелері бірігіп еңбек етті, киелі мәтіндерді оқып-үйренді, діни рәсімдерді атқарды.

Палестинада орын алған процестер, Рим империясының басқа аймақтарындағы процестерге ұқсас болды. Б.з. I ғасырына қарай Рим империясы бүкіл эллинистік әлемді жаулап алып, өзіне бағындырды. Рим империясының Рим императорының қол астында болмаған парфян, армян, герман, франктер, саксон, алемандар, готтар мен славян халықтарының саяси-мәдени өміріне ықпалы өте зор болды. Империя салық салу арқылы бағынған елдер мен халықтарды аяусыз тонап отырды (римдіктер салықтан босатылды). Римге Жерорта теңізі елдерінен арзан құлдар әкелінді. Еркін тұрғындардың соғыстарға қатысуы, латифундиялардағы құл еңбегінің бәсекесі, базарлардың басып алынған елдерден әкелінген арзан әрі сапалы өнімдерге толуы – осы факторлардың бәрі Рим қолөнершілерінің кедейленуіне, еркін шаруалардың біртіндеп жойылуына алып келді. Байлық пен жер жеке тұлғалардың қолына шоғырланды. Римнің еркін азаматтары мен құлдар, текті ақсүйектер мен байыған әскерилер арасындағы қайшылық шиеленісті.

Б.з. I ғасырында тек императорға тәуелді әскер мен провинциялық аксүйектерге, бюрократиялық басқару аппаратына сүйенген жаңа саяси форма - империяның бекіп, дамыған кезі болды. Антикалық тәртіптің дағдарысқа ұшырауы мен жаңа әлеуметтік-саяси шындықтың қалыптасуы халыққа өте ауыр тиді. Этникалық құрамы сан алуан ұлттық мемлекеттердің барлық халықтарға бірдей жат жерлік болған әлемдік империямен алмасуы адам бойында мемлекеттік аппарат алдындағы шарасыздық сезімін тудырды. Осы процестердің бәрі дағдарыстан шығудың, зұлымдық әлемінен құтылудың жолдарын іздеуге итермеледі. Тұрғылықты халық арасында магиямен, сәуегейлікпен, сириялық-парсылық және т.б. шығыс елдерінің мистикалық практикасымен әуестену артты. Митра, Исида, Осирис, Серапис культтері, орфиялық, дионисиялық және т.б. мистериялар кең таралды.

Экономикалық-саяси дағдарыстың ауыр зардаптары Кіші Азия мен Рим империясының басқа да аймақтарында «коллегиялар» деп аталған көптеген бірлестіктер мен серіктестіктердің пайда болуын жеделдетті. Адамдар бір кәсіп, қоғамдағы дәрежесі, көршілік т.с.с. негізінде ұйымдасты. Одақ мүшелері бір-біріне қолдау көрсетті, ортақ көмек қассаларын ашты, жиналыстар ұйымдастырды. Сондай-ақ жергілікті дәстүрлерге сай құдайға сыйыну рәсімдерін өткізетін жерлестер мен діни одақтар пайда болды. Сөйтіп болашақ христиандық қауымдар үшін өңделген дайын, заңды (одақтарға тек Траян кезінде тыйым салынды) негіз қалыптасты. Шығыстың әртүрлі діни ілімдері сияқты Рим діні де аш-жалаңаш халыққа ешбір үміт бере алмады, Рим дінінің ұлттық сипаты ұлттық әділеттілік, аман қалу теңдігі идеяларын нығайтуға мүмкіндік бермеді. Христиан діні құлдық тәртіпті айыптап, қарапайым халықтың мүдделерін қорғауға талпынды. Сөйтіп, адамдарға Христос әкелген құдайылық ақиқатты тану арқылы әрбір адам бостандыққа жете алады деп жариялайды. Адам төзгісіз қоғамдық қатынастарға қарсы шығып, әр адамға түсінікті адамгершілік құндылықтарды ұстануға шақырған христиан діні тез арада үлкен идеялық күшке айналды.

Христианшылдықтың идеялық негіздерінің қалыптасуы
Христиан апологетикасы христиан дінін адамдар ойлап тапқан жоқ, ол адамзатқа құдайдың жіберген діні дейді. Бірақ діни ілімдерінің салыстырмалы тарихы христиан дінінің пайда болуына діни, философиялық, этикалық ықпалдардың болғанын айғақтайды. Христианшылдықтың иудаизмнің, митраизмнің, көне шығыс діндерінің философиялық көзқарастарының концептуалдық идеяларын игеріп, қайта қарастырды. Осының бәрі жаңа дінді байытып, нығайтты, ұлттық-этникалық мәдениеттерге қарсы тұруға дәрменді мәдени-интеллектуалдық күшке, бұқаралық қозғалысқа айналдырды. Христианшылдықтың бұрығы діни-мәдени мұраны игеруі жаңа ілімнің жалпыға танылуына мүмкіндік берді.

Христианшылдық иудаизмнің монотеизм, messiаншылдық, эсхатология, хилиазм сияқты идеяларын қайта қарастырды. Библиялық көне өсиеттік мәтіндерді түсіндіре отырып, теологтар провиденциализм, креационизм, Құдайдың трансценденттігі мен адам танымының тылсымдығы туралы

христиандық көзқарастарды қалыптастырды. Христиандықтың қалыптасуына антикалық философиялық дәстүрдің ықпалы да зор болды.

Стоиктердің, неопифагоршылдардың, Платон мен неоплатоншылдардың, ішінара аристотелизм қағидаларын тиянақты пайымдау барысында, сондай-ақ жаңа өсиет мәтіндері мен теологтар еңбектерінде қайта қарастырылған ой-тұжырымдар, ұғымдар, тіпті терминдер қалыптасты. Христиан ілімінің қалыптасуына Филон Александрийский (б.з.б. 25 - б.з. 50 жж.) неоплатонизмі мен римдік ойшыл Сенеканың этикалық көзқарастары ерекше әсер етті. Филон библиялық дәстүрге аян алуда танылатын және жаратушы сөзі ретінде түсінілетін Логос ұғымы мен эллинистік дәстүрде ғарыш қозғалысын бағыттайтын ішкі заң ретінде Логосты біріктірді. Филон Логосты мәнді пайымдауға мүмкіндік беретін қасиетті сөз ретінде қарастырды. Филонның адамдардың туа біткен күнаһарлығы, мойынсұну, мәннің дүниенің бастауы ретінде ілімдері, Құдайға жақындау құралдары – экстаз, жоғарғы Логос және Құдай ұлы болып табылатын логостар (періштелер) туралы идеялары, рухани бастаулардың иерархиялығы туралы түсініктері христиандық көзқарастардың идеялық алғышарттары болып табылады және бұл идеялар мен түсініктер христиандықтың қалыптасуына зор ықпал етті. Христианшылдықтың ізгілікке жету туралы адамгершілік ілімі Луцей Анней Сенека көзқарастарына өте ұқсас. Сенека кез келген адам үшін бастысы құдайылық қажеттілікті түсіну арқылы рухани бостандыққа жету деп санады. Егер бостандық құдайылық қажеттіліктен туындамаса, құлдыққа айналады. Тек тағдырға бас ию рухты шындап, ұят пен адамгершілік нормаларын, жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастырады. Рухани сұхбат шынайы қарым-қатынас деп Сенека адамзат табиғатының тұтастығын, өзара махаббаты, жанашарлықты, адамның әлеуметтік ерекшеліктеріне қарамастан бір-біріне қамқор болуын айтады. Сенека адамгершілік императиві ретінде «моральдың алтын ережесін» мойындады. Онда: «Өзіңнен жоғарғы тұрғанның саған қалай қарағанын қаласаң, өзіңнен төмен тұрғанға солай қара» делінді [3]. Осыған ұқсас ойды Матфейден келген Евангелияден де кездестіреміз: Барлық жағдайда адамдар сізге қалай қарасын десеңіз, сіз де оларға солай қараңыз» (Мф.7:12).

Сезімдік ләззәттардың қысқалығы мен жалғандығы, басқа адамдарға қамқор болу туралы Сенека ұстанымдары христианшылдықпен үндес болды. Христианшылдыққа Сенека қалыптастырған индивидуальды этика принциптері де ұнады. Жеке адамның аман қалуы өз өмірін қатаң бағалауды, кемелденуді, құдайылық мейірімге ие болуды талап етеді. Христианшылдықтың шығыс культтері, эллинистік философия элементтерін игеру оны кемсітпей, қайта байыта түсті. Сондықтан да ол Жерорта теңіздік мәдениеттер ағымына тез қосылып кетті.

Христианшылдықтың негізін салушы тұлға туралы пікір-таластар
Христианшылдық пайда болғаннан бері оның негізін салған тұлға туралы пікір-таластар толастамай келеді. Матфей, Марк, Лука мен Ионнан алынған Евангелиялардағы Иисус Христос туралы әңгімелер, сондай-ақ Құдай-ұлының істерін суреттеген апостолдардың хабарлары зерттеушілер тарапынан көптеген

күмәндар тудырды. Сөйтіп, соңында Иисус Христос туралы пікір-таластар екі негізгі: мифологиялық, тарихи мектепті қалыптастырды.

Мифологиялық мектептің өкілдері ғылымда Иисус Христосты жаңа діннің негізін қалаған тарихи тұлға екендігін айғақтайтын дәлелдер жоқ деп санайды. Бұл мектеп өкілдері Иисус Христос туралы Евангелиялық әңгімелер онда баяндалған оқиғалардан көп уақыт кейін жазылған және олардың нақты тарихи негіздері жоқ, I ғасыр басындағы тарихи деректер Христостың өліп, қайта тірілуі, ғажайып істері, уағыздары туралы ештеңе айтпайды дейді. Өз көзқарастарының дәлелі ретінде мифологиялық мектеп христиандықтың Палестинадан тыс жерде пайда болғандығын, өліп, қайта тірілетін құдайлар туралы аңыздардың басқа да шығыс мәдениеттерінде кездесетінін, Евангелияның көптеген қайшылықтарға, дәлелсіздіктерге толы екенін келтіреді.

Тарихи мектеп өкілдері Иисус Христос жаңа діннің негізін қалаған тарихи тұлға деп санайды. Иисустың тарихилығын Иоанн шоқындырушы, апостол Павел, Христос өмірімен тікелей байланысты евангелиялық фабула кейіпкерлері растайды деп санайды. Қазір ғылымда тарихи мектеп нәтижелерін айғақтайтын бірқатар деректер бар. Мысалы, ұзақ уақыт бойы Иосиф Флавийдің (37-100 кейін) «Көне дәуірлеріндегі» Иисус Христос туралы үзінді соңғы уақыттардағы интерполяция саналып келеді. Бірақ Флавий Христос жасаған ғажайыптар туралы ештеңе айтпайды. Ал оның өліп, қайта тірілуі осы тақырыпқа жазылған жай бір факт ретінде баяндалады.

Мифологиялық және тарихи мектептің өкілдері христиандықтың алғашқы ғасырларына қатысты деректер мен библиялық мәтіндерді жарыққа шығаруға көп үлес қосты. Қазіргі уақытта дінтанушылардың басым көпшілігі тарихи мектеп өкілдерінің пікірін қолдайды.

Христианшылдықтың Рим империясының мемлекеттік дініне айналуы Иисустың-мессия, Құдай-ұлы екендігі жайлы бастапқы христиандық идея алдымен тек иудейлерге, сонан соң ғана эллиндіктер мен басқа да «пұтшыл халықтардың» бір бөлігіне арналса керек. Бастапқы иудей-христиан қауымдарында аскетизм, пұттық құрбандыққа шалынған малдардың етін тағамға пайдалану, некелік қатынастар принципі, сүндетке отырғызы туралы пікір-таластар жүріп жатты. Иудейлік прозелитизм практикасы христиан прозелитизмін дайындады. Рим империясының Палестинадан тыс жерлердегі еврей диаспоралары өте ауқымды еді. Бұл қауымдар ұйымшыл, бір-бірімен үнемі байланыс ұстап тұратын. Біртіндеп Римдегі Еврей синагогтары маңызды құқықтырға ие болды. Сүндеттеу және т.б. рәсімдерді орындауды талап еткен иудаизмді толық қабылдаумен қатар, иудаизмнің барлық рәсімдерін толық сақтамауға мүмкіндік берілді. Иудей-христиандық қауымдарда рәсімділік мұнан да көбірек жұмсартылды. Бастапқы христианшылдық ұйымдаспаған, бытыраңқы қауымдар («Қасиетті рух» басқаратын) ретінде өмір сүрді. Олар бір-бірімен, сондай-ақ ортақ идеялық бәсекелестерімен үнемі күрес жүргізіп отырды. Әр түрлі қауымдар арасындағы күреске көптеген факторлар, соның ішінде діни көзқарастар мен оларды білдіру формаларының қарама-қайшылығы

себеп болды. Ерте христиандық қауымдар кейінгі христианшылдыққа тән догматика мен культті білмеді.

Қауымдарда құдайға тағзым ететін арнайы орындар болмады, олар құпиялар мен иконаларды да білмеді. Олардың бір білетіні құдай мен адамдар арасындағы делдалдың барлық адамдардың күнәсі үшін өзін өз еркімен құрбандыққа шалғаны еді. Христианшылдық таралған сайын оған бұқара халық кеңінен қосылды. Бастапқы христиандық қауымның құрамы негізінен қоғамның төменгі таптары – құлдар, ерік алғандар, қайыршылыр және т.б. тұрды. Алайда, II-III ғғ. соңына қарай, қауымдарада сенаторлық және әскери атағы бар адамдардың саны артты. Христиандық қозғалысқа ақсүйектер мен білімді адамдардың тартылуы оның әлеуметтік мазмұнын өзгертті. Жоғарғы тап өкілдері қауымда жетекші орындарға ие болды, мүлік жұмсау мен діни рәсімдерді атқаруға басшылық етті. Сол себепті олар теңсіздікті жою, қалыптасқан тәртіпке қарсы шығу идеяларын христиандықтан ығыстыруға талпынды. Рим өкіметімен императорлық билікке қарсы келмеуді уағыздаумен ғана емес, сондай-ақ 66-73, 114-115, 132-135 жж. көтерілістен кейін ресми қудалануға ұшыраған иудаизмнен алшақтау арқылы татуласуға да болатын еді. Бұл – маркионизм, монтанизм, новитианшылдық, докетизм және т.б. ағымдар еді. Осы ағымдар арасындағы күрес барысында біртіндеп болашақ христиандық догматиканың прообразы қалыптасты. Қалыптасып келе жатқан шіркеу ұйымы орталықтануға ұмтылды. Уақыт өте Рим қауымы батыс Рим империясындағы басқа қауымдарға өз билігін жүргізе бастайды.

Клирді құраған лауазымды адамдар басында белгілі бір уақытқы сайланса, енді өмір бойына сайлатын болды. Римде императорға адалдық культі кең таралған еді. Христиан бұл рәсімді жасаудан бас тартқандықтан, императорлар Траян (53-117), Марк Аврелий (121-180), Септимия Север (146-221), Валериян (193-260 жж. шамасы), Диоклетиан (245-316) және т.б. кезінде қатты қуғынға ұшырады. Көптеген христиандар қуғыннан шөл далаларға қашты. Бұл осы уақыттарда христиан монахтығының пайда болуына ықпал етті.

Жаңа Өсиеттің қалыптасуы мен христиандық теологияның пайда болуы Христиан ілімі Қасиетті жазу Библия мен Қасиетті Аңызға - шіркеу әкейлерінің айтқандарына соборлардың шешімдеріне негізделеді. Алайда ерте христиандықта бұл негіздер болған жоқ. Христианшылдық ұзақ уақыт бойы аузша дәстүрге негізделген уағыздар айту, аңыз-әңгімелер «игі хабарлар» арқылы таралды. Клир алдында нағыз қасиетті ретінде пір тұтылатын шығармаларды сұрыптау қажеттілігі тұрды, сұрыптау ұзақ уақытқа созылды. Христиан әдебиетінің алғаш пайда болған жанрларына аян берулер (заман ақыр туралы елестерді жазу), хабарлар (жекеленген мәселелерді шешуге бағытталған қауымдар арасындағы діни тұтастықты сақтауды қолдау үшін жазылғын хаттар) алғашқы дін уағыздаушылардың ақыл-кеңестері мен ой-тұжырымдамалары, Иисус пен апостолдар туралы аңыздар жатты. Бұл жазулар саны біртіндеп көбейе бастады.

Алғашқы ғасырлар әртүрлі қауымдарда әртүрлі евангелиялар, жеке адамдардың істері туралы жазбалар пайда болды. Сол уақыттарда белгілі болған жазулар: Петр, Андрей, Варфоломей, Лука, Иоанн евангелиялары аталған Матфейден келген евангелиялардың әртүрлі нұсқалары бар.

Саяси тәуелсіздіктен айырылуды Палестина тұрғындарының бір бөлігі трагедия ретінде қабылдады. Халық арасында әкелер өсиетін, діни рәсімдер мен тыйым салуларды бұзғаны үшін құдай қаһарына ұшырағандық туралы идеялар кең таралды. Бұл еврейлердің діни-ұлттық топтары хасидейлер (ізгі иудейлер) мен фарисейлердің (жіктелгендердің) позицияларының нығаюына үлкен ықпал етті. Фарисейлер иудализмнің тазалығы үшін жат жерліктердің ықпалына күресіп, дәстүрлі жүріс-тұрыс нормаларын сақтауға шақырды. Бұл жаңа өсиет мәтіндерінде көрініс тапты. Әлеуметтік құрамы бойынша фарисейлер қала тұрғындарының орта таптарынан (саудагерлер мен қолөнершілерден, синагога оқытушыларынан) тұрды. Христианшылдықтың иудаизмнің, митраизмнің, көне шығыс діндерінің философиялық көзқарастарының концептуалдық идеяларын игеріп, қайта қарастырды. Осының бәрі жаңа дінді байытып, нығайтты, ұлттық-этникалық мәдениеттерге қарсы тұруға дәрменді мәдени-интеллектуалдық күшке, бұқаралық қозғалысқа айналдырды. Христианшылдықтың бұрынғы діни-мәдени мұраны игеруі жаңа ілімнің жалпыға танылуына мүмкіндік берді. Догматикалық формаларды жасақтауда IV ғ. Каппадокийлік теологтар Григорий Назианзин (шамамен 330-397), Григорий Нисский (шамамен 335-394) еңбектері маңызды рөл атқарды.

Христиандық ілім мен культті бекіту үшін болған күрес
Христиандық догматтардың бірде-біреуі аяқталған күйде пайда болған жоқ, негізгі догматтар канондалғаннан кейін де олардың төңірегіндегі пікір-таластар толастамады. Бұл пікір-таластар Құдайдың үштік бірлігі, құдайға айналу және күнәдан арылу қағидаларының төңірегінде топтасты. Б.з. 325 жылы Константин талабы бойынша шақырылған және оның төрағалығымен өткен христиан шіркеулерінің Никей соборы Құдай-әке мен Құдай-бала бір мәнді емес деп тұжырымдаған Александриялық пресвитер Арийдің және оның ізбасарларының ілімін айыптап, Афанасий Александрийский ілімін қолдап, осы қағиданың түпкілікті түсінігін жасады [4]. Христиан апологетикасы христиан дінін адамдар ойлап тапқан жоқ, ол адамзатқа құдайдың жіберген діні дейді. Бірақ діни ілімдерінің салыстырмалы тарихы христиан дінінің пайда болуына діни, философиялық, этикалық ықпалдардың болғанын айғақтайды.

Христиан шіркеуінің бөлінуі
Христианшылдық бір тұтас діни ағым бола алмады. Рим империясының көптеген провинцияларына таралу барысында ол әр елдің жағдайына қалыптасқан әлеуметтік қатынастарға, жергілікті дәстүрге бейімделді. Құдай ұлы болып табылатын логостар (періштелер) туралы идеялары, рухани бастаулардың иерархиялығы туралы түсініктері христиандық көзқарастардың идеялық алғышарттары болып табылады және бұл идеялар мен түсініктер христианшылдықтың қалыптасуына зор ықпал етті. Христианшылдықтың ізгілікке жету туралы адамгершілік ілімі Луцей Анней Сенека көзқарастарына өте ұқсас. Сенека кез келген адам үшін бастысы

құлайылық қажеттілікті түсіну арқылы рухани бостандыққа жету деп санады. Егер бостандық құдайылық қажеттіліктен туындамаса, құлдыққа айналады Палестинада орын алған процестер, Рим империясының басқа аймақтарындағы процестерге ұқсас болды. Б.з. I ғасырына қарай Рим империясы бүкіл эллистік әлемді жаулап алып, өзіне бағындырды. Рим империясының Рим императорының қол астында болмаған парфян, армян, герман, франктер, саксон, алемандар, готтар мен славян халықтарының саяси-мәдени өміріне ықпалы өте зор болды. Империя салық салу арқылы бағынған елдер мен халықтарды аяусыз тонап отырды (римдіктер салықтан босатылды). Римге Жерорта теңізі елдерінен арзан құлдар әкелінді. Еркін тұрғындардың соғыстарға қатысуы, латифундиялардағы құл еңбегінің бәсекесі, базарлардың басып алынған елдерден әкелінген арзан әрі сапалы өнімдерге толуы – осы факторлардың бәрі Рим қолөнершілерінің кедейленуіне, еркін шаруалардың біртіндеп жойылуына алып келді.

Христиан дініндегі ең ірі жіктеулердің негізгі бағыттары – православия мен католицизмнің пайда болуы болды. Бұл жіктелу бірнеше ғасырлар бойы пісіп – жетілді. Ол Рим империясының батыс пен шығыс бөлігіндегі феодалдық қатынастың дамуы ерекшеліктеріне және олардың арасындағы бәсекелестікке байланысты болды.

Католицизмнің қалыптасуы Католиктік ілім мен Католик шіркеуі ерте христиандық аясында біртіндеп қалыптасты. «Католикос» ұғымы грек тілінен «әлемдік», «жалпы» деп аударылады. Алғаш рет антиохиялық епископ Игнатий Богоносец II ғасырдың ортасында қолданған бұл ұғым Батыс христиандығының атауы ретінде сақталып қалды.

Шіркеулердің батыстық және шығыстық (1054 ж.) болып бөлінгеніне дейін-ақ Католик шіркеуінің әрекеті ашық саяси сипат алды. Византия императорларына толық тәуелді болған шығыс шіркеуінен айырмашылығы Католик шіркеуінің өзі саяси биліктің қуатты субъектісіне айналды. IV-V ғасырларда Рим империясы варварлар соққысынан құлағаннан кейін Католик шіркеуі тек діни-рухани ғана емес, феодалдық Батыс Еуропаның барлық қоғамдық-саяси өмірін айқындап отырды. Құрлықтың бұл бөлігінің әкімшілік бытыраңқылығы, біртұтас мемлекеттік биліктің болмауы, бастысы - шіркеудің нақты күш-қуаты осының бәрі Рим епископтарына өз саясатын жүргізіп, бір князь - феодалдарды тақтан алып, басқасын таққа отырғызуға мүмкіндік берді. Олар христос табытын «кәпірлерден» азат етуді желеу етіп, крест жорықтарын бастады. Католицизм доктринасы Тертуллиан (160 қар. 220 жж. кейін), Ириней (130-200 жж.), Киприан (201-258 жж.), Амвросий (339-397 жж.) сияқты теологтардың шығармаларының негізінде қалыптасты. Католицизм идеялық қалыптасуына Аврелий Августиннің (354-430 жж.) шығармашылығы мен іс-әрекеті игі ықпал етті [5]. Оның католицизмге сіңірген еңбегі әртүрлі тұжырымдар мен идеяларды бір жүйеге біріктіруінде болып табылады. Августиннің құдай туралы ілімі - неоплатондық, күнә туралысы - манихейлік, ал метафизикасы Платон философиясының негізгі қағидаларын қайталайды.

Августин теократиялық концепцияның негізін қалады. Соған сәйкес шіркеу - кез келген мемлекеттен жоғары тұрған институт. Шіркеу барлық жағынан алғанда мемлекеттен өзгеше, сондықтан ол екеуін салыстыруға болмайды. Мемлекет «Құдайылық қала» болып табылмағанмен, тек сол ғана адамзатты осы қалаға бастап әкеледі. Августиннің бұл синтезін шіркеу қабылдап, ресми католицизм оны сегіз ғасыр бойы христиандықтың бірден-бір нағыз философиялық-теологиялық түсіндірмесі деп санады.

Католицизм принциптері идеологиялық негіздеуде атақты схоласт Фома Аквинскийдің (1225-1274 жж.) еңбегін ерекше атап өту керек. XII ғасырда ол католицизмге қатысты апологетикалық рөлін толық атқарып шықты. Оның ілімінде католиктік шіркеу шексіз билікке ие болды. Сондықтан сіңірген еңбегі үшін Шіркеу Фома Аквинскийді Әулиелер қатарына қосты. Католиктік Шіркеу Фома ілімінде Рим Папасы басқаратын Құдайылық мәнді иерархиялы ұйым болып табылады.

Еркін ой мен гуманизм идеяларын көтерген Қайта Өрлеу мен 1517 жылы Мартин Лютер бастаған Реформация католицизм позицияларын әлсіретті. Лютераншылдық, кальвинизм мен ағылшындық католицизмді Германия, Швейцария, Англия, Чехия, Скандинавия елдерінің бірқатар аймақтарынан ығыстырып шығарды. Діни, әлеуметтік, саяси саладағы бар күшін жұмылдырған католиктік шіркеу реформацияға Триденттік соборлармен (1543-1563 жж.) аяқталған Контрреформацияны қарсы қойды. «Тридент соборының декреттері» мен «Триденттік сенімді ұстану» христиан әлеміндегі папаның жоғарғы билігін және тазару орны (қайтыс болған адам жандарының өз үкімін күтетін тозақ пен жұмақ арасындағы орын) ілімін бекітті. Сонымен бірге сенім арқылы ақталу, ілімнің бірден-бір негізі - Қасиетті Жазу деген протестанттық ілімдерді айыптады.

Жаңа уақыт пен ағартушылық дәуірінде католицизм қоғамдық және мемлекеттік өмірді секуляризациялау процесімен бетпе-бет келді. 1870 жылы VIII ғасырдан бері Рим папалары басқарған Папалық мемлекет территориясы Италия құрамына кірді. Алайда 1929 жылы Муссолини өкіметі мен Пий XI арасындағы келісімнің нәтижесінде католицизмнің жаңа халықаралық орталығы - қала-мемлекет Ватикан құрылды.

Қазіргі католицизм - христианшылдықтың ең ірі, ең көп таралған бағыты (ұстанатындар саны - 950 мың). Католиктік наным Италия, Испания, Бельгия, Франция, Австрия, Польша, Словакия, Венгрия, Хорватия, Литва, Шығыс Латвия, Латын Америкасы мен АҚШ-та таралған. ТМД-да католиктер негізінен Украина мен Белоруссияның батыс аймақтарында тұрады. 1990 жылдан бастап Ресейдегі католиктік приходтар саны ұдайы өсіп келеді.

Ілім мен культтің ерекшеліктері Егер орта ғасырларда «Католик шіркеуі» термині батыс (римдік, латындық) христианшылдықтың шығыстық (православиелік) христианшылдықтан айырмашылығын білдіру үшін қолданылса, Тридент соборынан кейін «Римдік-Католиктік Шіркеу» атауы Рим христианшылдығының XVI ғасырда реформаланған христианшылдықтан, яғни протестантизмнен айырмашылығын да көрсетуі керек болды.

Католицизмге ілім Қасиетті Жазу мен Қасиетті аңызға негізделеді. Католицизмге сәйкес Құдайдың аян беруі Христостың шәкірттері - апостолдардың ажалымен аяқталады. Бірақ аянды дұрыс түсінсе, оны тану терендей береді. Католиктік ілімге сәйкес Христостың жердегі елшісі және әулие Петрдің пейішінің кілтіне ие мұрагері болып табылатын Рим епископы, яғни Рим Папасымен епископтар коллегиясы бірлесіп, «ақиқат» дәрежесіне ие шіркеу ілімін қарастырады. Сол арқылы Католиктік шіркеу шіркеу басы мен соборлардың жаңа догматтарды және т.б. толықтырулар мен өзгерістерді енгізу қажеттілігін негіздейді. Шіркеу ұстанымына сәйкес бұл толықтырулар мен өзгерістер де Құдай Аяны сияқты қабылдануы керек. Православиідегі сияқты, католиктік Библияның көне өсиеттік бөлігі иудейлік мәтіннен 11 кітапқа артық (39 емес 50). Алайда православтар бұл 11 кітапты канондалған, жан үшін пайдалы, бірақ «Құдайылық» емес деп тапса, католиктер оларды көне өсиеттің басқа да канондалған бөліктерімен тең дәрежелі және «құдайылық» деп таниды.

Библияның латын аудармасына кірген барлық кітаптар (вульгаттар) канондалған шығармалар ретінде қарастырылады. Қасиетті аңыз шіркеу соборлары шешімдерінің жинағы (олардың жалпы саны - 21, 7-і шіркеулер бөлінгенге дейін құрастырылған, 14-і католик шіркеуінің өзінікі), Шіркеу әкейлерінің шығармалары, Рим папаларының үндеуі және т.б. болып табылады. Православиімен салыстырғанда католицизм деректердің басым бөлігін Қасиетті Аңызға жатқызады. 325, 381 жылдардағы әлемдік соборларды, қабылданған Некей-Константинопольдік Сенім рәмізін және алғашқы жеті әлемдік соборлардың басқа да шешімдерін мойындай отырып, Католиктік Шіркеу бірқатар жаңа догматтар енгізді. 589 жылғы Толедо соборында сенім рәмізіне католицизм Қасиетті Рухтың тек Құдай-Баладан да таралатыны туралы қосымша енгізді. Бұл толықтыру батыста кең тараған Құдай Бала Әкеге тең емес, оның жаратқаны деген Арийлік ереске қарсы бағыттталып қана қоймай, Үштік бейнелері қарым-қатынасындағы бұл ерекшелік Христостың жердегі өкілі ретіндегі Католик шіркеу басының беделін арттыруға тиіс болды.

Католиктік ілім аман қалудың негізі ретінде сенім мен игі істерді мойындай отырып, шіркеуді аман қалудың қажетті құралы деп жариялайды. Адамдардың Шіркеуден тыс аман қалуы мүмкін емес, өйткені тек шіркеу ғана бастапқы күнә салдарынан адамдардың жоғалтқан жоғарғы мақсаты - Құдайға ұмтылу қабілетін қайта қалпына келтіре алады. Шіркеу бұл шығынды Христос Құдай-ана және т.б. жасаған игі істерімен толтырды. Католиктік иерархиялар осы игіліктерді өз қалауынша пайдаланып, оларды күнәлар адамдардың істеген игі істері қатарына жатқызады. Бұл ілім, өз кезегінде, тазару орны ілімін қалыптастыруға ықпал етті. Тазару орны туралы догмат 1439 жылы Флоренциялық соборда қабылданып, 1562 жылы Тридент соборында бекітілді.

Католиктік культ «Канондалған құқық кодексі» (1983 жылғы «Шіркеу міндеттерін килендірудің» IV кітабы) мен шіркеулік дәстүр заңдастырған әдет-ғұрыптар мен рәсімдер жүйесі болып табылады. Діндарлар түсінігінде олар Құдаймен және әулиелермен тікелей сұхбаттасуға мүмкіндік береді. Тұтас

алғанда католиктік культ Құдай культі, періштелер мен әулиелер культі, иконалар мен қасиетті нәрселер культі, киелі жерлер культі болып табылады.

Басқа бағыттармен салыстырғанда католицизмнің ерекшеліктеріне Құдай - Ана (Дева Мария) культінің ерекше дамуы жатады. Бұл культ негізінде православие мен протестантизмде жоқ догматтар жасалып, жарияланды. 1854 жылы Марияның пәктігімен жүкті болуы, 1950 жылы Құдай-Ана денесінің көкке көтерілуі догматтары қабылданды. 1964 жылы Павел VI Папа оны Шіркеу анасы деп жариялады. Құдай-Ана культі діндарлар арасында кең таралды, өйткені ол абстрактілі Үштікке қарағанда бұқара халыққа түсінікті болды.

Католиктік Құдай-Ана культі әртүрлі формаларда: розарилерде (Құдай-Анаға арналған дұғаларда), сондай-ақ «мариялық» мерекелерде көрініс табады. Католицизмде Мария жанұя мен отбасының қамқоршысы болып табылса, православиеде егінші-диқандардың жебеушісі болып саналады. «Мариологияның» қазіргі нұсқасын жасау Иоанн Павел II энцикликтерінде көрініс тапты. Энцикликтің негізгі тақырыбы шеркеудің адамзат тарихындағы және қазіргі күндердегі күрделі мәселелерді шешуде Құдай-Ананы христиан халықтарының қолдаушысы – қорғаны етіп көрсету. Католиктік культтердің орталықтары крест формасындағы іргетастан көтерілген храмдар болып табылады. Бұл форма діндарларға Христостың күнәні өтеу құрбандығын еске салады. Кейде храмдар адамдарды құдай әлеміне жеткізетін кеме формасында салынады. Шіркеулік архитектурада басқа да рәміздер – шеңбер – мәңгілік рәмізі; жұлдыз – адамдарға кемелдену мен жетілу жолын көрсететін рәміз-қолданылады.

Католиктік храмдардың православиелік храмдардан айырмашылығы батысқа қарай бағытталуында. Ол Еуропаның батыс бөлігіндегі әлемдік христианшылдықтың астанасы Римді және осы кала епископы - Рим Папасын барлық христиан шіркеуінің басы деп тануды білдіреді. Католиктік храмдарда қасиетті тақтарды оның үш жағындағы – батыс, оңтүстік, солтүстік қабырғаларының қасына орналастыруғарұқсат етіледі. Православиелік храмдармен салыстырғанда олар көрермендерді өзіне жақын тартады. Өйткені оларда Католиктік храмдар живопистік суреттермен безендіріледі. Барлық католиктік храмдардағы қабырғаларда «Крест жолы» деп аталатын, Христостың азап шегін бейнелейтін он төрт картина немесе барельеф салынады. Католиктік храмдарда православиеліктердегі сияқты иконаларға табынады. Алайда, «Римдік», негізінен итальяндық живописьтың сипаты Шығыс христиандықтан өзгеше. Батыс живописінде сыртқы формаға көп мән беріледі. Періштелер мен көк тұрғындары жер пенделеріне көбірек ұқсас болып бейнеленеді.

Католицизмде литургиялық (сакральды) музыкаға көп көңіл бөлінеді. VIII ғасырдан бастап католиктік діни қызметтерге (мінажаттарда) орган және тағы басқа музыкалық аспаптар кеңінен қолданылады. Храмда католиктік культтің басты шарты – месса немесе католиктік литургия орындалады. Оның ішінде дұғалар оқу, органның сүйемелдеуімен әндер айту және құпияларды орындау

(причащения) кіреді. Месса толық евхаристік діни рәсім ретінде қарастырылады, оның барысында нан мен шарап христиан Тәні мен Қанына айналды. II Ватикан соборы (1962-1965) қабылдаған «Литургия» туралы конституция мессаны ұлттық тілдерде өткізуге, діндарларға құдаймен тек нанмен ғана емес, шараппен де қатынасуға, мессаға ұлттық музыка элементтерін, рәсімділікке әр түрлі халықтардың жергілікті әдет-ғұрыптарын кіргізуге рұқсат етті.

Католицизм де православие сияқты жеті құпияны мойындайды. Бірақ оларды орындауға православиелікпен салыстырғанда біраз өзгешіліктер бар. Мысалы, шоқыну, субүркеу немесе суға толық бойлау арқылы жүргізіледі. (Православиіде тек суға толық бойлау арқылы ғана). Православтық миропомазания рәсімімен католиктік конформация рәсімінің ерекшелігі оның шоқынумен бір уақытта жасамайтынында, бұл рәсім 7-12 жаста (қазір Ресейде 15 жаста) епископтың қатысуымен жасалады. Католиктік культтің басқа христиан конфессияларындағылардан өзге де ерекшеліктері өте көп. Католиктер православтар сияқты үш саусақпен емес, бес саусақпен шоқынады (сол иықтан оң иыққа қарай). Католиктік бес саусақ Христос денесіндегі бес жараны білдірсе, православтық үш саусақ үштік догматын бейнелейді

Католиктік культ діндарлардың күнделікті өмірінде маңызды орын алады. Олар культтік әрекет арқылы Католиктік Шіркеу адамдарға Құдай игілігін жібереді деп сенеді.

Ватикан. Шіркеудің құрылымы мен ұйымдастырылуы Басқа христиан бағыттарымен салыстырғанда, католицизмге біртұтас, иерархиялы шіркеулік ұйымдастыру тән. Католицизмнің орталығы және Рим Папасынның резиденциясы - Ватикан қала-мемлекеті. Ватиканды «Апостольдік Астана» және «Мемлекет-қала Ватикан» деп атайды. Алғашқысы конфессиональдық орталықты және шіркеу басы ретіндегі папа компетенциясының аумағын білдірсе, екіншісі абсолютті мемлекетті білдіреді. Мемлекетті де шіркеу басы - Рим Папасы басқарады. Ватикан билеушісі заң шығарушы, атқарушы және сот билігін өз қолына жұмылдырған абсолютті монарх болып табылады.

Мемлекет-қала Ватиканның елтаңбасы, туы, әнұраны, поштасы, радиосы, БАҚ-ы және т.б. мемлекеттік билік атрибуттары бар. Ватикан 100-ден аса елдермен дипломатиялық қатынас орнатқан. Шет елдерде Ватиканның өкілдері - легаттар - нунцилер – елші дәрежесі бар және сол елде дипломатиялық корпус дуайен (басшы) қызметін атқаратын адамдар, пронунцилер - елші дәрежесі бар, бірақ дуайен қызметін атқармайтындар, интернунцилер - елші дәрежесі жоқ адамдар қызмет жасайды.

Ватиканның нағыз үкіметі - Рим куриясы (папа әкімшілігінің органы). Ол Римдік-Католиктік Шіркеу мен Ватикан мемлекетінің күнделікті тұрмысына басшылық жасайды. Рим құпиясының негізгі ұйымы - мемлекеттік хатшылық. Папа тағайындайтын мемлекеттік хатшы үкімет басшысы (премьер-министр) болып табылады. Мемлекеттік хатшылық екі бөлімнен – жалпы мәселелер және шет елдермен қатынас бөлімінен тұрады.

Рим куриясы Ватикан мемлекеті мен Католиктік Шіркеудің саяси, экономикалық, діни әрекетіне жетекшілік етеді. Курия құрамына 6 канцелярия, 3 трибунал және 9 министрліктер сияқты - қасиетті конгрегациялар кіреді. Рим куриясына сондай-ақ 12 папа кеңесі кіреді. Олардың қызметі шіркеудің сыртқы дүниемен байланысын нығайту. Олар: отбасы, мейірімділік, әділеттілік, діндарлық сұхбат, мәдениет және т.б. мәселелер бойынша кеңестер.

1936 ж. бастап Ватиканда жаратылыстану мен дәл ғылымдардың дамуына ықпал етуге бағытталған папалық академия қызмет етеді. Академия мүшелерін папа тағайындайды, бірақ олар Қасиетті таққа бағынбайды, еркін ғылыми шығармашылықпен айналысады.

Ватиканның ресми басылымы - «L'Osservatore Romano» («Рим бақылаушысы») газеті 70 мың тиражбен неміс, ағылшын, испан, француз, португал және т.б. тілдерде шығарылады. Ватикан радиосы 34 тілде хабар таратады. 1983 ж. бастап Ватиканда телеорталық жұмыс істейді. Католиктік Шіркеу феодализм дәуірінде пайда болып, феодалдық мемлекет құрылысына тән әкімшілінде формасын қабылдады. Кеңес органы ретінде епископтар ретінде епископтар Синодын шақырған II Ватикан соборы (1862-1965) әртүрлі комиссиялар құрса да, шіркеудің иерархиялық құрылысын өзгертусіз қалдырды.

Католиктік шіркеудің бастапқы ұйымы - приход (парфия), оны священник басқарады. Приход священнигін епископ тағайындайды және ол тек соған ғана бағынады. Бірнеше приходтар деканатқа бірігеді. Деканат приход пен епископтық курияны жалғастыратын аралық буын болып табылады. Деканаттар өз кезегінде диоцездерге (епархияларға) бірігеді, оны епископ басқарады. Бірнеше диоцездер митрополияны немесе архиепископшылдықты құрайды. Католицизмде де православиедегі сияқты иерархияның үш деңгейі бар: епископтық, пресвитершілдік, дьяконшылдық. Олардың үстінен кардиналдар мен примастар бақылап отырады. Кардинал - Католиктік шіркеудегі пападан кейінгі діни лауазым. Бұл атақ XI ғасырда кардиналдарға папаны сайлау және папа болып сайлану құқы берілгеннен кейін тіптен күшейіп кетті. Кардиналдарды кардиналдар коллегиясы жиналысы - консистории келісімімен папа тағайындайды.

Ұлттық жергілікті шіркеулердің аға епископтары примастар деп аталады. Бірақ архиепископтар (митрополиттер) сияқты примастар да тек құрметті атақ қана, өйткені кез келген елдегі католиктік епископ тікелей папаға бағынады. Рим папасы - шіркеудің өмір бойына сайланатын абсолютті билеушісі. Папаның толық титулы - Рим епископы, Иисус Христостың жердегі орынбасары, апостолдар князінің мұрагері, әлемдік шіркеудің жоғарғы понтифиі, Батыс патриархы, Италия примасы, Рим империясының архиепископы мен митрополиті, Ватикан қала-мемлекетінің монархы, Құдай құлдарының құлы. Папаны бұрынғы Ватикан басы алдыңғы папа қайтыс болған соң, осыған байланысты арнайы шақырылған жабық жиын - конклава (лат. Cum clave – кілтке жабылған) кардиналдар сайлайды. Папаны сайлау

үшін сайлаушылардың 1/3 дауысы және қосымаша бір дауыс қажет. Конклавқа қатысушылар саны 120 адамнан аспауы керек.

1870 жылы I Ватикан соборы қабылдаған Католиктік шіркеу догматына сай папа ресми үндеу *ex cathedra* жасаған (епископ кафедрасынан) кезде сенім мәселелеріне қатысты «қателеспейтін» статусына ие болды. Соңғы рет *ex cathedra* принципін 1950 жылы Құдай-Ана денесінің көкке көтерілуі догматын қабылдаған кезде Пий XII қолданды. Католиктік ілімге сай Рим папасы толық шіркеу билігіне ие. Оның бекітуінсіз бірде-бір елде католик епископы тағайындалмайды және орнынан алынбайды, собор шақырылмайды, шіркеу заңдары шықпайды. Папа өз декреттерімен және буллаларымен (маңызды құжаттары) шіркеу өмірін анықтап қана қоймай, шіркеу рәсімдері мен канондарын өзгерте алады.

Ватикан жариялаған Рим папаларының тізімінде 262 папа бар. 1523-1978 жылдар аралығында папа тағына тек итальяндықтар отырып келді. Бұл дәстүр 1978 жылы Польша кардиналы Кароль Войтыла (Иоанн Павел II) папа болып сайланғанда ғана үзілді. Католиктік шіркеудің діни қызметкерлерінің саны өте көп (194 приходта 400 мыңнан асады), монахтар саны 1 миллионға жуық. Монахтар мен священниктер үшін некесіздік (целибат) принципі міндетті болып табылады.

Католиктік шіркеудегі ерекше құрылым - монахтар ордені. Батыс еуропалық монахтықтың негізін салушы Әулие Бенедикт Нурсийский (430-550 жж.) болып саналады. Монах ордендері ерлердікі және әйелдердікі болып бөлінеді. Орденнің ішкі өмірі өз ережелерімен реттеледі (орталық билік, жоғарғылардың тапсырмасына сөзсіз бағыну). Қайыршылар орденінің (францискандар, бернардиндер, домникандар және т.б.) жарғысы өз мүшелеріне тұрақты кіріс әкелетін мүлік иеленуге тыйым салады. Бұл топтарға жатпайтын монахтық бірлестіктері шіркеу қазынасына немесе қайырымдылық мақсаттарына баратын ақша табу құқына ие. Монахтық ордендер контемплативті немесе пайымдаушылар (олардың мүшелері уақытының басым бөлігін дұға оқуға, құдайға құлшылық етуге жұмсайды) және қоғамдық пайдалы еңбекке, қайырымдылық акцияларына қатысатын белсенділер болып бөлінеді. Ал доминикандықтар, францискандар мен иезуиттер аралық буын болып табылады.

Орденге кірмес бұрын талапкерге бір жылға (екі жылға ұзартылуы мүмкін) сынақ мерзімі белгіленеді. Содан соң монах барлық қалған өміріне немесе белгілі бір кезеңге діни ант қабылдап, жарғы принциптерін, талаптар мен тыйым салуларды орыдауға міндеттенеді. Католиктік монахтыққа мүшелікке талпынғандарды (15-кестолғандар) сынау мен дайындауды новициат атайды. Ордендер (барлығы 140-тай) дүниенің түпкір-түпкірінде миссионерлік, діни-ағарту, діни-тәрбиемен айналысады. Оларға қасиетті өмір мен апостолдық өмір қоғамдары мен институттары бойынша істер Конгрегациясы жетекшілік етеді.

Католиктік Ордендер ішіндегі ең әйгілісі - иезуиттер ордені. 1534 ж. испан монахы Игнатий Лойола құрған бұл орден протестантизмге және XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы католикті модернизмге қарсы күресте маңызды рөл атқарды. Қазіргі уақытта иезуиттер орденінің 25 мың мүшесі бар. Олар 177 католик университеттері мен мәдени орталықтарына, 500 мекемелеріне жетекшілік етеді.

Қазіргі кезде священниктер мен жай діндарлардың бірлестіктері құрылуда, олардың ішіндегі ең қуатты, әрі көп таралғаны - «Opus Dei» («Құдай істері») қатаң жасырын ұйым болып табылады.

Католиктік шіркеудің әлеуметтік доктринасы Тар мағынада католиктік шіркеудің әлеуметтік доктринасы дегеніміз ресми шіркеулік құжаттарда баяндаған арнайы әлеуметтік-саяси, экономикалық, этикалық тұжырымдамалар жинағы. Кең мағынадағы «католицизмнің әлеуметтік ілімін» жасауға көптеген философтар мен теологтар өз үлесін қосты. Қазіргі католиктік әлеуметтік доктрина Лев XIII-нің «*Rerum novarum*» («Жаңа заттар», 1891) энциклопедиясынан бастап қалыптаса бастады. Бұл процесс әлі де жалғасуда. Шіркеудің әлеуметтік доктринасының ерекшелігі оның философиялық, әлеуметтанулық, этикалық негізделуінде ғана емес, сондай-ақ теологиялық тұрғыда міндетті түрде дәйектелуінде.

Еуропа елдеріндегі XIX ғасырдағы жұмысшылар мен жұмыс берушілер арасындағы қайшылық, социализм идеяларының таралуы осы доктринаның әлеуметтік алғышарттары болып табылады. Шіркеу уақыттың алға қойған осы талаптарына жауап беруді қажет деп тапты. Үш бағыттан тұрған «әлеуметтік католицизм» шіркеу доктринасының идеялық-теориялық негізін қалады. Олар әлеуметтік қақтыстарды шешу мақсатында әлеуметтік реформаларды ұсынған христиан-социалистік, либералды-демократиялық және консервативті бағыттар (Ф.Ламенне (1782-1854), Ж.Бушез (1796-1865), В. фон Кеттелер (1811-1877), А.Кольпинг (1813-1865) және т.б.).

«Әлеуметтік католицизмнің» басты сипаттары «әлеуметтік мәселенің» бар екенін түсіну, оны шешудің теориялық алғышарттарын жасау мен католиктік өндіріс бірлестіктерін, кредиттік кассаларды, ауылшаруашылық серіктестіктерді құру арқылы оны нақты шешу жолдарын іздестіру болды.

Осы қозғалыстың бірнеше идеяларын қағида ретінде қалыптастырған Лев XIII бірінші «әлеуметтік» «*Retum novarum*» энцикликінде XIX ғасырдың соңындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайғы қайшылықты шешудің негізгі міндеттерін айқындады және экономикалық қарым-қатынас субъектілеріне нақты шараларды ұсынды. Лев XIII әлеуметтік қайшылықтардың себебін қоғамдық-экономикалық құрылыстың дұрыс еместігінен, еңбек адамының қатаң қаналуынан, меншіктің аз ғана бай адамдардың қолына шоғырлануынан көрді. Бірақ осы мәселенің социалистік тұрғыдан шешілуін энциклика тіптен зиянды деп санайды, өйткені ол жеке меншікті жоюды мақсат етеді. Жеке меншік жұмысшының басты мақсаты, тұрмысын жақсартудың құралы болып табылады. Жеке меншікке қол сұғу жоғарыдан белгіленген табиғи құқыққа қайшы келеді. «*Rerum novarum*» энцикликінің шығары шіркеу өміріндегі

маңызды оқиға болды. Осы құжаттың негізгі идеяларын басшылыққа алып, заман ағымына қарай Рим папалары әр жылдары өздерінің әлеуметтік энцикликтерін шығарды. Олар миллиондаған католиктер үшін қоғамдық өмірді дұрыс түсінуге бағдар болды. «*Regum novarum*» шығарылуына қырық жыл толуына байланысты энцикликінде Пий XI папа жұмысшылар мен жұмыс берушілердің одағы ретінде корпорацияларды құру және өндірілген байлықтың бір бөлігін кәсіпорын акциясы ретінде жұмысшыларға тарату арқылы «пролетариатты депролетаризациялауды» ұсынды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлеуметтік доктринаны түбегейлі өзгерту Иоанн XXIII (1958-1963) понтикаты кезінде басталды және оның «*Mater et Magistra*» («Ана және ұстаз», 1961) және «*Pagani in terris*» («Жер бетіндегі бейбітшілік», 1963) энцикликтерінде, II Ватикан соборының құжаттарында, бірінші кезекте, Иоанн XXIII қабылдаған пасторлық «*Gaudium et spes*» («Қуаныш пен үміт») конституциясында көрініс тапты. Конституцияда адамның қазірге дүниедегі орны, оның құндылығы, қазіргі әлемдегі шіркеудің орны, отбасы құндылығы, қазіргі әлемдегі шіркеудің орны, отбасы мен неке, мәдениетті дамыту, экономикалық даму, қоғамның саяси өмірі, жаппай қарулануды тоқтату мен бейбітшілікке ықпал ету, жаңа халықаралық қауымдастықты құру, халықтар мен адамдар арасындағы сұхбат туралы сөз болды.

«*Pagani in terris*» энциклені шіркеу тарихында алғаш рет тек католиктерге ғана емес, барлық «ізгі ниетті адамдарға» арналды. Онда Иоанн XXIII католиктер өз ілімдерінің принциптерінен бас тарта алмаса да, адамзат игілігі үшін барлық салада католик еместермен де, дінге сенбейтіндермен де (коммунистер мен атеистер) ынтымақтастық орнатуы керек деп мәлімдеді. Энцикликтің негізгі идеясы әлеуметтік және халықаралық бейбітшілік идеясы болып табылады.

Иоанн XXIII Энцикликтері мен II Ватикан соборының шешімдері Католиктік шіркеудің қоғамды статикалықтан гөрі динамикалық тұрғыда қарастыруға көшкенін білдірді. Әлемнің бұрынғы статикалық суреттемесі классикалық неотомизмге негізделген еді, оған сәйкес Құдай өз ойына сай табиғи құқық арқылы «заттардың өзгермейтін тәртібін орнатты». Мұндай ұстанымда шындық құдайылық, сондықтан тұрақты және өзгермейтін болып көрінді. Католиктік шіркеудің статикалық, иерархиялық концепциясы феодалдық, кейін капиталистік қоғамдарды ақтаудың негізінде жатты. Иоанн XXIII қоғамды зерттеу мен түсінудің принциптерін өзгертті. Оның түсінуіне қоғам – «еркін және өз істеріне жауапты қоғам дамуы мен экономикалық процестерді тануға ұмтылған адамдар әректінің жемісі» («*Mater et Magistra*»). Шіркеудің әлеуметтік доктринасының статикалық үлгісінен түпкілікті бас тартуды апостолдық үндеуін де Павел I жариялады, ол бір «христиан дінінің әлеуметтік әрекетінің әр түрлі формасына алып келетінін» мойындады.

Католицизмнің әлеуметтік доктринасының дамуына Иоанн Павел II үлкен үлес қосты. Әлеуметтік жағдайды талдаудың негізі ретінде Иоанн Павел II діни тұрғыда қарастырылған адам тұлғасын алады. Оның

концепциясына сай, қоғам туралы тек тұлға мен оның құдайлық құндылығы тұрғысынан ғана айтуға болады. Папа әлеуметтік қақтығыстардың әлеуметтік-экономикалық жағдайдан туындайтынына, бірақ оның басты себебі адамның өзімен-өзінің үйлеспеуі, дүние мен адам тұтастығының бұзылуы екеніне сенімді болды. Қазіргі өркениет тудырған экологиялық және ядролық соғыс апатынан, жаппай тұтыну қоғамы кесірінен, адам құқы мен бостандықтарын аяққа басудан және т.б. құтылудың жолы ретінде католицизмнің әлеуметтік доктринасын өмірге енгізу, тұлғаның заттан, рухтың материядан жоғары екендігін мойындау ұсынылады.

Ресми ватикандық құжаттар шіркеуде тұтас экономикалық теорияның жоқтығын айта келіп, зайырлы экономикалық мектептер мен бағыттардан ерекшелігі католиктік доктрина өндірістің экономикалық-технологиялық немесе ұйымдастыру жағын талдауды мақсат етпегенін, ол бұл туралы өзінің этикалық, аксиологиялық пікірін айтқанын атап көрсетеді.

Шіркеулік қадымның мәні - әлеуметтік-экономикалық процестерге деген көзқарастың таза нормативті сипатында. Ол барлық жүйелерге этиканың экономикадан басымдылығы тұрғысына келуді ұсынады.

Шіркеудің өзі әлеуметтік доктринада ешқандай қоғамдық құрылысымен байланыспаған институт ретінде көрінеді. Ол дүниені әлеуметтік, саяси, экономикалық емес тәсілдер арқылы азат етуді мақсат еткен маңызды миссияның орындауы тиіс. Шіркеу саясаттан тыс болуы керек, оның саясаты дүниеге рухани ұстаз болу, Евангелия көмегімен адамдарға қызмет ету. Әлеуметтік доктринада соғыс пен бейбітшілік мәселесі түбегейлі қайта қаралады. Фома Аквинский негізін қалаған әлеуметтік доктринада соғыс өзін қорғау құралы (әділетті соғыс) халықаралық қатынастарға табиғи құқықты қалпына келтіру ретінде түсіндірілді.

II Ватикан соборының қарсаңында осы мәселеге қатысты шіркеуге екі бағыт қалыптасты. Бірінші бағыт (Иоанн XXIII және оның серіктері) дәстүрлі ұстанымнан бас тартып, қазіргі соғыстың жаппай соғысқа ұласуы мүмкін екендігін, сондықтан шіркеудің пацифизмді ашық қолдауы керектігін атап көрсетті. Басқа топ (неміс теологы Г.Гундлах және т.б.) пацифизмге қарсы шығып, «соғыс» ұғымдарын шатастырмау керектігін дәлелдеді. Олардың ойынша, қазіргі соғыстардың бәрі бірдей жаппай қыру қаруын қолдануға әкелмейді. Сондықтан, Фома Аквинский терминологиясы бойынша, «жеткілікті негізде» жүргізілетін соғыстың дәстүрлі түсінігі сақталатын «конвенционалдық» соғыс туралы айтуға болады. Өз кезегінде II Ватикан соборы «*Gaudium et spes*» конституциясында шіркеудің кез келген соғыстың анафемаға бере алмайтынын, өйткені халықтардың өзін-өзі қорғау құқын мойындамайтынын, әділетті соғыстан бас тарту соғысты көз жұмып мақұлдаумен тең еткенін атап өтті.

Соған қарамастан, 1980 жылдардан бастап шіркеуде абсолютті пацифизмге қатты бет бұрушылық орын алды. Бұл Иоанн Павел II позициясының Фома Аквинский көзқарастарынан ғана емес, сондай-ақ II Ватикан шешімдерінен де өзгеше екенін көрсетті.

Шіркеудің қазіргі әлеуметтік доктринасында демократия, мәдениет, отбасы, экология сияқты басқа да мәселелер көрініс тапты. Бұл мәселелердің эволюциясы оны діни тұрғыда түсіну бағытында ғана емес, қоғамды гуманистік тұрғыда қайта құруды есепке алу бағытында да іске асуда.

Ресейдегі католицизм Ежелгі Русьтің грек рәсімі бойынша 988 жылы христианшылықты қабылдауы шіркеулер бөлінгенге дейін орын алды. Сондықтан батыс христианшылдығы Русьте бастапқыда бөтен, дұшпан ретінде қабылданбады. Орыс шіркеуінде «латындық» деген грек дінбасыларының жағымсыз көзқарасы біртіндеп орныққанымен, XIII ғасырға дейін батыс пен шығыс шіркеулерінің арасындағы конфессионалдық қарама-қайшылық күнделікті тұрмысқа соншалық әсер етпеді. Орыстардың (росстар) өздерінің батыстық католиктік көршілерімен мәдени-діни байланыста болғанын Римдік-Католиктік Шіркеудің көптеген миссиялары мен XI-XII ғасырлардағы католиктік әулиелердің (әу. Папа Климентий, чех азап шегушілер Вацлав пен Людмиланы және т.б.) Русьте әулиелер ретінде мойындалуы дәлелдейді.

Орыс жерлерінің Батыс Еуропадан біртіндеп мәдени-конфессионалдық жаттануы XIII ғасырларда орын алған жағдайларға байланысты өзгере бастады. 1204 жылы крестшілер Константинопольді алғаннан кейін католиктік Батыс пен православтық Шығыс қарым-қатынасының салқындауы, христиандандыруды желеу еткен германдықтардың славяндарға агрессиясы, екі ғасырдан аса уақытқа созылып, қан төгіске ұласқан шведтермен даттардың Новгород пен Псков жерлеріне басып кіруі осыған себеп болды. Монғол шапқыншылығы мен орыс княздықтарының Алтын Орда ықпалы аймағына кіруі, олардың еуропалықтардан оқшаулануы мәдени-саяси және конфессионалдық ерекшеліктерді күшейтті. 1223 жылы Киев князі Владимир Рюриковичтің бұйрығымен алғашқы католиктік храмдар мен монастырьлардың қиратылуы осының салдары болды.

XIV-XVII ғасырлардағы ресейліктердің батыс орыс жерлері үшін (қазіргі Беларусь пен Украина) еуропалық католиктік мемлекеттер - ұлы Литва княздығымен Мәскеулік Русьтің жанжалдасуы католицизмге деген жағымсыз көзқарасты ушықтырып жіберді. Бұл жанжал XVII ғасырда Польша қолшоқпары Лжедмитрий I (Георгий Отрепьев) 1605-1606 жылдары Мәскеу тағына отырып, өзі құпия түрде католицизмді қабылдап қана қоймай, Мәскеу Кремлінің Успен Соборында католиктік дәстүрде құдайға құлшылық етуге рұқсат берген уақытында өзінің өрлеу шегіне жетті.

Римдік-Католиктік Шіркеу мен Ресей арасындағы жақындасуға деген бетбұрыс Петр I патшалық еткен уақытқа сай келді. Патша реформалары мәдени-конфессионалдық оқшауланудан бас тартуды байқатты. Бұл Ресей жерінде тұратын католиктер санының өсуіне ықпалын тигізді. Ресейдегі католик тұрғындар саны шетелдіктерді елге шақырған Екатерина II-нің 1762 жылдың 4 желтоқсанындағы Манифесінен кейін және Речь Посполитая жерін Ресей, Австрия, Пруссия үшке бөліп алғаннан кейін (1772, 1793, 1795) көп артты. XX ғасырдың басында Ресей империясындағы католиктік тұрғындар саны 10,5 миллионнан асты. Ресейде барлығы бес мың католик храмдары мен

часовнилары болды. Онда 4,3 мың священниктер қызмет жасады. Олар он екі диоцездерге (епархияларға) бөлінді. Оның жетеуі империя құрамына кірген Польша патшалығын – Варшава архиепископтығын, Келецк, Вроцлац, Любинск, Сандомирск, Плоцк, Августовск епископтарын қамтыды.

Ресейдегі римдік–католиктік епископатты Ресей үкіметі тағайындап, Ватикан бекітті. Рим куриясының католиктердің шіркеу өміріне қатысты жарлықтары Ішкі істер министрлігі бекіткеннен кейін ғана заң күшіне енді. Ресейдегі католик дінбасылары шіркеулік рәсімдерді атқарғаны үшін прихождандардан түскен ақйдан тыс қазынадан да аржы ақы алып тұрды. Ресейдің өз жерінде (шамамен қазіргі шекарасында) 1914 жылы 0,5 миллион католиктер өмір сүрді, 150-ге жуық католик храмдары болып, онда 700-дей священниктер қызмет етті. 2 рухани семинария (Санкт-Петербург пен Саратовта), Санкт-Петербуртта рухани академия бар. Санкт-Петербуркте – 72, Мәскеуде - 28 және т.б. қалаларда жеке меншік католиктік мектептер бар, Мәскеуде 3 католик госпиталі жұмыс істейді.

1917 ж. Қазан төңкерісі мен азаматтық соғыстан кейін католиктер тығыз орналасқан территориялар мемлекеттік тәуелсіздігін алды (Польша, Балтық елдері) немесе басқа мемлекеттердің құрамына кірді (Батыс Беларусь пен Батыс Украина). Соған қарамастан ресейлік католиктер қауымы әлі де болса ірі қауым болып саналды. КСРО-да (1922 жылғы шекарада) 1,5 миллион католиктер өмір сүрді. Алайда, Ватикан мен КСРО арақатынасы тым жақсармады. 1917 жылғы ақпанда патша өкіметінің құлауы, әсіресе «Шіркеудің мемлекеттен, мемлекеттің шіркеуден бөлінуі» туралы декрет (1918 ж. 23 қаңтар) бұрынғы Ресей империясы жерінде католиктік шіркеудің белсенділігін арттыруға деген үміт тудырды. Бірақ католик шіркеуі де КСРО жеріндегі барлық шіркеулердің тағдырын бөлісті (РКФСР территориясында 40 жылдар қарсаңында тек екі католик храмы - Мәскеудегі әулие Людовик және Ленинградтағы әулие Құдай-Ана Лурская храмы ғана қызмет етті. Өйткені олар Француз Республикасы елшілігінің мекемесі болып саналады).

1989-1990 жылдар аралығында Кеңестер Одағы территориясында – Литва мен Латвияда екі жетекші католиктік орталық болды. Литва Епископаты өз билігін тек Литваға таратса (мұнда 630 приход қызмет етті), Рига архиепископатының ординариаты Латвиядағы католик шіркеуімен қатар басқа республикалардағы католиктік диаспораға қызмет көрсетті (179 приход). Ресейге келсек, онда тек 12 католик приходтары болды. Олар Мәскеуде, Ленинградта, Новосибирскте, Омскіде, Прокопьевскіде, Кемеровода, Прохладноеда, Томскіде, Саратовта, Челябіде, Орск пен Орынборда орналасты. Соңғы үшеуі Қостанайда (Қазақстан) қауымында қызмет көрсетті.

Қазіргі уақытта, сталиндік репрессия мен эмиграцияға қарамастан (мысалы, немістер), католицизмді ұстанатындар (Ресейде орыс емес халықтар) әр түрлі санақтар бойынша шамамен 1,3 миллион адамға жетті. Өз тілі мен рәміздерін ұмытқан, тіпті орыс есімдерін қабылдаған олар үшін Римдік-Католиктік Шіркеу мен оның руханилығы ата-бабалардың мәдени және этникалық мұрасымен байланыстың бірден-бір тізбегі болды.

«Қайта құру» кезінде қалыптасқан жағдай католиктік шіркеу алдына елдегі католиктерді рухани азықтандыруға қабілетті құрылым құру қажеттілігін қойды. 1990-1991 жылдары Ватикан бұрыңғы КСРО, атап айтқанда, Ресей жеріндегі Римдік-Католиктік Шіркеуді реформалауға кірісті. Папа Иоанн II Минскінің апостолдық администраторы епископ Тадеуш Кондрусевичті архиепископ дәрежесіне көтеріп, Ресейдің еуропалық бөлігіндегі латын рәсімді католиктер үшін апостолдық администратор етіп тағайындады (Резиденциясы Мәскеуде орналасты). Маркс қаласының (Саратов облысы) приход шырақшасы священник Йозеф Верт епископ дәрежесіне көтеріліп, Ресейдің азиялық бөлігіндегі латын рәсімді католиктері үшін апостолдық администратор болып тағайындалды (резиденциясы Новосибирскіде). XX ғ. 90-жылдардың екінші жартысында еуропалық администратура солтүстік және шығыстық бөлу есебінен қайта құрылды.

2002 ж. ақпанда Ватиканда Иоанн Павел II-нің Ресейдегі апостолдық администратураларды, Католиктік-Шіркеудің уақытша құрлымдары болып табылатын епархияларды «Мәскеудегі Құдай-Ана» архиепархиясына, «Новосибирдегі Преображенск», «Саратовтағы әулие Климент», «Иркутскідегі әулие Иосиф» епархияларына айналдыру туралы ресми шешімі жарияланды. Ватикан, сондай-ақ, Ресей епархиялары үшін біртұтас шіркеулік провинция құру туралы шешім қабылданды. Оны митрополит ретінде архиепископ Тадеуш Кондрусевич басқарды. Римдік-Католиктік Шіркеу мұндай қайта құруларды олардың ұйымдық құрылымын шіркеулік канондық құқықтың бірыңғай стандартына сәйкестендіру қажеттілігімен түсіндірді.

Ватиканның бұл шешімі Орыс Православиелік Шіркеу тарапынан қарсылық тудырды. Олар бұдан православиенің «канондық территориясында» параллельді христиан құрылымдарын құруға деген талпыныс пен Ресейде католицизмнің прозелиттік белсенділігін арттыруға бағытталған ұмтылысты аңғарды. РФ СІМ-і католиктердің өздерінің канондалған нормаларына сай ұйымдасу құқына ешбір күмән келтірмей, бұл шешімнің Ресей жағының пікірлерімен есептестпей қабылданғанына өкініш білдірді. Өйткені ол екі шіркеу арасындағы онсыз да күрделі қатынасты одан әрі ушықтырып жіберетін еді.

Ватикан мен Ресейдің белсенді әрекетінің нәтижесінде ондаған жаңа приходтар ашылды. РФ Әділет министрлігінің деректері бойынша, 2002 жылдың қаңтарында Ресейде 256 католик приходтары болған (1917 жылы Ресейде 331 приход жұмыс жасады). 1991 жылы Мәскеуде әулие Фома Аквинский атындағы католиктік теология колледжінің негізі қаланды (ол діни қызметкерлерді емес, катехизаторларды дайындады). Оның бөлімшелері Санкт-Петербургте, Саратовта, Орынбор мен Калининградта ашылды. 1993 жылы Мәскеуде «Мария - Апостолдар Патшайымы» - жоғары рухания семинариясы (1995 ж. Санкт-Петербургке ауыстырылды) және Новосибирскіде төменгі руханият семинариясы ашылды.

1990 жылы желтоқсанда Мәскеуде «Ақиқат және Өмір» атты католиктік ақпараттық агенттігі құрылды. Осы кезден бастап орыс тілінде аттас ай

сайындық журнал шығарыла бастады. 1994 жылы «Евангелия Нұры» газеті (Мәскеудегі Апостолдық администратураның ресми органы) шығарылады. Мерзімді католиктік басылымдар Санк-Петербургте, Калининградта, Пермьде, Новосибирскіде, Красноярда, Иркутскіде, Владивостокта шығарылады. 90-жылдардың басында Мәскеуде католиктік «Рухани сұхбат» клубы құрылды. Оның мүшелері мәскеулік интеллигенция мен студент жастар болып табылады.

Осы жылдары Ресейде католиктік монахтық ордендер қызметі қайта жанданды (1724 жылдан бастап Ресейде таралған алғашқы католиктік монахтық бірлестіктер францискандар мен доминикандар болды. Ал оларға кейін августиндер, кармелиттер, мариандар және т.б. қосылды. XX ғасырдың басында Ресейде 8 – ер, 16 – әйел монастырьлары (700-дей монахтар) болды, олар 1917 жылдан кейін қызметін тоқтатты). 1992 жылы Мәскеуде Иисус-иезуиттер қоғамының бөлімшесі қайта құрылып, РФ Әділет министрлігінде тіркелді. 1995 жылы францискандар, доминикандар, кейін салезиандар, вербистер, ассумпционистер конгрегациясы құрылды.

1991 жылдан бастап Ресейде қайырымдылық қызметтерін, гуманитарлық көмекті бөлу, қарияларға, науқастар мен жетімдерге қамқорлық жасау шараларын жүзеге асыратын «Каритас» католиктік ұйымы жұмыс жасайды. «Каритас» бөлімшелері Санкт-Петербургта, Саратовта, Калининградта, Краснодарда және т.б. қалаларда орналасқан.

Православие. Православиеліктің пайда болуы Қазіргі уақытта православиелік шіркеу бірқатар автокефальды (тәуелсіз) шіркеулерден тұрады. Олардың қатарына Константинополь, Александрия, Антиохия, Иерусалим, Орыс, Польша, Чехия, Словакия, Американдық және т.б. кіреді. Автономды православие шіркеулері де кездеседі. Автономиялық шіркеулердің тәуелсіздік шеңбері оларға автономия берген автокефальды шіркеумен келісіледі. Автономды шіркеулердің басшылары жергілікті соборларда сайланады және автокефальды шіркеу патриархымен бекітіледі. Әкімшілік тұрғыда автокефальды шіркеулер экзархаттарға, епархияларға, викариаттықтарға, благочиния мен приходтарға бөлінеді. Сонымен қатар бірнеше автокефальды шіркеулердің басқа православиелік шіркеулерде миссиялары, благочиниялары мен подворьялары бар.

Барлық православиелік шіркеулер үшін діни ілім, культ, канондық іс-әрекет ортақ болып табылады. Дін тарихын зерттегенде діни ұйымдардың құрылуы сол жерлердегі әлеуметтік-саяси құрылымдармен тығыз байланысты болатынына назар аудару қажет. Шығыс христианшылдығы Византияда мемлекеттік биліктің аса орталықтанған жағдайында әрекет етті, сондықтан шіркеу бірден мемлекетке бағынышты болды, ал шіркеуге император басшылық жасады. Батыс христианшылдығы біртіндеп қоғамның барлық салаларына өз билігін жүргізуге ұмтылған ұйымға айналды. Сондай-ақ шығыс және батыс христианшылдықтың айырмашылығына рухани мәдениет дамуының ерекшеліктері де әсер етті. Грек христианшылдығы онтологиялық, философиялық мәселелерге көп көңіл бөлсе, батыс заңгерлік-құқықтық мәселелерге басты назар аударды.

V ғасырдың басында Рим империясы Батыстық пен Шығыстық болып екіге бөлінді. Шығыс біртұтас мемлекеттікті сақтап қалды. Батыс болса бытыраңқы князьдықтардың конгломератына айналды. Көп кешікпей оларды германдықтар жаулап алды. VI ғасырда Константинополь Римді варварлардан азат етті. Сөйтіп, Рим византиялық императорлардың тәуелдігіне түсті. Константинопольдық Патриарх өзін әлемдік, яғни батыс және шығыс шіркеулерінің басы деп атады. Алайда Рим папалары шіркеуді елеулі экономикалық күшке айналдырып, оның саяси беделін арттырды.

VII ғасырдың ортасынан бастап Византия Араб халифатының шапқыншылығына ұшырады. Халифат Антиохияны, Александрияны, Иерусалим мен Сирияны, ал славяндар Балқан түбегін жаулап алды. Сөйтіп Италия Византияның ықпалынан азат бола бастады. Византияны саяси-идеологиялық қарама-қайшылықтар да әлсіретіп жіберді. VIII ғасырда Рим шіркеуі Византияның қол астынан шығады. Сөйтіп, папалық аймақ құрылады. Осы кезден бастап папалар билігі күшейе бастады. Ал IX ғасырда Рим мен Византия арасында территориялық дау туады. Екеуі де Сицилия мен Оңтүстік Италиядан үміттенеді. Моравияның христиандықты қабылдауы жағдайды одан әрі ушықтырып жіберді. Моравия христиандықты Римнен қабылдаған еді. Алайда Папа диктатынан құтылуға ұмтылған Моравия 863 жылы Константинопольдан рухани миссияны - Кирилл мен Мифодийді шықырады. Болгарлар топтастырушылық, реттеушілік қабілетін жоғалтты. Барлық ежелгі славяндық құдайлар тайпалық көлемдегі құдайлар болып қалды. Сондықтан қалыптасып келе жатқан жас мемлекетке біріктіретін бір Құдай идеясы қажет болды. Руське этникалық ерекшеліктерден таза бір құдай керек еді. Құдай туралы христиандық түсініктер осы талаптарға сай келді.

Жаңа діннің қажеттілігі бірқатар халықаралық себептерден де туындады. Русь христиандық орныққан Византиямен, Батыс Еуропамен байланыс жасап тұрды. Осы байланыстарды нығайту үшін ортақ идеялық негіз қажет болды. Киев Русы Византиямен тығыз мәдени-сауда байланысын орнатты. Ұлы князь маңындағыларға шіркеудің зайырлы билікке бағынуы, діни қызметтерді ана тілінде өткізу мүмкіндігі қатты ұнады.

Киев князі Владимир I Святославич ұлы реформатор еді. Ол әкімшілік, діни, әскери, қаржы және т.б. реформаларды іске асырды. Христиандықты қабылдағанда ол осы тарихи қажеттілікті, аса ауыр міндетті орындау үшін үлкен ерік-жігер керек екендігін жақсы түсінді. «Жылнамаларда» «сенімді таңдау» туралы айтылады. Сонда әр түрлі дін өкілдері Владимирге өз діндерін ұсынды. Бірақ ол тек православиені таңдайды. Жылнамалар мәтініне қарасақ «пұтқа табынушылар» Владимир I билік құрған уақыттарда да, оның мұрагерлері тұсында да, Киевтің өз жерінде де, орыс колонияларында да (мысалы, Ростов, Вятка, Вологод жерлерінде) христиан дінін қабылдауға қарсылық көрсеткен сияқты. Сондықтан Рустің христианшылдықты қабылдауы бір сәттік іс болған жоқ.

Христиандықты қабылдаған соң Владимирдің ұлы Ярослав Мудрыйдың (шамасы 978-1054) кезінде Киевте Константинопольден шақырылған грек

митрополиті басқаратын митрополия құрылды. Митрополия, негізінен, грек епископтары басқарған епархияларға бөлінеді. Татар-монғол шапқыншылығына дейін Орыс Православиелік шіркеуінде 16 епархия болды. 988-1447 жылдар аралығында Орыс Православиелік шіркеуі Константинополь патриархатының юрисдикциясында болды, ал оның бас попы Константинопольде тағайындалды. Алайда Константинопольдің араласуынсыз да Киев кафедрасында Киев князьдарының сайлауымен орыс митрополиттерінің бекітілген кездері тарихтан белгілі. 1051 жылы Орыс Православиелік шіркеуінің бас попы болып Брестов селосының пресвитері Илларион, ал 1147 жылы Смоленск епископы Климент Сиолятич тағайындалды.

Орыс митрополиясы аумағындағы шіркеулік мәселелер Киев митрополиті епископтарының қатысуымен шешіліп отырды. Владимир кезінде-ақ шіркеу «десятина» алып отырды. Сөйтіп аз уақыт ішінде шіркеу ірі феодалдық ұйымға айналды. Князьдардың көмегімен көптеген шіркеулер салынды. 1037 жылы Константинопольдық үлгіде Киевтегі басты соборлық храм - әулие София соборының іргетасы қаланды. 1050 жылы осы атаулас собор Новгородта тұрғызылды. Ярослав Мудрый князьдық құрған кездері 1037 жылы әулие Георгий, әулие Ирина монастырьларының негізі қаланды. XI ғасырдың 50-ші жылдары ежелгі орыс монастырьларының ішіндегі шоқтығы биігі - Киев Печорский монастыры бой көтерді, негізін қалаушылар Антоний және Феодосий. Печорскийлер орыс монахтығының негізін қалағандар болып саналды [6].

XII ғасырда шіркеу иерархиясы князьдармен бірігіп, орыс шіркеуінің Византиядан тәуелсіздігі үшін күресті бастайды.

Мәскеу мемлекетіндегі православиелік шіркеу XIII ғасырдың соңында митрополиттік кафедра Владимир-на-Клязмеге көшіріледі. Ал 1325 жылы митрополит Петр оны Мәскеуге көшіреді. Татар-монғолдар тарапынан төнген қауіп митрополиттің Киевте қалуына мүмкіндік бермеді. Солтүстік-Шығыс Русь князьдары, әсіресе Мәскеулік Даниловичтер шіркеуге жан-жақты қолдау жасап, қамқорлыққа алды. XIV-XVI ғасырларда Русьте көптеген монастырьлар пайда болды. Бұл орыс монахтығының гүлденген уақыты еді. Мәскеудің оңтүстігіне қарай орналасқан монастырьлардың әкімшілік-саяси рөлі зор болса, ал солтүстіктегілері отарлау орталықтарына айналып, миссионерлік және ағартушылық қызмет атқарды. Солтүстік монастырьларда исахастық практика кең таралды. Сергей Радонежский шәкірттері көптеген монастырьлардың іргетасын қалады.

XV ғасырда Византия тәуелсіздігін жоғалту қарсаңында Орыс Православиелік шіркеуі іс жүзінде Константинополь патриархатына тәуелсіз болды. 1448 жылы Константинополь патриархатының келісімінсіз архиерейлік Собор Рязань епископы Ионаны Мәскеу митрополиті етіп сайлады. 1589 жылы патша Федор Иоанновичтің ұсынысымен шығыс патриархтары қатысқан помещьелік Собор шақырылып, онда митрополит Иова патриарх болып сайланды. 1590 жылы Константинополь патриархы Иеремия II шақырған

Константинополь Соборы автокефальды Орыс Православиелік Шіркеудің патриархтығын мойындап, Мәскеу мен барлық Русь патриархына автокефальды православиелік шіркеу басшылығы иерархиясындағы бесінші орынды белгіледі.

Константинопольден еркіндік алғанымен, Орыс Православиелік шіркеуі мемлекетке тәуелді болды. Мәскеу билеушілері шіркеудің ішкі істеріне араласып, оның құқын шектеп отырды. XVI ғасырдағы шіркеу мен билік арақатынасы нестяжательдер мен иосифляндар арасындағы пікір-таластың негізгі мәселесіне айналды.

Иосиф Волоцкийді жақтаушылар тәртіп орындату үшін биліктің зұлымдылыққа бару қажеттілігіне көз жұмған шіркеу мемлекеттік билікке бағынуы керек деп санады. Билік пен ынтымақтасқан шіркеу мемлекеттің күш-қуатын еретиктермен күресте кең қолданды.

Нестяжательдер шіркеу рухани міндеттерді атқаруы керек, ол үшін шіркеулік мүлік аса қажет емес деп санады. Нил Сорский храмдардағы бай мүлікке қарсы шығып, садақа шіркеуге емес, қайыршыларға берілуі керек. Монастырьларға ешқандай байлық пен жерлер керек емес. Монахтар тек өз еңбегімен күн көрулері қажет деді.

XVII-XVIII ғғ. шіркеушілік күрес Діни кітаптарға түзетулер енгізіп, бірқатар рәсімдерді өзгерткен Никон орыс шіркеулерінің ортодоксальдылығын және оның басқа христиан шіркеулерінен артықшылығын дәлелдеуге ұмтылды. Алексей Михайлович патша патриарх реформаларын қолдады, ал 1655-1656 жылдары өткен жергілікті Собор оларды мақұлдады. Бірақ шіркеулік басқарудың орталықтануы боярлар мен көпестердің, төменгі діни қызметкерлер мен шаруалардың басым көпшілігінің наразылығын тудырды. Сөйтіп шіркеу ішінде жіктелу тудырған дағдарыс бсталды.

Никон енгізген жаңалықтарға қарсы шыққан ескі рәсімшілер олардың көне христиандыққа сәйкестігін теріске шығарды. Олар жаңалықтарды - «шайтанның аздыруы» (патшаны – «антихрист», ал Никонды «ит») деп атады. Сөйтіп шіркеу мен мемлекет билігі құдайылық емес және заңсыз деп танылды. Атаққұмар Никонның зайырлы билікті рухани билікке бағындырғысы келген талпынысы сәтсіз аяқталды. Жергілікті Собор 1667 Никонды айыптап, атағынан айырды. Жіктелу нәтижесінде ескі рәсімшілердің екі тобы құрылды: попшылар және попсыздар. XVIII ғасырдың ортасында әлеуметтік-саяси қайшылықтар әртүрлі жаңа ағымдардың құрылуына алып келді. Олардың ішіндегі неғұрлым маңыздылары «рухани христиандар» - молокандар мен духоборлар болды. Молокандар құдайлық ақиқаттың бірден-бір негізі - Библия деп санады.

XVIII ғасырда мемлекеттік шаруалар арасында пайда болған рухани христиандар бағыты - духоборлар. Олар да молокандар сияқты монастырьлар мен монахтықты, рәсімдер мен құпияларды мойындамады. Сенімнің негізгі кітабы деп духоборлар Библияны емес, «Өмір кітабын» санады. Құдай - «Өмір кітабында» мәңгілік жақсылық. Иисус Христос - құдайлық парасат дамыған адам ретінде қарастырылады. Молокандар сияқты духоборлар да шет аймаққа

жер аударылды. XVII ғасырдың ортасына қарай оброкшыл шаруалар арасында христоверлер ағымы пайда болды. Олар шіркеу институтын, православиелік шіркеулік рәсімдерді мойындамады. Діни қызметтің негізгі формасы христоверлер үшін Қасиетті рухпен тұтасу мақсатындағы «зікір салу» болды. Христоверлерден адамгершілікке жетудің басты тетігі ерлер мен әйелдерді піштіру деп санаған фанатик-діндарлардың аз тобы бөлініп шықты.

XVIII ғасырдағы шіркеу реформасы. Ресей империясындағы орыс православиелік шіркеуі Патриарх Никонның мемлекеттік билікті иерократия құру арқылы шіркеуге бағындырмақ болған талпынысына Петр I реформалары тарихи жаулап алды. Оның барысында шіркеу мемлекеттік билікке түпкілікті бағындырылды. Петр I (1672-1725 жж.) патриаршылдықты таратып, 1721 жылы император жарлығымен бекітілген обер-прокурор басқаратын Синодты құрды. Синод арқылы император шіркеу өмірін бақылап отырды.

Ектерина II шіркеуді секуляризациялау саясатын одан әрі жалғастырды. 1764 жылы 26 ақпандағы Манифест шіркеу жерлерінің басым бөлігін мемлекеттік орган - Синодтық басқарудың экономиялық коллегиясына тапсырды.

Петр I кезінде-ақ монахшылдық үшін шектеулер енгізілді. Осыған орай, монахтар саны азайтылды, монастырьлар жабылды. Анна Иоановна билік құрған 1734 жылы монахтар санын азайту туралы заң шықты. Ол 1760 жылға дейін күшінде болды. Монахтарға тек отставкаға шыққан солдаттар мен әйелі өлген священниктерді ғана қабылдауға рұхсат етілді. XVIII ғасырдың соңына қарай шіркеуге қатысты өкімет саясаты өзгереді. Шіркеуге кейбір жеңілдіктер беріліп, шіркеулік мүлік қайтарылды. 1791 жылы 5-сәуірдегі Павел I Манифесті бойынша император Орыс Православиелік шіркеуінің басы болып жарияланды. 1842 жылдан бастап өкімет священниктерге мемлекет қызметкерлері ретінде жалақы төлей бастады. Діни білімді дамытуға Мәскеу митрополиті Филарет көп еңбек сіңірді. XIX ғасырдың екінші жартысында діни оқу орындары діни-рухани мәдениет орталықтарына айналды.

Ресейлік православиелік миссионерліктің негізін Стефан Пермский қалады. Орыс миссиялары христиан ілімімен қатар Сібір мен Қиыр Шығыс халықтарына жаңа тұрмыс салты мен сауаттылықты таратты. Православтық миссионерлер Америкада, Қытайда, Жапонияда, Кореяда әрекет етті. 1801-1820 жылдары Пекиндегі миссияны атақты қытайтанушы Иоакимф басқарды.

Жаңа қоғамдық-тарихи жағдайлардағы православиелік шіркеу Самодержавие құлағаннан кейін шіркеу өзінің басқару жүйесін нығайту үшін бірқатар іс-шараларды іске асырды. 1917 жылы 15-тамызда Собор жиналып, патриаршылдықты қалпына келтірді. 1917 жылы 18-қарашада Мәскеу митрополиті Тихон патриарх болып сайланды. 1922 жылы мамырда патриарх қылмыстық жауапқа тартылды. Ол мемлекет пен шіркеудің тайталасының шіркеу үшін ауыр зардаптары болуы мүмкін екенін түсінді. Православиелік культтің маңызды элементтерінің бірі - мейрамдар. Олардың ішіндегі ең салтанаттысы Пасха болып табылды. Олар Христостың туылған күні - Рождество Христово, Троица немесе Пятидесятница және т.б. мерекелерді атап

өтеді. Ұлы мейрамдар қатарына православие құдайдың сүндеттелуін, Иоанн шоқындырушының, Петр мен Павелдың туған күнін және т.б. жатқызады.

Әлеуметтік концепцияның негіздері 2000 жылдың 13-16 тамызында Орыс православиелік шіркеуінің мерейлі Архиерейлік Соборы өтті. Онда «Орыс Православиелік шіркеуінің әлеуметтік концепциясының негізі» қабылданды. Экономикалық салада шіркеу меншіктің көп формалылығын мойындайды. Авторлар барлық игіліктер Адамға құдайдан келеді дейді. Христиандық тұрғыдан еңбек өзінше құндылық болып табылмайды, еңбек Құдаймен байланысқанда, оның адам мен дүние туралы мақсатын орындауға бағытталғанда ғана игілік болып табылады. Адам мен табиғат қарым-қатынасындағы дағдарысқа православиелік баға беру назардан тыс қалмаған. Мемлекет пен шіркеу қарым-қатынасына да көп көңіл бөлінеді. Шіркеу мен мемлекеттің қарым-қатынасы «бір-бірінің ісіне араласпау» принципіне негізделеді. Әлеуметтік концепция шіркеу мен мемлекеттің халық игілігі үшін бірігіп белсенді әрекет етуіне мүмкіндік береді. Олардың қатарына халықаралық, ұлтаралық, азаматтық деңгейде бейбітшілікті сақтауға, рухани-мәдени, адамгершілік, ұлтжандылық білім мен тәрбие беру, тарихи мұраны сақтап, қалпына келтіру, денсаулық сақтау және т.б. жатады. Құжатта адамдардың денсаулығын сақтау, отбасын нығайту, тұлғаны дамыту, әйелдерге қамқорлық көрсету қарастырылады.

«Орыс Православиелік Шіркеуінің әлеуметтік концепциясының негіздері» [7] шіркеу ұйымдары үшін мемлекеттік билікпен қарым-қатынас жасаудың нұсқауы болып табылады. Қоғам мен мемлекет өзгерген сайын және бұл салаларда жаңа мәселелер туындаған сайын шіркеудің әлеуметтік ілімі де дамып, жетіліп отырады.

2.3 Исламдағы негізгі бағыттар

Ислам үш бағытқа бөлінеді – мұсылман әлеміндегі ең көп жақтастары бар сунниттік бағыт, шииттік және хариджиттік бағыт. Олардың пайда болуы, ең алдымен, мұсылман қауымдығы билік үшін күреске және саяси мотивке байланысты еді.

Хариджиттер Хариджиттер алғашқы араб жаугершіліктерінде және халифаттағы саяси-әлеуметтік қайшылықтардың күшею кезеңінде пайда болды. 656 жылы Осман ең ірі, әрі ең ауқатты Омейядтар әулетінен шыққан үшінші «тақа халиф» өлтіргеннен кейін халиф болып Али тағайындалды. Оған Омейядтардың қойып отырған Сирияның наместнигі Муавия қарсылық танытты. Оның еш дәлелсіз Алиді Османды өлтірдің деп айыптауы мен оның билікке құқығын мойындаудан бас тартуы өзара соғысқа алып келді. Сиффин маңындағы шайқас кезінде (675 ж.) Евфрат өзенінде Али соғысты тоқтатуға келісім беріп, аралық сот арқылы биліктің кімге өтуі тиістілігін шешпек болады. Өздерінің бастығы мен қолбасшының ымырашылдығы мен тартыншықтығының көңілі қалған Алидің сарбаздары оған наразылық білдіреді. Оның қолынан 12 мың адам бөлініп шығып, Алиді қолдаудан бас тартты. Олар «Құдай мен халық қалауынан бөлек халиф жоқ» - деген ұран ұстанады. Осы оқиғамен, яғни сарбаздардың - Алидің бұрынғы жақтастарының

бір бөлігінің – қатардан шығуымен хариджиттік қозғалыстың (ар. хаваридж - бөлек шыққандар, кетіп қалғандар) атауы байланысты.

Хариджиттер ислам тарихындағы ең ежелгі діни-саяси топ болған. Исламдағы тұңғыш бөлініс пен хариджизмнің шығуы мұсылман қауымында одан ертеден-ақ даярланып қойған болатын, бірақ бұған дейін ашықтан-ашық көрінбеген еді. Ал Сиффиндегі шайқас оған түрткі болған. Соны пайдаланып оппозиционерлер ашықтан-ашық өздерін көрсетті. Хариджиттер өздерінің халифтерін сайлап алды, сөйтіп Али мен Муавийді мойындамайтындығын жариялап, олармен қолға қару алып күреседі. Хариджиттердің арасынан шыққан біреу Алиді өлтіріп тынады. VIII ғ. екінші жартысының басында хариджиттер арасында бір-бірімен бәсекелес топтар шығы бастады - азракиттер, ибадиттер, суфриттер. Хариджиттердің өз ішіндегі бытыраңқылық олардың күшін әлсіретті, әйтсе де, орталық билік үшін хариджиттердің жүргізіп отырған зор көтерілістері халифаттағы жағдайды орнықсыз етті. Хариджиттер, әсіресе, Иран мен Иракта, Аравия мен Солтүстік Африкада мығым орнығып алған. X ғ. бастап хариджиттердің ықпалы бірден төмендеп кетті. Қазірде хариджиттердің аз-маз ғана қауымы Оманда, Алжирде және Ливияда сақталған.

Хариджиттер Исламдағы билік теориясына байланысты догматикалық сұрақтарды даярлауға көп үлес қосты. «Тайпалық демократия» тұғырнамасын ұстана отырып, олар халиф жоғары билікті тек қана сайлану жолымен алуы тиіс деп есептелді. Егер де, ол өзіне қойылған талаптар деңгейінен көріне алмаса, онда қауым алып тастауға, ал керек болған жағдайда - өлтіруге дейін бара алады. Халиф болып кез келген дінді ұстанған адам тегіне, әлеуметтік статусына және ұлтына қарамай сайлана алады. Билікке үміткер жанға қойылатын басты талаптар - оның Құран мен Суннаны қатаң ұстануы, мұсылман қауымының өкілдеріне әділетті қарауы және сол қауымның мүддесін қолына қару алып қорғауға шамасының келетіндей болуы керек. Халиф - мұсылман қауымының басты өкілетті тұлғасы және де әскер басшысы болып есептеледі. Оған ешқандай алып бара жатқан қасиеттілік тиістірілмейді. Егер қайбір жергілікті қауым басқаларына бөлек орналасса, онда әлгілер өз алдарына халиф сайлай алады.

Хариджиттер заңды халифтар деп Абу Бакр мен Омарды есептеген. Келіссөз жүргізу арқылы Муавиямен ортадағы дауды шешуге ұмтылған Али, хариджиттер түсінігінде, өзінің халифатқа иелік құқығын жоғалтты. Өйткені ол «Алла ғана соттай алады» деген принципті бұзса керек. Саяси тұрғыдан алғанда хариджиттер радикалды көңіл күйлер тудырушылар болды, ал діни тұрғыдан алғанда олар исламның «тазалығын» сақтауда және әдет-ғұрыптарды қатаң қадағалауда ештеңеден тайынбайтын топ еді.

Шииттер мен сунниттер Исламдағы шииттік бағыт Мұхаммед пайғамбардың жалғыз мирасқоры төртінші «тақуа халиф» Али мен оның ұрпақтарын ғана мойындайтын мұсылмандардың басын біріктіреді. Шиизм (ар. «шиа» – топ, партия) де, исламның өзі сынды, өз алдына біріккен біртұтас жүйе болып табылмайды. Ол - көптеген секталар мен бағыттарға бөлініп кеткен өте бытыраңқы бағыт. Шииттердің жіктелуі діни-саяси көшбасшылық

мәселесіне байланысты қақтығысулар, алауыздықтар нәтижесінде жүріп отырды. VII ғ.-дың өзінде-ақ шииттер ішінде екі бағыт – байыпты және радикал (шектен шыққан) шииттер қалыптасқан болатын. Олар біраз уақыт өткен соң түбегейлі өзгеріске ұшырады. Бастапқыда шииттер діни сипаттағы жаңа жүйе бола қоймаған еді, олар тек біраз уақыттан соң ғана догматикалық рәсімдеуді басынан өткізді.

Шиат Алм (Али партиясы) деген саяси ағым үшінші «тақуа халиф» Османның басқаруы кезеңінде дүниеге келген болатын. Оның пайда болуына қауымды рухани және зайырлы басқарудағы сабақтастық туралы дау-дамайдың туындауы себепкер болды. Жоғары билікке үміткер болуға Алидің жөні бар екендігіне байланысты уәж айтылды, яғни оның исламның негізін салушымен туыстастығы (ол Мұхаммед пайғамбардың жиен інісі болған әрі оның қызы Фатимаға үйленген) туралы сөз болды. Оған қоса, Алидің жеке тұлғалық қасиеттері де басым айтылатын. Шииттік дәстүрлер оны нағыз аңыздағы батырдай, исламның кіршіксіз таза жауынгердей етіп суреттейді: өте діндар, атаққұмарлық пен дүниеқоңыздықтан жұрдай, жүректі сарбаз, ары таза жан, мораль мәселелеріне келгенде пәк әрі адал адам болған дейді. 661 ж. оның қайғылы қазасынан кейін Алиді қолдаушылар қозғалысының мүшелері оның ұрпақтары ғана исламдық қауым-мемлекеттегі жоғары билікке ие болуы тиіс деп шықты.

Шииттердің діни доктринасының негізін қалаған Абдалла ибн Саба деп есептеледі. Ол шеткі шииттердің көшбасшысы болған (VII ғасырдың орта шені). Оның есімімен әрбір пайғамбардың, соның арасында Мұхаммедтің де «рухани өсиетхатын қабылдаушысы» (васи) болатындығы туралы идея байланыстырылады. Алиді васи деп жариялау оның тегінің таңдаулы екендігіне баса назар аударатын. Алидің көзі тірісінің өзінде-ақ, оның айналасындағылардың ішінде оны құдайдай көріп, пір тұтқан адамдар кездескен. Шииттердің діни ілімінің рәсімделу кезеңі Аббаситтер әулетінің орнығу уақытымен, яғни VII ғ.соңынан VIII ғ. ортасына дейінгі дәуірмен анықталады. Оған қастандық жасалғаннан кейін жараланып өлген Алидің қасіретінің культі және Кербалада 680 жылы өлтірілген оның баласы – Хусейннің тартқан азабы – шииттердің діни ағымға айналуына әкелген факторлар еді.

Шииттердің көптеген бағыттары мен ағымдарының пайда болуына, сол сияқты, алуан догматикалық мектептер мен секталардың туындауына алғышарттар ертедегі шииттік қозғалыстың өзінде болған еді (VII ғ. екінші жартысы – VIII ғ. басы). Бір жағынан, ол Алидің өзінің ұстанған ішкі бағыттының жолы болуымен де байланысты. Соның нәтижесінде, ол өз жақтаушыларының ішіндегі іріткіге жол беріп алды. Оған қоса, Алидің әулетінің өзінде ішкі бірлік болмады. Басқа жағынан алғанда, ертешииттік қозғалыстың өзіндік идеялық бастауы да жоқ еді (оның рөлін сәл кейініректе «шешендіктің жолы» деген Али халифтың айтқандарының жинағы мен шиит догматикасын жасаушылардың еңбектері атқарды). Шииттерде барлық ислам жолын ұстанушыларға ортақ бастау – Құранға иек артты. Рухани билікті

Алидің мұрагерлігіне беру туралы жалпы принцип – имамат (ар. «қауымның жетекшілері») о бастан берілген, бекітілген дүние болмайды. Нәтижесінде заңды талапкерді анықтау барысында өте күрделі, кейде, тіпті шешілместей мәселелер туындап отырған еді. Әрбір шииттік имам қайтыс болғаннан кейін оның орнын кім басатындығы туралы алауыздық басталып кететін, сөйтіп Алидің әулетінің мұсылман қауымында билік етуге елден асқан құқы барлығын бұлжымайтын қағида деп танитын.

Шииттер, сунниттер сияқты, Суннаны мұсылман дін ілімінің екінші көзі, бастауы деп есептейді. Бірақ олардың сунниттерден бір ерекшелігі мынада: олар бірінші топтағы аса абыройлы тұлғалар деп төртінші «тақуа халиф» Алиді, оның жақын әріптестерін, сонымен бірге Али әулетінен шыққан имамдарды таниды. Өздерінің аңыздарын шииттер әдетте ахбар (ар. «хабар, мәлімет») деп айтады. Олар Мұхаммед пайғамбардың замандастарының - Алидің қарсыластарының қалдырған аңыздарын жалған деп мойындамайды. Шииттік ахбарлар сунниттік ахбарлармен салыстырғанда кейініректегі ахбарлар болып табылады. Олардың өзіндік канонизациялану процесі X-XI ғғ. тиесілі. Мұсылмандардың қасиетті аңыздарын жинаушы шииттік діндарлар арасынан Мұхаммед аль-Кумми (903 ж. өлген), аль-Кулайни (939 ж. өлген), Мұхаммед ат-Тусидің (1067/8 ж. өлген) аттары әйгілі.

Шииттерде сунниттерге қарағанда қасірет шеккенді, азап тартқан жанды пір тұту кең тарған. Дін жолында азаптану идеясына, Али мен оның баласы Хусейннен басталған біраз шииттік имамдардың қайғылы тағдырларына шииттер басты назар аударады. Аңыз бойынша Алидің сүйегі жерленген Неджеф қаласы, «ұлы азап тартушы» Хусейннің көмілген жері деп есептелетін тұста орналасқан Кербаладағы (Ирак) мешіт – шииттердің киелі орындары болып есептеледі, сонда олар қажылық жасайды. Шииттер табынатын тағы бір жерлер – Ирандағы Кум мен Мешхед қалалары.

Шииттік тәжірибеде кең орын алған принцип такия (ар. «байқампаздық, естілік, ақылдылық») – «өз сеніміңді ақылмен жасырып-жабу» принципі, яғни адамның жеке басының қауіпсіздігіне қатер төнген жағдайда, әлде жамағаттың ортақ мүддесін көздеу мақсатында өз дініне, сеніміне жан дүниенде берік бола тұра, іс жүзінде – оған қарсы келетін нәрселер жасау мен айтуға рұқсат етіледі. Шииттер бұндайға жайдан-жай жол беріп отырған жоқ. Өйткені олар – өз тарихында саны жағынан азғантай болып, көбінде біраз қысым көрген жандар.

Сунниттер Исламдағы ең ірі бағыт – сунниттер. Әлемдегі мұсылмандардың 90% сунниттік исламды ұстанады. Сунниттердің толық атауы – «Сунна мен қауым бірлігінің адамдары» – дәстүрлі исламның маңызды принциптерін танытады. Яғни олардың киелі мұрада бекітілген ислам құндылықтарына беріктігін, жамағаттың өмірлік маңызы бар мәселеледі шешудегі жетекші рөлін мойындайды. Сунниттерге тән белгілердің негізгілеріне: төрт «тақуа халифтердің» заңды билігін мойындау; алты «қағидалы» хадис жинақтарынан дәйектілігіне күмән келтірмеу; сунниттік төрт құқықтық мектептердің біріне тиесілі болу (маликиттік, шафииттік, ханифиттік немесе ханбалиттік) жатады [8]. Шииттерден сунниттердің айырмашылығы –

олардың Алла мен адам арасында Мұхаммед пайғамбардан соң елшілік етуші жан жоқ деген идеяны жоққа шығаратындығы.

Олар Алидің «құдайи» табиғатын да қабыл алмайды әрі оның ұрапақтарының мұсылман қауымында рухани билік жүргізуі тиіс дегенді де мақұлдамайды. Хронологиялық тұрғыдан алғанда сунниттер шииттерден кейін, соларға реакция, жауап ретінде пайда болды. X-XI ғғ. суннизм дербес ағым болып шықты. Бастапқыда ол шииттік исламға қарсылық ретінде қабылданатын. Суннизмнің аясында ерекше секталар пайда бола қойған жоқ. Бұл жағы оны шиизмнен бөлектеп тұрады.

Шииттік секталар Кең тараған исламдық жіктемелердің біреуіне сай, шииттік бес үлкен секталар бар. Олар өз алдына одан да кішірек құрылымдарға бөлінген екен. Оларға: кайсаниттер, зейдиттер, имамиттер, «шеткі» шииттер және исмаилиттер жатады.

Шииттер арасында Алидің ұлдары Хасан мен Хусейннің ажалынан кейін кайсаниттер бірінші болып бөлек шықты. Олар Мұхаммед ибн аль-Ханафияны (700 ж. шамасында өлген) имам деп жариялады. Ол – Алидің ханиф тайпасынан шаққан күннен туған баласы болатын. Шииттердің көп бөлігі бұл сайлаудан бас тартты. Өйткені Мұхаммед ибн аль-Ханафия Пайғамбардың қызының баласы емес еді. Кайсаниттер шеткі шииттерге жатады. Олар өздерінің мойнына «жазықсыз өлтірілген» Хусейн үшін кек қайтаруды жүктеген. Кайсаниттер Мұхаммед ибн-Ханафияны Мұхаммедтің Пайғамбарлығының отын Али арқылы қабылдаушы және киелі білімге иегер деп жариялады.

Мұхаммед ибн аль-Ханафияның өлімінен соң оның ізбасарлары бірнеше секталарға және бағыттарға бөлініп кетті. Біреулері оның өлімін жоққа шығарып, оның қайта келуін күтті. Басқалары – имам деп Абу Хашимді, Мұхаммед ибн аль-Ханафияның ұлын жариялады. Үшіншілері – Абу Хашимнен имамат Аббасидтер тегіне өтті деп насихаттады. Кайсаниттердің ортасында жаңа жағдайлардың пайда болуынан туындаған құдайи пікірдің өзгеруі туралы ілім даярланды. Бұл доктриналық даярлық болатын оқиғаларды білуге шииттік имамдарға өздерінің жорамалдарынан, олар орындалмаған жағдайда, құдайи пікірдің өзгеруіне сілтеп, бас тартуға мүмкіндік берді. Кайсаниттер қауымдары IX ғ. ортасына дейін тіршілік етті.

Мұхаммед ибн аль-Ханафияның кандидатурасын итеріп тастағандар төртінші имам ретінде Хусейннің Кіші Али деп атап кеткен және діндарлардың Әшекей (713/14 ж. өлген) деп аталып кеткен ұлын мойындаған. Оның мирасқоры ретінде ұлы – Мұхаммед аль-Бакир тағайындалды. Оны шииттердің көбі мойындағанмен де, Мұхаммед аль-Бакирдің саяси енжарлығына көңілі толмаған бөлігі оның оған қарағанда белсендірек ағасы – Зайд ибн Алидің маңына топтасты. Ол Куфадағы Омейядтарға қарсы көтерілісті басқарды, сөйтіп шайқас үстінде (740 ж.) қайтыс болды. Оның жақтастары зейдиттік деген атау алған жеке сектаға бірігіп, бөлініп кетті. Зейдтердің негізгі мақсаты - Али әулетінен тараған имам басқаратын теократиялық мемлекет құру болды. Зейд – Алидің шөбересі, бесінші имам деп танылды. Зейдиттер Иранда, Иракта,

Хиджазда, сол сияқты Йеменде де орналасқан. Аталған жерлерде олар терең тамыр жайып, өздерінің мемлекеттерін құрды.

Зейдиттердің жоғары билік туралы іліміне сай, имаматқа келуге тек қана «Пайғамбар әулетінің» ғана құқы бар, яғни имамат тек Фатимадан және оның ұрпақтарынан бастау алуы тиіс делінеді. Өйткені оның үлкен ұлы – Хасаннан болсын, кіші ұлы – Хусейннен болсын ұрпақтарының билікке бірдей құқы бар. Имаматқа деген құқы болу үшін шешуші шарт ретінде зейдиттер билікке үміткердің сол билік үшін қарулы күреске халі жарайтындай болуына қарайды. Басқа шииттермен салыстырғанда, зейдиттер алғашқы үш халифтерді билікті бір уысқа ұстаған узурпатор деп есептемейді. Олар Алиді Мұхаммедтің өзінің мирасқоры ретінде ең алдымен Алидің жеке тұлғалық, қадыр-қасиетіне қарап таңдағанына сенімді. Зейдтің өлімінен соң имамат, зейдиттер ілімі бойынша, өзінің мирасқорлық қасиетін жоғалтып, сайланбалы болып шықты. Өздерінің имамдарын Мұхаммед пайғамбардан кейінгі абыройлы азаматтар деп білетін зейдиттер олардың қарапайым пенде екендіктерін мойындайды, сөйтіп оларға құдайи қасиеттерді телімейді, оларды еш кінәсіз адал жандар деп тым әсірешілдікке салынбайды.

Зейдиттер ислам мемлекетінің имамсыз уақытша тіршілік етуіне болатындығын мойындайды және түрлі қауым мен түрлі елдерде – егер олардың арасындағы қарым-қатынас қиындаған болса - бір мезгілде бірнеше имамдар шығуына болатындығын қабыл алады. Имамат туралы зейдиттік концепция сунниттік концепциямен етене тығыз байланысқан. Зейдиттік қауымдар біздің уақытқа дейін жеткен (Йемен, Сауд Аравиясы, Пакистан және т.б.).

Шииттердің саны жағынан ең көп әрі байыпты қатарын имамиттер қалыптастырады. Олар Али әулетінен шыққан 12 имамды мойындайды. XI ғ. аты әлемге танымал ислам теологы және құқықтандырушысы аш-Шахристанидің анықтамасы бойынша, «Имамиттер – Алидің имаматын нақты тағайындау, оның бойындағы бар қандайда бір қасиетке ишара жасау арқылы емес, оның өзін жеке көрсету арқылы анық нұсқау деп мойындайды».

Яғни имамат Пайғамбардың өз ауызынан айтылуы арқылы немесе алдыңғы имамның ауызынан шығу арқылы қолдан-қолға беріледі. Он бірінші шииттік имам Хасан аль-Аскаридің өлімінен кейін (873/4 ж.) жаңа имам ретінде оның жасөспірім ұлы Мұхаммед тағайындалады. Бірақ ол тез арада «жоғалып кетті», «белгісіз» болып қалды. Бәлкім, ол халиф Мутамидтің (870 жылдан 892 жылға дейін) ұйымдастырған қастандығының құрбаны болған да шығар. Мутамид оны билікке үміткер деп өз жолынан алып тастаған да болар. IX ғ. соңында байыпты бағыт ұстанған шииттер ұйымдасқан түрде 12 имам туралы ілім төңірегінде бас біріктіреді. Осыдан имамиттердің басқа атауы – иснаашариттер деген атауы шыққан. Иснаашариттер – 12 имам жолын жақтаушылар. Имамиттердің имамдар «баспалдығы» келесі адамдардан тұрады: 1) Али ибн Абу Талиб (Куфада 661 ж. өлтірілген); 2) Хасан ибн Али (Мединеде 669 ж. өлген); 3) Хусейн ибн Али (Кербалада 680 ж. өлтірілген); 4) Али Зейн аль-Абидин (713 әлде 714 ж. өлген); 5) Мұхаммед аль-Бакир

(Меккеде 732 ж. өлген); 6) Джаафар ас-Садик (Мединеде 765 ж. өлген); 7) Муса аль-Казим (Бағдатта түрмеде 799 ж. өлген); 8) Али ар-Риза (Тусада 818 ж. қайтыс болған әлде у беріп өлтірілген); 9) Мұхаммед ат-Таки (Бағдатта 835 ж. өлген); 10) Али ан-Наки (Самаррада 868 ж. өлген немесе өлтірілген); 11) Хасан аль-Аскар (873/4 ж. Самаррада өледі); 12) Мұхаммед аль-Махди (873/4 ж. жоғалып кетті) [9].

Мойындалатын имамдар әулетінен шыққан адамдар таусылған соң Мұхаммед аль-Махди «жасырын» имам болып жарияланды, сөйтіп «кіші жасырыну» деп аталатын кезең басталады. «Жасырын» имам туралы идея VII ғасырдың соңында пайда болады. Ол идея имамиттерде өте өзекті болып шықты әрі бүге-шігесіне дейін тәптіштеліп даярланды. Имамның жасырын тіршілік етуі – имамның қауымынан құдайдың қалауымен алып кетілуі деп түсіндіріледі. Имамның көзге көрінбес ғайып болмысы деп ұғынады. Имам өз қауымының тағдырын сырттай жіті бақылап отырады, бірақ көрер көзге көрінбей жетекшілік етеді деп айтылады. «Кіші жасырыну» 60 жылға созылған (940 ж. дейін) уақытында «жасырын» имам мен оның жамағаты «елшілір» (сафилер; басқа термин – вакилдер, ар. «өкілдер», «орынбасарлар», «наместниктер») арқылы байланыс ұстаған.

Төртінші сафир өлер алдында өзінен кейін келетін ізбасарды қалдырмаған көрінеді. Сондықтан да «үлкен жасырыну» басталып кетті. Ол имамиттердің түсінігі бойынша әлі күнге дейін жалғасып келе жатса керек. Шииттік қауымды басқару ісін рухани абыройлы азаматтар жүзеге асырады. «Жасырын имамға» деген сенім – имамиттік сарындағы шииттердің негізгі догматикалық ұстанымдарының негізгілерінің бірі. Ол ұстаным имамның күндердің күнінде міндетті түрде оралатындығына деген сеніммен, яғни махдиға деген сеніммен қатар жүреді. Махди жер бетінде әділеттік орнатып, Құранның және жалғыз Құдайға табынушылықтың таза мағынасын ашады. Сөйтіп билікті уысына ұстанған қанаушыларды жоқ қылады деп түсіндіріледі.

Шиит-имамиттер тарихында үш тарихи ірі кезең бөлініп қарастырылады. Біріншісі – «үлкен жасырынуға» дейінгі (940 ж.) кезең. Ол уақытта қауымды имамдар басқарған, ал олардан соң «елшілер» басқарды. Сол кезде шииттік доктрина өзінің жалпылама нақты сұлбелерін анықтап алдады. Екінші саты – догматиканы кодификациялау мен тереңдете даярлаумен басталған еді. Сол кезде шииттік қасиетті аңыздардың негізгі жинақтары пайда болды, құқықтану мен теология жайындағы іргелі еңбектер жарық көрді. XVI ғ. басталған үшінші кезеңі – Иранда имамизмнің мемлекеттік дін мәртебесін алуымен танымал кезең. XIX ғасырда имамизмнің қойнауында бабидтік деген күшті қозғалыс дүниеге келді. Ол – исламды мессиялық идеялар көмегімен өзгертуге бағытталған қозғалыс болатын.

Қазіргі кезде имамизм мемлекеттік дін ретінде Иранда қабылданған, Ирактың тұрғындарының жартысына дейінгі саны шииттер-имамиттер, олардың қауымдастықтары Ливияда, Кувейтте, Бахрейнде, Сауд Аравиясында, Иорданияда, Ауғаныстанда және де басқа Ислам тараған елдерде бар. Сунниттік дінбасылар имамиттерді олардың догматикалық ұстанымдарының

байыптылығына сай, өздеріне жақын тартады. Олардың өзара келіспеушілігі имаматтың мәнін түсінуге келгенде басталады. Бұқаралық қарабайыр сана деңгейінде олардың бір-бірлерін жақтырмауы тарихи контекстіге және саяси мәселелерге көп байланысты.

Шииттік исламдағы шеткері бағытты гулат (шектен шыққан көзқарастарды ұстанушылар) деген атау алған көптеген секталар мен тармдалған бұталар танытады. Олардың «шектен шығып кетулерін» Алиді және оның ұрпақтарын құдайдай көруден байқауға болады. Исламның «ересиографиялық» әдебиетінде олар туралы былай деп жазған: «Олар өздерінің имамдарына келгенде жүгенсіздік танытқаны соншалық, олардың табиғи қасиеттердің шегінен шығарып, олар туралы құдайи ұғымдар шеңберінде ойланады. Олар біресе имамдардың қайсібірін Құдаймен салыстырады, сөйтіп екі жағынан да асыра сілтеушілік танытады – (адамды) асыра мақтайды және (құдайды) жеткізбей тастайды».

Шеткі шииттер ортасында имамдарға жаратылыстан тыс күш тиесілі деген ойлар туындады. Олардың «жасырын» күйі және дінге сенушілерге құтқару міндетін өтеу үшін қайта оралуы, имамдардың көріпкелдігі, жандарының көшіп-қонып жүруі және тағы басқа. Шеткі шииттердің белсенділігінің тау асқан жері VIII ғ. болан еді. Ол халифатта – әулеттік дағдарыстар мен жөнсіздік күшейген уақыт болатын. Көп жағдайларда олар Ирак территориясында әрекет еткен. Сунниттер шеткі шииттерге ашық жақтырмаушылықпен және тіпті жиіркенішпен қарайды, қатал сынға алды және оларға бар бөленің бәрін жабады. Соның ішінде антропоморфизм идеясына берілгендікті де бетіне басады.

Мұсылманшылықтың тарихына өшпес із қалдырған шииттердің басқа бір бағыты – исмаилиттер болды. Олардың тарихы өзінің бастауын VIII ғ. ортасынан алып жатыр. Шииттер арасындағы кезекті жарылыс алтыншы имам Джаафар ас-Садиктің рухани билігін иемдену мәселесіне қатысты болды. Ол өз ұлы – Мұса аль-Казимді өз орынына ізбасар деп, имамиттік «баспалдақтың» жалғастырушысы ретінде тағайындап кеткен еді. Джаафар ас-Садиктің таңдауын оның үлкен ұлы Исмаилдің жақтастары қабыл алмады. Бірақ, ол өзінің әкесінен бұрын (762 ж. шамасында) қайтыс болды, сөйтіп имам болыпта үлгермеді. Сонда оның жақтастары имам ретінде оның ұлы Мұхаммедті атаған болатын. Имаматтың Исмаилдың ұрпақтарында қалуын жақтағандар исмаилиттер деп атала бастады. Бірақ Мұхаммед пен Исмаил өлгеннен кейін енді-енді басы құралып келе жатқан исмаилиттік қозғалыс екіге жарылып кетті.

Мұхаммедті соңғы имам деп таныған исмаилиттердің бір бөлігі оның махди ретінде қайта оралуын күткен. Оларды жетіліктер деп атайды. Олар исмаилизмнің радикалды тобын құрады. IX ғ. соңы – X ғ. бірінші жартысында олардың эгалитарлық ұрандарының астында бүкіл Таяу Шығыс – Йеменнен Хорасанға дейінгі аралық – көтерілістер астында қалды. Исмаилиттердің басқа тобы Мұхаммед пен Исмаилдың ұрпақтарын «жасырын» имамдар деп есептеуін жалғастыра берді. Олар Аббасидтердің қуғындауынан Сирия мен Хорасанға қашып құтылады, сөйтіп онда өздерінің ілімін белсенді түрде тарата

бастайды. IX ғ. аяғына таман олар Ираннан Мағрибқа дейінгі аралықта өзінің көптеген жақтастарын тауып, Фатимидтік халифат (909-1171) құрады. Фатимидтердің – исмаилизмдегі байыпты қанатты құрайды. Фатимидтік исмаилиттердің өз ішіндегі алауыздық пен бәсекелестік хакимиттердің немесе друздар қауымының бөлініп шығуына алып келеді. Олар 1021 ж. құпия түрде түсініксіз жағдайда жоқ болып кеткен Халиф Хакимді (996-1021 ж. басқарған) жер бетіндегі Құдайдың көрінісі деп біледі. Олардың орталығы Ливан болды.

Исмаилизмдегі кезекті бөлініс Фатимидтік халифаттағы тақты мұралау үшін жүргізілген күреспен байланысты болды, сөйтіп елеулі оқиғалармен аяқталды. Фатимидік халиф Мустансирдің (1094 ж.) көзі тірісінде ізбасарым деп тағайындап кетке үлкен ұлы – Абу Мансур Низар еді, біраз кейін ол өзінің шешімін өзгертіп, болашақ халиф ретінде басқа ұлы – Абу-ль-Каси Ахмедті тағайындаймын деп жариялады. Оған Мустали-би-лла (Құдай көтерген) деген атақ берді. Мустансир өлгеннен кейін билік басына Мустали келді, сөйтіп екі топ: мусталиттер мен назариттер тобы дүниеге келді. Исмаилиттердің байыпты қанатын құрған мусталиттер Мысырда, араб-мұсыламан әлемінің Батысында орын тепті. Низар имаматы Ирак, Сирия және басқа Фатимидтік халифатқа кірмейтін ислам әлемінде басым болды. XI ғ. соңында назариттер Иранның территориясында тәуелсіз мемлекеттің негізін қалады. Оның орталығы Аламут қорғанында орналасқан еді, сөйтіп XIII ғ. ортасына дейін мемлекет ретінде тіршілік еткен.

Исмаилиттер дінді уағыздаушылардың өзіндік ерен иерархиясын жасап шығарды және де өздерінің қарсылықтарымен күрес барысында террор тактикасын қабылдады. Олардың қолында халифтер, сұлтандар, падишахтар, жоғары дәрежелі ақсүйектер, әскербасылары, жоғарғы рухани абыройлы-беделді азаматар, исмаилиттік сенімнің ренегаттары құрбан болды. Исмаилиттерді «ұсталынбайтын құпия жендеттер» деп атап кеткен еді. Олар өздері көздеген құрбандарына жетпей қоймайды. Исмаилиттер соңына өлім-жітімнің қанды етегі төселіп жатқанымен де, олардың терроры түгелдей жан-жақта сипатта емес. Исмаилиттердің қолынан қаза болғандардың сансыз көп мөлшері туралы аңыз тарихи реконструкциялар негізінде жоққа шығарылған болатын. Ирандағы исмаилиттік мемлекетті монғолдар тас-талқан еткен соң назариттер бірте-бірте Үндістанға көшіп кетті, сөйтіп онда назариттердің негізгі орталығы қалыптасады. XIX ғ. бірінші жартысынан бастап назариттердің басшысы Ага-хан деген мансапқа ие. Біздің бүгінгі кезде назариттер қауымын қожа немесе агаханиттер деп те атайды. Олар Азия мен Африканың 20-дан астам елдерінде орын тепкен. Мусталиттердің діни орталығы Фатимидтік халифат қирағаннан соң Мысырдан Йеменге, ал XVIII ғ. басында Үндістанға, Гуджаратқа қоныс аударды.

Сопылық Мұсылмандық Шығыстың қоғамдық-саяси өмірі мен рухани мәдениетінің дамуының үлкен ықпал еткен суфизм болды. Ол – исламдағы мистикалық-тақулық бағыт. Сопылық (тасаввуф) VII-VIII ғғ. пайда болғын. Сопылық дүниетанымның негізінде Құдайды мистикалық тану үлгісі жатыр. Ол өзінің жақтаушылары – сопылар үшін діни идеал мен өмірдегі ең биік мақсат.

Сопылардың дүниетанымының маңызды бөлігін адамдардың адмагершілік тұрғысынан жетілуі туралы ерен концепция құрайды. Ол тақайлықты уағыздау мен бұл дүниенің игіліктерінен бас тарумен байласнысты. Діни-философиялық тұрғыдан алғанда сопылық Құдайды ішкі жан дүниенің ертен сезімінен тауды, абсолютті ақиқатты оның алдын алатын логикалық пайымдауларсыз түйсіну дегенді білдіреді. Сопылық жеке адамның Құдаймен өте терең, етене жақын, тікелей қарым-қатынасқа түсуіне болады деп сенеді, тіпті, кейбір шекті нұсқаларында - Құдаймен эксаз үстінде бірігуіне болады деген мүмкіндіктің барлығына иланады.

Сопылықтың аса маңызды теоретикалық ұстанымдырының қатарына жоғарғы ақиқатты тануға бастайтын жол концепциясы және әулиелік түсінгі жатады. Вилайяға сопы таңғажайып жолдың соңғы нүктесінде барып қппп жете алады. Діни-философиялық ілімдердің қосындысы болғандықтан, тасаввуф әлемді эстетикалық игеру болып та қабылданады: сопылықтың ішінде аллегориялар мен көңіл-күй күйзелістеріне толы керемет поэзия дамыды.

Сопылықтың құрылуының бастамасы исламның бірінші ғасырлардағы мұсылман тақайлары мен абыройлы діндарлардың өмірлік, фәнилік дүниелерден бас тартып, қарапайым, кедей өмір сүруді мұрат еткен қозғалыспен байланысты. Олардың тәжірбелерінің ерекше қасиеттерінде Құран мен Суннаның айтқандарын екі емеу, көп намаз оқып, ораза ұстау кіреді. Алғашқы танымал сопылардың біріне ерте исламның белгілі діндары аль-Хасан аль-Басриді (742-828) жатқызуға болады.

Ертедегі сопылардың уағыздарында Құдай соты алдындағы ғаламат үрейден туған пессимистік пәс көңіл күй, түкке тұрмайтын өмірлік ләззаттарды тәркілейу, құдайға деген шексізде адал махаббат арқылы онымен бірігуді аңсай туралы мотивтер көрйніс табады.

X-XI ғ. сопылық зор халықтық және мәдени-интеллектуалдық қозғалыс сипатын алды. Осы кезде сопылық дәстүрдің негізгі белгілері қалыптасты. Ол басқа діни-идеялық ағымдардан өзгеше болатын. Сопылықтың теориясының негізгі қағидаларын белгілеп берген және сол уақытқа дейін қордаланған сопылық білімді жүйелеген еңбектер дүниеге келді. Сопылық өзіндік қатал тәртіпті талап ететін және нақты берілген психотехникаға еруді қажет қылған еркшелікті діни тәжірбе ретінде көрінеді. Сопылық ұйымдардың алғашқы формалары ретінде тақуалардың мекені – ханакаларды айтға болады. Олар мұсылман мистицизмінің өзіндік бірегей мектептері болып шықты. X-XIII ғғ. ханкалар ағайындыққа (тариктерге) біріккен дәруіштер мекендеген орынға айналды.

Сопылықтың теориялық-идеялық негізгі Шығыстың көне сенімдері мен нанымдарының элементтерін, антикалық және христиандық көзқарастарды біріктірді. Сопылық мектеп арасындағы ықпалды деген мектептер бағдаттық, куфалық, басарлық және хорасандық мектеп болды. Мутазилиттердің негізсіз дінарлық пайымдаулары немесе дәстүрлеріне тән құдіретті лауазымға, қасиетті мәтінге сөзсіз ергеннен гөрі ислам мистиктерінің ілімінің негізде тылсым сезім (интуиция) мен Құдайды тану, діни ақиқаттарды ішкі көңіл күймен беріле

сезіну - «рухани тәжірибе» жатыр. Сопы діни-адамгершілік өзіндік кемелденудің, рухани тазару мен өзіне терең үңілудің, фәнилік «Меннен», пенделіктен айырлудың қиын да ұзақ жолынан өту керек. Осындай көзделген жоғарғы мақсат тек қана арнай діни-мистикалық практика нәтижесінде орындалмақ. Сонымен бірге, сопылықтың практикалық жағы да үлкен мәнге ие болған. Ол сопылардың діни-ғұрыптық тәжірбиесінде және де дәруіштік ағайындастықтың көпқырлы қызыметінде көрініс тапты. Қатардағы дінге сенушілерге сопылыққа тәе көңіл-күй, күйзелісті-экзальтациялы ұстаным түсінікті әрі жақын еді.

Сопылардың харизмасы мен сопылық діндарлардың таңғажайып дүниелер жасауы, сопылықтардағы әулиелерді пір тұту мен киелі бейіттер, ғажайып нәрселер мен ескіден қалған көнекөздерге табынуға жол беру – міне, осылардың барлығы қарапайым сенуші адмаға жақын әрі ұғынықты болды. Сопылықтың идеялық шағармашылық әулетінің жарым-жартылай кемуінің орнын оның мұсылман әлемінің әлеуметтік, саяси және дінм өмірінің маңызды элементі ретіндегі мәнінің артуы толтырады. Ол мұсылман көпшілігінің діни өмірінің өктем құбылысына (доминантына) айналды.

2.4 Ұлттық діндер

Сикхизм Сикхизмнің қайнар көзі XV ғ. соңы – XVI ғ. басындағы ортағасырлық Үндістанның солтүстік батысындағы индуистік және исламдық - екі өркениет пен екі мәдениет тоғысындағы өзінше бір ерекше буферді құрайтын бес өзен ауданында («пандж аб» - «бес өзен» - Индтің бес үлкен тармағы) жатты. Сикхизм қалалық сауда-қолөнерлік топтарды біріктіре отырып, индуизм шеңберінде қалыптаса бастады; ол өзіне индуистік сондай-ақ мұсылмандық (әсіресе суфизмге тән) белгілерді біріктірді. Сикхизмнің негізін қалаушы ретінде гуру (ұстаз) Нанак (1469-1538/9) саналады, ал оның ізбасарлары өздерін сикхтар – шәкірттер деп атай бастады. Нанак өлімінен кейін оның ілімін уағыздауды тағы тоғыз гуру жалғастырды, олардың соңғысы Говинд (1675-1708) болды. Олардың бәрі бір ілімді уағыздаған жалғыз сол гурудың он бейнесі деп есептеледі.

Құдай туралы ілімнің ерекшеліктері Сикхизм – индуизмнің көп құдайлығын жоққа шығаратын монотеистік дін: Нанака Құдайдың теңеулерінің бірі – «ЭК» (Жалғыз, Бір, Біреу). Дуализм («дубидха») мәселесін шешу,соны жеңу – Құдайды тануға талпынатын адамның басты мақсаты. Индуистік құдайлар Брахма, Вишну, Шива және мұсылмандық Аллах – бәрі Құдайда тұтасады. Жалғыздың жеке аты жоқ. Нанак оған индуистік аттарды да, мұсылмандық аттарды да қолдана отырып, жалбарынады: Хари (вишнулық бұл термин өте жиі кездеседі), Гопал, Рам, Парамешвар, Аллах, Сахиб және т.б.

Құдай «ниргун» (сапаларынан ажыраған) «сагун» (сапалар берілген, сапалары бар) деген ұғымдармен анықталады. Оның басты күйі – ниргун: қандай да болмасын атрибуттарынан ажыраған абсолютті мән. Бірақ адамның оны тани алуы үшін, ол өз еркімен сагунға – (бірақ бұл антроморфты кескінге енумен ешқандай байланысты емес, ол әрашан көзге көрінбейді, ол өз

әрекеттері арқылы ғана байқалады) адамның Жоғары Иеге жалбарынғанда, медитация күйінде, гимндерді айтуда енетін күйіне айналады.

Сикхизм ілімінде Құдай өз бойында Жаратушыны, Қорғаушыны және Қиратушыны (Брахма, Вишну және Шиваға тән сапалар) тоғыстырады, ол барлығын билеп-төстеуші және оның білмейтіні жоқ: оның жаратқан әлемі өзгергіш және мәңгілік емес, ал Құдай мәңгілік, ол өткенде де, қазір де, болашақта да өз-өздігінен бар болады, оның мәні туралы «бастамасы жоқ», «уақыттан тыс бар болатын», «туылмаған», «өлмейтін» деген эпитеттер айып тұр. Ол қайта туылулар шынжырынан тыс, өлімнен тыс, сондықтан да оның көзге көрінетін (өзгергіш және мәңгі емес) кескіндері – аватарлары (индуистік құдайлар пантеонының аватарларына ұқсас) болмайды, оның көрінетін формасы жоқ, оны суреттеу мүмкін емес, ол интеллект мүмкіндіктерінен асып түседі, танылмайды, суреттелмейді және айтылған сөздің де, жазылған сөздің де көмегімен түсіндірілмейді. Сондай-ақ ол «Сат» (Шындық, Ақиқат, Растық).

Құдайды тану және онымен бірігу – сүйіспеншілік, сенім, құдайға берілгендік жолымен жүретін және құдайдың әрекеттері жөнінде ой түйетін кез келген адам үшін мүмкін жағдай. Құдайға құлшылық ету жер бетіндік қызметтерден кету, пірәдарлық немесе тақуалық деген емес, керісінше, еңбекке толы белсенді өмір, үй қожайыны дхармасын (борышын) орындауды дәріптейді. Тоқтамастан ұстанымдар бойынша жүру соңында туылулар шынжырының үзілуіне және құдаймен бірігуге әкелуі тиіс. Әркім делдалдарсыз - ақ құдаймен ікелей араласа алады.

Сикхизм эволюциясы Бесінші гуру – Арджунның (1581-1606) кезінде сикхардың қасиетті кітабы Адигрантх (Бастама Кітап», ол сондай-ақ Гуругрантх – «Гуру Кітабы», Грантхсахиб – «Кітап-қожайын» деп те аталады) құрастырылды, оған алғашқы бес гуру мен кейінірек басқа гурулардың гимндері, сонымен бірге Кабир (XV ғ.), Фарид-уд-дин Ганджишакар (XIII ғ.), Джайядев (XIV ғ.) және бхакти қозғалысы мен суфизмнің басқа да өкілдерінің гимндері енді. Пенджаби тілінде жазылып, ішінде басқа даүнді тілдеріндегі ендірмелері бар бұл кітап сикхардың басты қасиетті ордасы – Алтын храмда – Амритсарда сақталған.

XVI ғ. екінші жартысынан бастап, әсіресе XVII ғ. қауымдық үстем топтың феодалдануы мен ірі жер иеленушілердің әсерінің өсуіне қарай пенджаб шаруалары, соның ішінде, бірінші кезекте сикхтар мен монғол билеушілері арасындағы қайшылықтар күшейе түсті. XVII-XVIII ғғ. аралығында бұл қайшылық Пенджабтағы сикхизм туы астында өткен ірі антимонғолдық қозғалысқа айналды. Сикхизмнің әлеуметтік базасының кеңеюі (бұл қозғалыстың тірегі джаттар – қала топтарынан қолдау тапқан егіншілер болды) гуру Говиндты сикхизм ілімі мен қауымды ұйымдастыру ісіне бірқатар өзгертулер енгізуге мәжбүр етті. 1699 ж. жоғары діни билік пен зайырлы билік гуру қолынан хальсаға («тазалар» ордені) – қаруланған қауымдастар жиналысына өтетіні жарияланды. Осы уақыттан бастап бүгінгі күнге дейін сикхтарда қауымдастар қатарына қабылдау рәсімі, сондай-ақ жүріс-тұрыстың ерекше кодексі – «беск» сақталған, бұл кодекске сәйкес, сикхтарға шаштарын

және сақалын (кеш) алмау, қысқа кең шалбар (качха) кию, шаштарын шалма астына тарақпен (кангха) ұстату, жанында әрқашан қылыш (кипан) және темір білезік (кара) болу міндеттелген. Сикхтардың атына жауынгерлік «сингх» - «арыстан» атағы қосыла бастады. Сол кезде-ақ тірі гурулардың тізбегі үзіліп, Адигрантх кітабы заңдастырылған болатын, ол сикх храмдары – гурдвараларда табыну затына айналды. XVIII ғ. басына таман сикхизм біржолата дербес жүйеге айналды.

Пенджаб пен сикхизм тарихындағы елеулі кезең XVIII ғ. ортасы болды. Ұлы Моғолдар империясы құлаған соң және Үндістанның осы бөлігін өзінің иелігіне қаратқысы келген ауған билеушісі Ахмад-шах Дурраниге (шамамен 1721-1773) сикхтер жақсы тойтарыс бергеннен кейін Пенджабтың тәуелсіздігі жарияланды (1765). Сикхизм сикх феодалдары басқарған дербес мемлекеттің мемлекеттік дініне айналды.

Ерте сикхизмнің кейбір ұстанымдарының XVIII ғасырда байқала бастаған бас тартулар (қол тигізбеушілікті мінеу, жесір әйелдер - «сатилердің» өзін-өзі өртеу ғұрпын жою және дәулетті отбасыларда жаңадан туған қыз балаларды өлтіруге тыйым салу, құдайлардың антроморфты бейнелерінен және гурудың құдайға айналдырудан бас тарту, брахмандардың қызметінен болуына септесті, мысалы, ниранкари, намдхари сияқты бірқатар секталардың пайда болуы осыны көрсетті. Бұл ағымдардың идеялары бір ғасырдаң соң, сикхизм реформациясы үшін күрескен, XIX ғ. аяғы - XX ғ. басындағы жаңа үрдістері - капиталистік қатынастардың қалыптасуы, буржуазиялық ұлтшылдықтың құрылуы, ағартушылықтың дамуын көрсеткен қозғалыста жалғасын тапты. Енді ерте сикхизмді қайта жаңарту қалыптасып келе жатқан буржуазия тобының мүдделерін танытты, оларға (әсіресе, отарлаушылық жағдайында) сикхизмнің Құдай алдындағы барлық адамдардың тең екендігі жөніндегі бастапқы қағидаты пайдалы еді. Сикхизм реформациясы басқаруды қайта құру үшін күрескен XX ғ. басындағы ірі қозғалыс болды, бұл қозғалыс ағылшындардың өздеріне деген игі ниеттілігін пайдаланып, солардың жерлерді сыйға тартуының арқасында ірі помещик-жер иеленушілерге айналған маханттарға – храм басқарушыларына қарсы бағытталды.

Қоғамдық-саяси өмірдегі сикхтық фактор Сикхтық буржуазияның өзіндік санасының қалыптасуына қарай (ал бұл процесс Пенджабта кейінірек басталды және елдің басқа бөліктеріне қарағанда баяуырақ жүрді) оның қоғамдық-саяси ұйымдары да пайда болды. 1926 жылы Пенджабтың саяси сахнасына діни ұстаным бойынша қалыптасқан Акали Дал («Мәңгі өлмейтіннің ордені») партиясы шықты. Ол мұсылмандар, индуистер мен сикхтардың теңдігі үшін күресті (соның ішінде 1935 ж. Үндістанды басқару туралы Заңмен енгізілген сайлаудың куриалдық жүйесіне белсенді қарсы тұрды). Оның әсері Үндістанның 1947 ж. бөлінуі – мұсылмандардың пакистандық, ал индуистер мен сикхтардың – үнділік Пенджабқа қоныс аударуынан кейін айтарлықтай күшейді.

Тәуелсіз Үндістан өмірінде сикхтық фактор маңызды рөл атқарады. 50-жылдардың ортасынан бастап сикхтық орталарда ұлтшылдық талпыныстар

өседі. 50-60-жылдары этнолингвистикалық негізде пенджаби тілдік халықты басым ететін Пенджаб штатын құру үшін қозғалыс күшейеді. 1966 ж. мұндай штат құрылды және үнділік сикхтардың басым бөлігі дәл сонда өмір сүреді (80% жуық). Сикхтық қауымның жалпы саны 2001 ж. 16 миллион астам адамды құрады. Бұл Үндістандағы үлкендігі жағынан индуистер, мұсылмандар, христиандардан кейінгі төртінші орында тұратын конфессиялық қауым (халықтың 2%). 60-жылдардың ортасына қарай аймақтық сикхтық талпыныстар біртұтас мемлекет шеңберінде ерекше автономия - сикхтық мемлекет Халистанды құру үшін күрес формасына енеді. 80-жылдардан бастап Үндістанның саяси өмірінде сикхтық фактордың көріну формасы коммунизм болды. 90-жылдары индуистік және мұсылмандық қауымдардың арасындағы қайшылықтардың күшеюі «сикхтық мәселенің» өзектілігін біраз төмендетті, дегенмен ол қазіргі замандық Үндістанның партиялық-саяси күштерінің құрылымына әсер ететін маңызды факторлардың бірі болып қала береді.

Конфуцишілдік Конфуцишілдік - Кун-фу-цзы (б.з.б. 551-479 жж.) негізін қалаған және оның ізбасарлары дамытқан Қытай, Корей, Жапон елдері сияқты бірқатар елдердің діни жүйелеріне енген этикалық-философиялық ілім.

Конфуций ілімі Конфуций ата-баба аруағына табыну, жер культі, ежелгі қытайлықтардың жоғарғы құдайы және ілкі тегі - Шан-диге табыну сияқты көне нанымдарды өзіне қабылдады. Кейінірек Шан-ди жер бетіндегі барлық тіршіліктің тағдырын анықтайтын жоғарғы құдайшылық күш реіндегі Көк аспанмен ассоциацияланады. Даналық және құдіретті тылсымдық бастаулары мен генетикалық байланыс - XX ғасыр басына дейін сақталған - «Аспан асты ұлы» деп атауда ұяланды. Конфуций көне - «алтын ғасыр» даналығының қорушысы ретінде көрінеді. Ол ел билеушілерге жоғалтқан беделді қайтарып, халық құлқын жақсартып оны бақытты етуге талпынды. Ол көне заман даналары мемлекеттік құрылымдарды әрбір жеке адамның мүдделерін қорғау үшін қалыптастырған деген көзқарасты негізге алады.

Конфуций әлеуметтік және саяси күйзелістер орын алған дәуірде өмір сүрді: Чжоу билеушісі - Ван билігінен айырылды, патриархалдық-рулық нормалар дағдарысқа ұшырап, мемлекет құрылымы ыдырады. Осы хаосқа қарсы шыққан философ әлеуметтілік үйлесімділік идеясын ұсынды, Қытайдың рухани және қоғамдық өмірінде маңызды рөл атқарған даналар мен ел билеушілердің беделіне сүйенеді.

Конфуций пікірлері көрініс тапқан «Лунъюй» жинағында (оның шәкірттерімен әңгіме-сұхбаттары жазылған еңбек) жетілген адам идеясы (цзюнь цзы) ашылады, адами тұлға өзіндік құндылық ретінде қарастырылады. Конфуций ғарышпен үйлесімділікте болатын рухани кемелденген тұлға деңгейіне жету мақсатында жетілген адам бағдарламасын жасады. Мейірімді адам - бүкіл қоғам үшін адамгершілік мұраттың бастауы. Тек соған ғана үйлесімділік сезімі мен табиғи ырғаққа сай өмір сүру тән. Ол ішкі жүрек әрекеті мен сыртқы іс-қимылдың тұтастығының көрінісі. Дана табиғатқа сай әрекет етеді, өйткені «алтын үйлесімділік» ережесін сақтау оған туа біткен дарын.

Оның мақсаты - ғарышта орын алған үйлесімділік заңына сай, әлеуметті қайта құру, барлық тіршілікті тәртіпке келтіріп, сақтау.

Конфуций үшін бес «тұрақтылық»: әдет-ғұрып, адамгершілік, әділетті парыз, білім мен сенімділік аса маңызды. Әдет-ғұрыптан ол әрбір тұлғаға қоғам мен мемлекетке шексіз ғарыштық қауымдастықта өз орнын таба алуына, Жер мен Аспан арасына «Негіз және арқау» болатын құралды көрді. Осы тұрғыда отбасылық этика ережелерін Конфуций мемлекет сферасына да таратады. Иерархиялықтың негізіне ол білім, кемелдену, мәдениетке жақындық принциптерін алды. Әдет-ғұрыптың ішкі мәнінде ұяланған шама сезімі, сыртқы - церемониялар мен рәсімдер арқылы әркімге түсінікті деңгейде үйлесімді қарым-қатынас құндылықтарын жеткізді, оларды игі істерге тартты.

Осы қасиеттерді тәрбиелей отырып, даналар қоғамдағы иерархиялықты қалыптастырды, сөйтіп оның өміршеңдігін қамтамасыз етті. Әлеуметке берілген табиғи ырғақ қоғам мен мемлекеттің дамуына түрткі болды. Ұстаздың шәкірттеріне берілген жауаптарындағы адамгершілік қасиеттерді түсіндіру әрқашан табиғатқа сай келеді, ырғаққа толы әрі қарым-қатынас субъектісіне сәйкес тәрізді. Әңгімелесушіге деген сенім белгісі - мұқияттылық пен жұмсақтық - шиеленісуге, қақтығысқа жол бермейді. Мысалы, ел билеушісі мен шенеунік арасындағы әділетті парызға негізделген қарым-қатынас, ел билеушінің адамгершілігіне, оның қамқоршылығы мен игі еркіне жауап ретінде шенеуніктің оған сенімділігіне, берілгендігіне меңзейді (әкенің балаға деген махаббаты сияқты). Конфуцишілдік этика аясында төмен тұрған адамның жағдайы кемсіту ретінде қарастырылмады, ол өз жүріс-тұрыстың нормативтілігіне жауап ретінде өзін қанағаттандыратын бағасын алады деп саналады.

Саясаткер ретінде Конфуций ел басқарудағы әдет-ғұрыптың құндылығын жақсы түсінді. Үлкен және кіші істерде қол астындағыларды өз шамасын білу сезіміне тәрбиелей отырып, әдет-ғұрып тұлғалық және әлеуметтілік деңгейдегі адамды «сыртқы ортаға» бейімдейді; қақтығыстардың алдын алды. Әдет-ғұрып әлеуметтегі әртектіліктің сақталуына ықпал етті, тұлғаға кемелдену болашағын ашты, өмірдің нағыз қамқорына айналды, кез шектеулігі жағдайында тұрғындардың тұтыну үйлесімділігін ұмтылуы қоғамда моральдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз етті. Қытай мәдениетінен сусындаған тұрақтылығы үшін қытай қоғамы мен мемлекеті әдет-ғұрыпқа көп қарыздар.

Конфуцишілдікті, Конфуций идеяларын әрбір жаңа ұрпақ өзінше қайта қарастырды. Мысалы, Мэн-цзы (б.з.б. 372-289) игі биліктің мәні туралы ұстаз тезистерін қайтадан сана талқысына салды. Ол қоғам мен жер пайдалану идеалының көне жобасынан-ақ тұлғаралық үйлесімділікке, қоғамдағы жоғарғы және төменгі таптар арасындағы келісімділікке жетудің жолын көрді. Идеалды мемлекетте билік барлық қажеттіні өз қолына алады, ал тұрғындар шамадан тыс салықтар мен азықтың аздығынан жапа шекпейді. Әділеттілік бұзылған жағдайда Мэн-цзы халықтың көтеріліске шығып, «Көк жарлығын» жаңа, игі ел билеушіге тапсыру құқына ие болуын талап етті.

Жаңа дәуір аралығында конфуцишілдікте жаңа ағымдар айқындалады: қол астындағыларды басқарудың құралы ретінде әдет-ғұрыпқа конфуцишілдердің бұрынғы саяси оппоненттері-легистердің арсеналынан заң институты алынады. Бір-бірімен сәйкес келмейтін осы ұғымдарды біріктіргенде әдет-ғұрыпты қоғамның билеушілеріне қатысты ғана қолдануға болды, ал төменгілерді тек заң мен жазалауға сүйеніп басқаруға болады деген ескерту айтылады.

Б.з.б. II ғ. Конфуцишіл мемлекет қайраткері Дун Чжуншу (б.з.б. 120-104) конфуцишілдікке мемлекеттік идеология сипатын береді. Ол дәстүрлі екі бастау «инь» мен «ян» және барлықтың негізгі болып табылатын бес элемент (су, металл, ағаш, топырақ, от) туралы ілімді жинақтап, бүкіл универсумды қамтитын бір жүйеге біріктірді, Аспан мен адамның және әлеуметтің ажырамас байланысы жайлы ілімді басшылыққа алып, қоғамдық және мемлекеттік құрылымның космологиялық интерпретациясын ұсынды.

Қытайда будда діні кең таралған орта ғасырларда, IV-V ғғ. бастап буддизм мен даосизм элементтерінің қосылуы барысында конфуцишілдік модификациясы орын алады. Негізгі колондалған мәтіндердің кодификациясы жүргізілді: олардың жаңа редакциялары мен түсіндірмелер соңғы инстанциядағы ақиқат болуға ұмтылды. Көне классиктерді жаңаша түсіндіруге деген ұмтылыс ақырында неоконфуцишілдік деп аталған философиялық бағытты қалыптастырды. XIII ғ. бұл ілім философ Чжу Си (1130-1200) есімімен чжусионшылдық деген атауға ие болды.

Жаңа дәуірдің алғашқы ғасырларынан бастап Конфуций көзқарастары бұрмалана бастайды, олар алғашқы мағынасынан айырылады.

Конфуцишілдік элита өзін абсолютті білімнің иегері деп санайды, ал ең алдымен даосизмнен нәр алған халықтың синкретті нанымдары дін бұзарлық және дөрекі ырымшылдық ретінде қарастырылады. Мемлекет жоғарғы діни институтқа айналып, ресми культтер жүйесі тиянақталған сипатқа ие болған ортодоксальді шенеуніктік сословие арасындағы жік алшақтай түсті. Бұл әр Конфуцийді біртіндеп құдайдай дәріптеуге ықпал етті. Бұл әр қалада көне данышпанға арнап храмдар орнату және оған бағыштап құрбандық шалу туралы 555 ж. император жарлығынан басталды. Аспан ұлы қоғамның әлеуметтік пирамидасының ең билігінде тұрғандықтан, жоғары абыз және кемелділік көрінісі болып саналады. Император еркі мызғымас заңға айналады. Адам көзін алатын, салтанатты Аспанға табыну рәсімдері (оларды орындау тек императордың құқы), сыртқы көздеген таса және құпияға толы сарай өмірі қол астындағылардың бағыныштылығы мен жағымпаздылығының туындауына ықпал етті. Императорлық билік рәмізі құдіретті де күші жануар Айдаһар да адамдарға қорқыныш пен үрей ұялатты.

Конфуций мұраттарынан алшақтаған ортодоксальды конфуцишілдік әсіресе XX ғғ. қатты сынға ұшырады. 1949 ж. соңы және мәдени революция жылдары Конфуций ілімі мүлдем жоққа шығарылды. Бірақ қазіргі уақытта дәстүрлі нормалар мен институттар Қытайда, Тайванда және этникалық

қытайлар арасында кең таралған. Конфуцийдің 67 буындағы ұрпақтары аса қошеметтеледі.

Иудаизм Иудаизм - еврей халқының ұлттық діні.

Иврит тілінде «Иудаизм» термині ХІХ ғасырдың соңынан бастап кең тарала бастаған. Иудаизм әлемдегі екі ірі діні - христиан мен исламның дінінің пайда болуына әсер етті. Иудаизм жолымен жүретіндер өздерін Құдайдың айрықша назары түскен халық деп есептейтін болған.

Израильде Иудаизмнің діни институттары мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылады. Жоғарғы раввинат діни ұйымдар мен бірлестіктерді қадағалайды. Парламент және үкіметте раввинаттың мүддесін қорғайтын басты діни-саяси партия Мафдал болып саналады.

Израиль мемлекетінің қалалары мен елді мекендерінде 200 діни кеңестер (моацот, датиот) жұмыс істейді, Израильде 24 раввинаттық сот бар. Діни мектептер (ешибот) үлесі орта білім беру орындарының 17 пайызын құрайды. Израильдің барлық мектептерінде діни пәндер оқытылады. Білікті дін мамандары діни институттарда дайындалады.

Иудаизмнің қасиетті кітаптары Олар үш топқа бөлінеді. Киелі кітаптардың бірі – Тора (иврит тілінде – «Заң») деп аталады. Екінші топқа жататын кітап-том – Танах. Үшінші топқа бірнеше кітап-том кірсе, олардың әрқайсысында бірнеше туынды бар. Бірнеше томнан тұратын бұл киелі кітап Талмуд («Зерттеу», «Зерделеу») деп аталады.

Тора - Иудаизмдегі ең негізгі, ең көп оқылатын кітап. Тора тарауында былай делінген: «Өз жүрегіңнен кез келген жамандықтың тамырын жұлып таста, бәлкі сол тамыр дүниедегі жауыздық болар. Бейбітшілікке құлшынындар. Бейбітшілікке құлшынбаған адамды Жаратқан Ие кешірмейді». Тораның барлық нұсқа-данасы ежелгі кезеңнен бүгінгі күнге дейін теріге қолмен жазылып келген. Тора синагогалардағы (яһудилердің құлшылық үйлері) ерекше орындарда сақталған. Әлемнің барлық елдеріндегі раввиндер Құдайға құлшылық етер алдында Тораны сүйіп, оның ережелерін ізгі тұтатын болған. Дін ілімін танушылар оның жарыққа шыққаны үшін Құдай және Мұса пайғамбарға мадақ айтады. Олар Құдай Тораны Мұса пайғамбар арқылы жеткізді деп санайды. Кейбір кітаптарда Тораның авторы Мұса пайғамбар деп жазылады.

Танах – бір кітап-том болғанымен, онда 24 еңбек-туындыдан тұрады. Танах үш бөлімнен тұрады: Тора Мұса (ғ.с) (бес кітап), Нәбиим (Пайғамбарлар) (жеті кітап), Кэтувиим (Жазба) (он екі кітап). Танах б.д.д. Х ғасырдан б.д.д. ІІ ғасыр аралығында қалыптасқанға ұқсайды.

Талмуд – бірнеше кітап-томнан тұрады. Талмудта екі бөлім бар. Бірінші бөлім – Мишна (қайталау). Бұл – Тораға түсіндірме. Екінші бөлімі – Гемара (толық түсіндіру). Бұл Мишнаның түсіндірмесі. Талмудта қылмыстық және азаматтық сипаттағы заңдар, адамгершілік заңдар, отбасылық және жеке адам өміріне қатысты кеңестер бар. Талмудта 365 тыйым және 248 бұйрық әмірлер жинақталған яһудилік әдет-ғұрыптар жүйесі түзілген.

Яһуди діни ілімінің негізі – дүниені жаратушы бір құдіретті Яхве Құдайына деген сенім. Иудаизмде құтқарушының келуіне деген сенім бар, ол мессия (мәсіх) деп аталады. Иудаизм бойынша мессия жер бетінде әділетті тәртіп орнатады деп есептеледі.

Ақырзаман және өлілердің қайта тірілуіне сенім – еврейлердің Жаратушының таңдаулы халқы екендігіне сенім. Бұл түсінік бойынша Моисей (Мұса) арқылы Израиль халқына заң (Тора) беріп, одақ құрған. Иудаизмнің негізгі қағидаттары XII ғасырда өмір сүрген атақты философ-талмудшы, рабби Моисей мен Маймон (1135-1204) іліміне сүйенген төмендегідей 13 ережеден тұрады:

- 1.Құдай бар.
- 2.Құдай бір.
- 3.Құдай денелік пішінде болмайды.
- 4.Құдай мәңгі.
- 5.Яһудилер тек бір Құдайға табынуы тиіс.
- 6.Құдаймен қарым-қатынас тек пайғамбар арқылы болады.
- 7.Моисей (Мұса) – ең ұлы пайғамбар арқылы болады.
- 8.Тораның шығуы қасиетті.
- 9.Тор өзінің мән-мағынасын еш жоғалтпайды.
- 10.Құдай адамдардың барлық іс-әрекетін біледі.
- 11.Құдай зұлымдықты жазалап, қайырымдылықты мадақтайды.
- 12.Құдай өзінің Мессиясын (құтқарушысын) жібереді.
- 13.Құдай өлілерді қайта тірілтеді.

Маңызды әдет-ғұрыптық талаптар қатарына мыналар жатады:

- сүндетке отырғызу ұл балалар дүниеге келген соң сегізінші күні жасалады. Бұл - Яхвеге сыйынушылар қатарына қосылу белгісі. Сүндетке отырғызуды могель (сүндетке отырғызушы) атқарады.

- сенбі күнін тыныштық пен дұға жасау күні ретінде қастерлеу. Ивретте сенбі – шаббат деп аталады. Сенбі күні жұмыс жасауға болмайды (малаха); Іс-әрекеттің шұғыл түрлеріне: (жедел жәрдем, полиция, өрт сөндірушілер және т.б.) рұқсат етіледі. Үйде жұмыс істеуге тыйым салынады. Сенбі күні өлген адамдарды жерлеуге болмайды және т.б. Шаббат басында, яғни жұма күні күн батар кешқұрым мезгілде отанасының батасымен сенбілік шырағдан жағылады. Отбасы синагогаға барады. Үйіне келген соң ол балаларына бата береді және әйелін Соломонның (Сүлейменнің) Өсиет кітабының 31-тарауының сөздерімен мадақтайды. Отбасы сенбілік тамақ ішуге кіріседі. Тамақ ішер алдында нан және шарап негізінде бата жасалады. Шаббат күні от жағуға болмайды. Егер от бұрыннан жанып тұрса, ода жанып тұра береді. Сенбі күні ұзақ сапарға шығуға, кеме бортында отырған жолаушыларға борттан түсуге болмайды. Сенбі күні автомобиль жүргізе алмайды. Қоғамдық көлікті де пайдалана алмайды [10].

Джайнизм Жаңа сенімнің негізін қалаған кшатрий Вархамана болып есептеледі, ол қазіргі замандық үнді Бихар штатының территориясында б.э. дейінгі VI ғ. өмір сүрген. Отыз жасқа дейін ол қарапайым пенде өмірін кешкен: үйленген, бір қызды болған, бірақ содан кейін бүкіл өзінің мүлкін таратып

тастап, дүниеден безіп кетеді және көптеген жылдары бойы ел кезіп жүреді. 12 жылдан кейін пірәдар және тақуа «жоғары білімге» жетіп, Джинаға - «жеңушіге» (аса құрметтелетін діни ұстаздарға берілетін атақ) айналады. Тағы үш он жылдық бойы Джина, сондай-ақ Махавира («ұлы батыр») ел кезе жүріп жаңа сенімді уағыздайды, оған көптеген шәкірттерін қаратады және ақырында «соңғы босатылу», нирванаға қол жеткізеді. Махавира ілімінің ізбасарлары оның жиырма төртінші тиртханкар (жол жасаушы) болғанына сенеді, ал олардың біріншісі - Ришабха патша адамдар әлі санауды, жазуды, тамақ істеуді білмейтін кезде өмір сүрген. Дәл сол Ришабха адамдарды осыған және көптеген басқа нәрселерге үйрете отырып, болашақ дінге негіз қалаған.

Джайнизмнің дәл мұндай көне екендігі деректік дәлелдермен келтірілмейді. Джайнистік діни әдебиет дін оқытушыларының өмір сүрген уақытына қарағанда, неғұрлым кейінгі кезеңге жатады. Және джайналар туралы даталанған алғашқы дәлелдер (Ашока патшаның жазбалары) мен жазбаша ереженің алғашқы нұсқасы б.э. дейінгі III ғ. пайда болды. Ал джайнизмнің діни-философиялық жүйесінің өзі б.э. дейінгі I мыңжылдықтың ортасында қалыптасты. Осы «ми ашу» кезеңінде Үндістанда Ведалардың беделін және соған негізделген ғұрыптық-әлеуметтік нормаларды жоққа шығаратын көптеген ортодоксальдық емес ағымдар мен мектептер пайда болды. Ведалық-брахмандық дәстүрдің діни-философиялық мазмұнын түбегейлі өзгерткен идеялардың кешені негізінде джайнизмнің діни жүйесі қалыптасты. Бұған қоса, бұрынғы діннің ғұрыптық жағын, дәстүрлі рәсімдердің көбісін жаңа ілім өзіне қабылдады.

45 шығарманы қамтитын джайнистік ереженің маңызды мәтіндері Махавираның өзіне телінеді. Дегенмен Махавира қайтыс болғаннан кейін бірнеше ұрпақтарға ауызша жеткізілген мәтіндердің негізінде жазбаша ереже нұсқасын жасауға талпынған кезде, джайналық қауым екі бағытқа бөлініп кетеді. Бүкіл джайналық жиылыста Паталипутра қаласында бұл ережені «шветамбарлар» (ақ киінгендер) мойындайды. Басқа бағдарды ұстанушылар - «дигамбарлар» (кеңістікпен киінгендер) - бастапқы джайнизм жолын ұстануды сақтады. Олар Ришабханың ертедегі шынайы заңдарын жоғалған деп санайды және оларда жеке өздерінің қасиетті мәтіндері бар, сондай-ақ олар шветамбарлардың ережелерінің бірқатар көріністері мен қағидаларын жоққа шығарады. Бұл қарама-қарсылықта джайнизмнің маңызды ерекшелігі көрініс тапты - әртүрлі мектептер негізінен ғұрыптылық мәселесі, діншілдер мен жалпы қоғамның өмір сүру жағдайлары мәселесі төңірегіне келгенде қайшылыққа тап болғанмен, діни ілімнің негізгі мәселелері бойынша келісімде болды.

Діни ілімдер, жол-жоралар, ұйғарымдар Үнді діндері үшін ортақ болып табылатын карма мен соңғы босатылу - нирвана тұғырнамасын қабылдаған джайнизм ілімінің өзегі - жанның өзін-өзі жетілдіруі. Құдай-жаратушының бар екендігін мойындамайтын джайналар жанды мәңгілік субстанция, ал дүниені о бастан бар деп есептейді. Бұрынғы өмірлердің нәтижесі ретінде алынған денелік қабыршықты жеңе отырып, жан, жетіле, бәрін басқаруға, құдіреттілікке

және мәңгілік шаттыққа қол жеткізеді. Бірақ нирванаға жетуге, қайта туылулар шынжырын үзуге пенде емес, тек тақуаның ғана қолы жетеді, сондықтан діни ұйғарымдарда тақуалық практикаға үлкен мән беріледі.

Джайнизм материалды мен рухани екеуін қарама-қарсы қоюды білмейді. Жан әрбір өсімдікте, кез келген затта болады. Бүкіл табиғаттың жаны бар деген түсінік джайнистік этикада ахимса - тірі жәндіктерге зиян келтірмеу ұстанымының басымдылығын анықтайды. Өмірдің қандай формасын кездестірсе де, джайн оны өлтіруден сақтануы керек және басқаларды да ұстап қалуы тиіс. Сондықтан тек аңшылық, балық аулау ғана емес, сонымен бірге тірі жәндіктерді опат қылатын егін шаруашылығы мен мал шаруашылығы да - джайн-пенделер үшін тиым салынған мамандықтар. Аса қатты берілген тақуалар тек сүзілген су ішеді, кездейсоқ қандай да бір жәндікті жұтып қоймау үшін, аузына шүберек таңып жүреді, немесе басып кетпеу үшін, тіпті өздерінің алдын сыпырып жүреді. Джайналар тамаққа етті пайдаланбай ғана қоймайды, сондай-ақ олар өсімдіктерге артық зиянкестік жасамау үшін түйнектерді, тамырларды және көп дәні бар жемістерді де жемейді.

Ежелгі үнді діни ілімдерінің басым бөлігі сияқты, джайнизм де, адамға діни идеалға жетуге, “босатылу жолын” іздеуге көмектесе алатын нормалар мен ұйғарымдар жасауды өзінің басты міндеті деп біледі. Бұл жолды Джина «үш асыл заттың» соңынан еру деп анықтаған. Біріншісі – «жетілген көзқарас»: дүниені Махавира іліміне сәйкес тану, оның абсолютті ақиқаттылығына сенім. Екіншісі - «жетілген білім»: ілімді, жан мен әлем болмысын тану. Бұл мақсатқа өмір бойы ұмтылуға болады және ұмтылу қажет те, ал бастау үшін алдымен ұстаз - гурудың көмегімен өз-өзінді, өз «меніңнің» мәнін тану, өз мақсатыңды дұрыс түсіну (кармадан құтылу) сияқты шектеулі білім алған жөн. Үшіншісі - «жетілген жүріс-тұрыс»: қалауларыңды жеңу және діни ережелерді сақтау. Джайналардың этикасы күнделікті жүріс-тұрыс нормаларын қатаң бақылайды. Қауымның барлық мүшелері өз еріктерімен бес негізгі сертті қабылдайды: тірі жәндікке зиян келтірмеу, ұрлық жасамау, зинақорлық істемеу, аш көзділікке бармау, адал және тақуа болу. Көп жағдайда негізгі анттарға өз еркімен берілетін басқа да анттар мен шектеулер қосылатын.

Барлық джайналар - монахтар да, пенделер де - бір қауымның мүшелері. Кармадан құтылуға тек монах-тақуалардың ғана мүмкіндігі болады деп есептелгендіктен, пенделер де біраз уақыт бойы монахтық өмір салтын ұстанулары қажет болды. Формальды түрде кез келген джайн монах бола алды, бірақ джайндардың ортасында осы бір ерекше, жоғары қабатқа ену, пенделер еліктейтіндей үлгі болу - әдеттегі өмірден толық қол үзу дегенді білдірді. Қайыр-садақамен күн көре, монахтар қажылыққа бару әрекеттерін монастырьларда уақытша тұрумен кезектестіріп отырды. Үш жылдық монахтық өмірден соң, атақ алу ғұрпынан өте және жаңа қатаң анттарды қабылдай отырып, монах мұқтаждыққа толы тақуа жолына біржолата түседі.

Джайнизмнің жеке өзінің тұрмыстық әдет-ғұрыптық жүйесі болған жоқ, сондықтан джайн-пенделер көп жағдайда брахмандардың қызметіне жүгінген. Джайндық қауымда касталық бөліну индуистерге қарағанда анағұрлым аз рөл

атқарды. Дегенмен касталық институттардың маңызы біртіндеп өсе бастады, бұл үнді қоғамында джайнизмнің тұрақтылығын қамтамасыз етті.

Бихарда пайда бола отырып, джайнизм Үндістанның оңтүстігі (көбінесе дигамбарлар) мен батысында (шветамбары) да талай жолын куушыларды тапты, бірақ буддизм мен индуизмге бәсекелес бола алмады. Джайндық қауымның құлдырауы жаңа эраның бірінші ғасырларынан-ақ анық байқалды. Үндістанның оңтүстігінде индуистік басқарушылардың қамқорлығынан ажыраған қауым өзінің мүшелерінің жаппай индуизмге берілуін бастан кешеді, өзінің әсерін жоғалтып алады және ақырында мұсылмандық жаулап алушылық кезеңінде өзінің бұрынғы позицияларын түгелдей жоғалтады. Солтүстік сауда қалаларының бай джайндық көпестері мұсылман династияларының басқару жылдарында қудалаулардан аман қала алды. Қаражат, сауда, өсім алушылық салаларында өз позициялары мен әсерін нығайта және князьдердің қолдауын пайдалана отырып, джайндар Раджпутан мен Гуджаратта қалыптасып келе жатқан саудагер-өсім алушы топтың негізін құрай алды. Бүгінде, негізінен қаражаттық және кәсіпкерлік әрекетпен айналысуды жалғастыра отырып, джайндық кішігірім (тұрғын халықтың 1% аз бөлігі) қауым Үндістанның экономикалық өмірінде елеулі рөл атқарады.

Синто

Синтоның қалыптасуы Синтоизм VI-VII ғғ. қалыптасты. «Синто» («құдайлар жолы») термині ортағасырларда пайда болды. Жапондық алғашқы жазба ескерткіштеріндегі мифологиялық дәстүр синтолық культтер жүйесінің күрделі қалыптасу жолын бейнелейді. Олардың қатарына Орталық Жапонияға қоныс аударған Солтүстік Кюсю тайпаларының құдайлары мен жергілікті тұрғындардың құдайлары кірді. Біртіндеп жергілікті құдайлар ығыстырылып, жапон аралдарын «жаратқан» «күн» құдайы Аматаэрасу жоғарғы құдайға айналды; сондай-ақ ол жерге түсіп, «құдайылық» императорлық династияның негізін қалаған Нинигидің үлкен анасы саналды.

Синкретизация V ғ. соңы мен VI ғ. басында Орталық Жапонияда біріккен тайпаларға ықпалын жүргізу үшін ру басылары арасындағы тартыс күшейе түсті. Ерте таптық қоғамнан ерте феодалдық қоғамға өту жедел қарқынмен жүрді. Ерте таптық қоғамның ішкі қайшылықтары Сога тайпасының бәріккен әскери Минонобэ кланы коалициясы мен абыздардың Накатоми топтары арасында қатты шиеленісіп кетті. Билікке ұмтылған Сога жат жерлік будда дініне арқа сүйеді. Будда дінінің таралуы алғашқы деректер VI ғ. алғашқы кезеңіне сай келеді. 538 ж. Корей корольдігінің елшісі Пэкче Яматога келгенде (Хонсю аралығының орталық бөлігі) патшаға бірнеше буддалық сутраларды және буддизмнің негізін қалаушы Шакья-Муни мүсінін тарту етеді. Алайда, Будда діні туралы мәліметтер Ямато тұрғындарына ертеден-ақ белгілі еді. Осы кездерде елде конфуцишілдік те тарала бастады. Аспан культі туралы конфуцилік идиялар өздерінің «көк тәңірлік», «құдайылық» тегін дәріптеген патша туыстары мен ақсүйектерге өте жағымды болды. Әрбір адамның қоғам иерархиясындағы орны мен міндеттерін айқын белгілеген конфуцишілдіктің этикалық бағдарламасы да билікке талпынған рулық кландардың мүддесіне сай

келді. Конфуцишілдік этиканың «Баланың әкеге деген құрметі мен парызы» принципі жапондықтардың жанына жақын болды. Төменгі таптар үшін ол ата-баба аруағына табыну түрінде жүзеге асты, ал ақсүйектер үшін ол қол астындағылардың «құдайылық» династияға сөзсіз бас июінде көрініс тапты.

Конфуцишілдік идеялар жапон топырағында құрлықтан қабылданған мемлекеттік институттарды нақты қайталаған кезде кең қолданылды, бірақ билік үшін тартыста Сога үшін бастысы будда діні болды. 587 ж. будда діні тез қарқынмен таралады, көптеген буддалық монастырьлар мен храмдар салынып, оларға жер мен құлдар, қазынадан елеулі қаржы бөлініп беріледі.

Буддалар мен бодхисатваларда да камилерге тән тылсым қасиет бар деп саналды. Халық олардан науқастан қорғау, ауыл-аймаққа қорған болу сияқты нақты тілектерін орындауды өтінді. Синтоистік пантеонды осы кездерден бастап құдайларды «көк аспандық» және «осы дүниелік» деп бөлу орын алды.

«Көк аспанды» мекендейтін «көк тәңірлері» патша әулетінің ілкі тектері, ал «жерлік» құдайлар бағынған, жаулап алынған тайпалардың ілкі тектері деп жарияланды. Бұл бөліністе Ямато патшаларының өздерінің діни үстемдігін көрсетуге деген талпынысы айқын көрініс тапты. Буддалар мен бодхисатвалар бұл пантеонға жаңа құдайлар ретінде енді. Сонымен қатар халықтың әр түрлі әлеуметтік таптарының қарым-қатынасы мен табиғат сфералары да Синто иелігінде болды. Диқан қауымының діни практикасы ретінде пайда болған Синто ұжымдық көзқарастардың көрінісі болса, буддизм жеке адамға, тұлғаның өзіне тікелей бағытталды. Жергілікті нанымдар мен буддизм жапон өмірін екіге бөліп тастады: қуанышты оқиғалар – дүниеге келу, некеге түру «күн» құдайы Аматаэрасу бастаған рулық құдайлар еншісінде болса, синто зұлымдық ретінде қарастырған өлім буддизмнің қарауына өтті. Буддизм «Будда жұмағында аман қалу», «қайта түлеу» концепциясын ұсынды.

Сөйтіп екі діннің тұтасуы орын алды. Ол жапон терминологиясында «ребусинто» - «буддизм мен синто жолы» деген атауға ие болды. Жергілікті культтерге ресми қолдау көрсеткен өкімет әрекетінің де маңызы үлкен болды. «Тайхоре» (701) заңдар жинағында арнайы дзингикан ведомствосының құрылуы атап көрсетілді (аспандық құдайлар ісі жөніндегі басқарма), ол мемлекеттік храмдардың ісін бақылап отырды. Екі дінді қолдаудың тағы бір тәсілі өкіметтің жергілікті камилерді буддалық құдайлардың жебеушілері деп атаған жарлықтары болды. Сетокудидің жарлығымен, тіпті ең маңызды, әрі қасиетті церемония «жаңа өнім жемісінен дәм тату» мерекесінде де екі діннің, синто мен буддизмнің рәсімдері біріктіріліп, оған енді буддалық монахтар шақырылады. Нарадағы храмдар салуда Вайрочана будданың алып мүсінінің тұрғызылуы да атап өтерлік жайт. Бұл жұмыстарды бастамас бұрын Аматаэрасудан «кеңес» сұралады. Аңызға сай жергілікті синтолық құдайлар мүсінді құюға жетпей қалған алтынды табу үшін елдің солтүстігіндегі жерге «мензеген» екен. Бірақ діни синкретизмнің ең жоғарғы формасы «хондзи суйдзяху» концепциясы болды.

Оған сәйкес синтоистік пантеон құдайлары буддалар мен бодхисатвалардың уақытша көрінісі ретінде қарастырылады. Мысалы, Аматаэрасу құдайы «алмас жарығы» буддасы Вайрачананың көрінісіне айналды.

Тэнноизм Синто дамуындағы маңызды кезең – «исэсинто» концепциясының қалыптасуы. Оның басты мақсаты – император культін нығайту. Бұл концепцияның пайда болуының бір себебі моңғол шапқыншылығы және одан кейінгі (1262-1281) кезеңдегі храмдардың, әсіресе исэ дзингу храмының ықпалы мен беделінің артуы болды. Осы уақытта император әулетінің ілкі тегі, әрі қорғаны исэні мекендейтін Аматаэрасу культі өте кең таралды. Аматаэрасу өз ұрпақтарына қолдау көрсетіп, құдайылық дауыл «камикадзе» екі рет жау флотын күйретіп, қауіптің бетін қайтарады. XVI ғ. екінші жартысында «Исэ синтоның» дамуы белгілі бір адамды құдай деп қарауға жол ашатын жаңа культінің пайда болуына әкелді. Оған императорлық әулетке жақындық емес, сол адамның ірі саяси және қоғамдық еңбегі негіз болды. Бұл XII ғ. соңында-ақ елде қалыптасқан жағдайды, билікке әскери-феодалдық ақсүйектердің (самурайлардың) келуін бейнеледі. Олар император әулетінің билігін синто культінің сферасымен ғана шектеді. Сөйтіп императорда таза номиналды билік қана қалды. Феодалдық диктатор Ода Нобунага (1534-1582) елді біріктіру үшін күрес барысында өзін Ками деп жариялап, өзіне камидей табынуды талап етті. Оның әріптесі диктатор Токатоми Хидэсиде (1576-1596) құдай деп танылды. Токугава Иэясу сегунның (1542-1616) өсиеті бойынша оның аруағына табыну үшін бірнеше храмдар мен шырақ орындары салынуы керек болды.

Токугава (1603-1867) билік құрған кезеңде конфуцишілдіктің әр түрлі ағымдары синтоны этикалық идиялармен байытып, синтоконфуцишілдік синкретизмнің күшеюінің ауқымды негізін қалады. Тарихи деректер негізінде императорлық билік культі мен институтын негіздеуді мақсат еткен мектептер қалыптасты. Көне мифологиялық жинақтарға сүйенген бұл мектептер жапон императорлары әулетінің құдайылық тегі мен іс-әрекеттерінің нанымдылығы идиясын жан-жақты баяндап, насихаттайды. Олар «ұлттық» бірегейліктің бейнесі мен бастауы ретіндегі «тэнно» (император) рөліне басты назар аударады. Ұмытылған Жапон «жолы» - «мити» (қыт. «дао») даналығы қайта өркендеп, «көне синто» («фукко синто») қалпына келтірілді. Императорды қорғау, императорлық билікті реставрациялау идиялары сегунат жүйесін құлатуға бағытталған оппозициялық қозғалыстың идеологиялық негізіне айналды.

Екі жарым ғасырға созылған оқшауланушылықтан кейін орын алған XIX ғ. ортасындағы ел есігінің ашылуы, шет елдіктердің келуі мен батыс мәдениетінің ағыны тұрғындардың басым көпшілігінің тұрмысын қиындатып жіберді. XX ғ. басында Мито мектебінің ғалымдары әсіресе оның көрнекті өкілі Аидзава Сэйсисайдың (1781-1863) «сонно дзей» (императорға табыну, варварларды қуу) ұраны қоғамның әр түрлі таптары тарабынан, оппозициялық самурайлар арасынан қолдау тапты. Шетелдіктерге және сегунға қарсы қозғалыс бір ұранның төңірегіне шоғырланды. Сегунға қарсы қозғалыс 1867 ж.

күзінде синтолық храмдарда басталып, Мэдзи буржуазиялық революциясының (1867-1868) алғашқы кезеңіне ұласты.

2-тақырыпқа сілтемелер

- 1.Всеобщая история религий мира /В.Д. Карамазов. – М.: «Астрель»; СПб.: «Полигон»,2011. – с.312.
- 2.Бұлда сонда. - с.113.
- 3.Всеобщая история религий мира /В.Д. Карамазов. - М.: «Астрель»; СПб.: «Полигон»,2011. - с.527.
- 4.Қараңыз: Бұлда да сонда. - с.557.
- 5.Қараңыз: Бұлда да сонда. - с.557.
- 6.Қараңыз: История религий. - Москва,2007. 36-40 с.
- 7.Всеобщая история религий мира. - М., СПб,2011. 570- 572 с.
- 8.«Құран кәрім» аудармасы. - Алматы,1991 ж. Қажы. Р.Нысанбайұлы мен У.Қыдырханұлы аударған.
- 9.Құран Кәрім. Қазақша мағына және түсінігі. Аударған Халифа Алтай. Мілади 1991 ж. басылды. Бақара, Әли Ғимран, Ибра, Мәриям, Рағыт, Сәждә, Әнғәм т.б. сүрелер; Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС,2010.
- 10.Қараңыз: Еділқызы Ләйла //Егемен Қазақстан. 25 мамыр,2012 ж.

3-тақырып. Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу. Діни және ұлттық қауіпсіздік

3.1 Экстремизм ұғымы және оның түрлері. Терроризм ұғымы және оның қауіптілігі. Экстремизм мен терроризм туралы заңнамалық актілер

Қазіргі кезде әлемде экстремистік әрекеттер, соның ішінде діни экстремистік әрекеттер жиі кездесіп отыр. Экстремистік ұйымдар мен әрекеттер Қазақстанда да пайда болып, өз істерін жүзеге асырумен көзге түсіп отыр. Осыған орай ҚР-ның 2005 жылы 18 ақпанда «Экстремизмге қарсы іс-қимыл» туралы №31 заңы қабылданды.

Осы Заңның 1-бабында мынадай ұғымдар пайдаланылады:

5) **экстремизм** – жеке және (немесе) заңды тұлғаның, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігінің белгіленген тәртіппен экстремистік деп танылған ұйымдардың атынан іс-әрекеттер ұйымдастыруы және (немесе) жасауы;

жеке және (немесе) заңды тұлғаның, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігінің мынадай экстремистік мақсаттарды:

Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күшпен өзгертуді, егемендігін, оның аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін бұзуды, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне нұқсан келтіруді, өкіметті күшпен басып алуды немесе өкіметті күшпен ұстап тұруды, заңсыз әскерилендірілген құралымдарды құруды, оған басшылық жасауды және қатысуды, қарулы бүлік ұйымдастыруды және оған қатысуды, әлеуметтік, тектік-топтық алауыздықты қоздыруды (саяси экстремизмді);

нәсілдік, ұлттық және рулық алауыздықты, соның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты алауыздықты қоздыруды (ұлттық экстремизмді);

діни өшпенділікті немесе алауыздықты, соның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты алауыздықты қоздыруды, сондай-ақ, азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, имандылығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін кез келген діни практиканы қолдануды (діни экстремизмді) көздейтін іс-әрекет ұйымдастыруы және (немесе) жасауы;

Заңда экстремизмнің 3 түрі: саяси экстремизм; ұлттық экстремизм; діни экстремизм көрсетілген.

6) экстремистік ұйым – экстремизмді жүзеге асыратын және сот экстремистік деп таныған заңды тұлға, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігі;

7) экстремистік материалдар – экстремистік іс-әрекеттерді жүзеге асыруға шақыратын не оларды жасау қажеттігін негіздейтін немесе ақтайтын, жария етуге немесе таратуға арналған кез келген құжат не өзге де жеткізушілердегі ақпарат;

8) экстремизмді қаржыландыру – жеке және (немесе) заңды тұлғаларды, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігін экстремистік мақсаттарда, соның ішінде оларға қаржылай қаражат, жылжымайтын мүлік, оқу, полиграфиялық

және материалдық-техникалық база, телефон, факсимилді және басқа да байланыс түрлерін, ақпараттық қызмет көрсету, сондай-ақ өзге де материалдық-техникалық құралдар беру жолымен қаржыландыру мәселелері түсіндіріліп көрсетілген [1].

Экстремизммен қатар терроризм әрекеттері де әлемде көп кездесіп отыр. Террорлық әрекеттер Қазақстанда да орын алды. Елімізде «Терроризмге қарсы күрес туралы» ҚР заңы алдымен ҚР 19.02.2002 ж. қабылданып, 2009.10.07. берілген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Осы Заңда мынадай ұғымдар мен терминдер берілген.

1) **терроризм** – қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың шешім қабылдауына ықпал ету мақсатында не мемлекет, не қоғам қайраткерлерінің қызметін тоқтату немесе осындай қызметі үшін кек алу мақсатында жеке тұлғаларға немесе ұйымдарға қатысты құқыққа қарсы қылмыстық жазаға тартылатын әрекет немесе оны жасаймын деп қорқыту;

2) **террористік іс-әрекеттер** – террористік сипаттағы қылмыстарды жасауға бағытталған және төменде аталған әрекеттердің кез келгенін қамтитын іс-әрекет:

- терроризм идеологиясын тарату;
- террористік акцияларды ұйымдастыру, жоспарлау, дайындау және жасау;
- террористік акцияларды жасауға айдап салу, террористік мақсатта зорлық-зомбылық жасауға шақыру;
- террористік акцияларды жасау мақсатымен әскерилендірілген заңсыз құрамаларды немесе қылмыстық ұйымдарды құру, сондай-ақ оларға қатысу;
- террористік акцияларға террористерді тарту, қаруландыру немесе пайдалану, сондай-ақ оларды террористік дағдыларға үйрету;
- террористік ұйымдарды немесе террористерді қаржыландыру;
- террористік әрекетті дайындау мен жасауға жәрдемдесу;

4) **террористік акция** - терроризм актісін не Қазақстан Республикасының қылмыстық заңдарында көзделген террористік мақсаттарды қудалайтын өзге де қылмыстарды тікелей жасау;

5) **терроризм актісі** – жарылыс жасау, өрт қою немесе адамдардың қаза болуы, елеулі мүліктік зиян келтіру не қоғамға қауіпті зардаптар туындау қаупін төндіретін өзге де іс-әрекеттер жасау немесе жасаймын деп қорқыту, егер ондай іс-әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру не Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттердің немесе халықаралық ұйымдардың шешім қабылдауына ықпал ету мақсатында жасалса, сондай-ақ адам өміріне дәл сол мақсаттарда қастандық жасау, сол сияқты мемлекет немесе қоғам қайраткерінің өміріне оның мемлекеттік немесе өзге де саяси қызметін тоқтату не осындай қызметі үшін кек алу мақсатында қастандық жасау;

б) **террорист** – террористік іс-әрекетті жүзеге асыруға қатысушы адам; [2]. Мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде экстремизмнен сақтандыруға бағытталған мынадай алдын алу шараларын іске асырады:

- «Діни бірлестіктер мен миссионерлердің қызметіне зерделеу мен талдау жүргізеді, өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпараттық-насихаттық іс-шараларды жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасының бұзылуына қатысты мәселелерді қарайды, Қазақстан Республикасының экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзатын діни бірлестіктердің қызметіне тыйым салу туралы ұсыныстар енгізеді»;

- «бұқаралық ақпарат құралдары істері жөніндегі уәкілетті орган бұқаралық ақпарат құралдары өнімдерінде экстремизмді насихаттауға және ақтауға жол бермеу, олардың Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауы тұрғысында оларға мониторинг жүргізеді, мемлекеттік тапсырысты орындайтын бұқаралық ақпарат құралдарында ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайту мәселелерінің жариялануын қамтамасыз етеді»; «білім беру ұйымдарында оқушылардың экстремизм идеяларын қабылдамауын»;

- «ҚР ұлттық қауіпсіздік органдары жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың дәлелді қорытындылары бойынша өздерінің іс-әрекеттерімен қоғам мен мемлекет қауіпсіздігіне қатер төндіретін немесе нұқсан келтіретін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына кіруіне жол бермеу жөніндегі шараларды жүзеге асырады»;

- «ҚР ішкі істер органдары жедел-ізвестіру қызметін, қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде атқарушылық және өкімдік функцияларды жүзеге асырады, сондай-ақ өздерінің іс-әрекеттерімен қоғам мен мемлекет қауіпсіздігіне қатер төндіретін немесе нұқсан келтіретін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасынан шығарып жіберуді жүзеге асырады»;

- «облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимылды жүзеге асырады, тиісті аумақтарда құрылған діни бірлестіктердің және миссионерлердің қызметін зерделеуді жүзеге асырады, олар туралы деректер банкін жасайды, өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша өңірлік деңгейде ақпараттық-насихат іс-шараларын жүзеге асырады, өңірдегі діни ахуалға зерделеу мен талдау жүргізеді»; [3].

Мемлекет террористік іс-әрекеттің алдын алу, анықтау және жолын кесу жұмыстарын жүргізеді.

Қазақстан Республикасының аумағында: терроризмді насихаттауға; террористік ұйымдардың, сондай-ақ, заңсыз әскерилендірілген құрамалардың құрылуына, тіркелуіне және жұмыс істеуіне тыйым салынады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік органдарының террористік іс-әрекетке қатысқан шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келуіне тыйым салуға құқығы бар.

Террористік акцияның жолын кесу үшін терроризмге қарсы тікелей күресті жүзеге асыратын мемлекеттік органдар қолда бар күштер мен құралдарды, соның ішінде арнаулы мақсаттағы бөлімшелерді іске тартады. Қажет болған жағдайларда террористік акциялардың жолын кесу үшін терроризмге қарсы операциялар жүргізіледі [4].

Діни экстремизм – діни құндылықтарды жамылып, дінді сақтауды желеу етіп, өзінің саяси мақсаттарына қол жеткізу жолындағы саяси әрекет. Діни экстремизмнің негізінде өз идеяларын түсіндіру, оған жаңа мүшелерді тарту, әсіресе жастарды тарту жолымен жүреді. Алдымен олар өздеріне қажетті адамдарды қоғам ішінен ұзақ таңдайды. Олармен танысып, өз әрекетіне тартады. Оларға діннің мәнін түсіндірген болады. Сол үшін түрлі астыртын жиындар мен жиналыстар, кездесулер өткізіп отырады. Оларда қызу пікірталастар жүргізеді. Жаңа мүшелерге жәрдем береді. Діни бауырмалдылық идеясын насихаттайды. Оларға өз әдебиеттерін беріп, өз идеяларына толықтай өткізеді. Басқа діндерді жамандайды. Өмір сүріп отырған қоғамдық құрылысты айыптайды, оған қарсы күрес қажеттігін негіздейді. Содан кейін барып мүшелерімен түрлі әскери жаттықтырулар өткізе бастайды. Осылай жаңа мүшелерін қаруландырып, күреске дайын етеді. Олардың насихаты ымырасыз келеді. Діни экстремизмнің дінге ешқандай қатысы жоқ, тек оны жамылғы етеді.

3.2 Шетелдік христиандық миссионерлік ағымдардың қызметі және олардың еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне зияндылығы

Кейінгі уақытта католик, протестанттық және дәстүрлі емес діни құрылымдар өз қызметтерін белсенді түрде жүргізуде. «Иегова куәгерлері» бірлестігінің миссионерлік қызметі ерекше қарқын алуда. «Иегова куәгерлері» Қазақстандағы сан жағынан өсіп келе жатқан конфессия болып отыр.

«Иегова куәгерлері» діни бірлестігін Қазақстанда екінің бірі біледі. Өйткені ағым мүшелері елімізде өздерінің діни насихат іс-әрекеттерін белсенді жүргізіп жатыр. Дәл солар секілді, көшеде кетіп бара жатқан адамды тоқтатып алып немесе әрбір үйдің есігін қағып, көрінген адамның іші бауырына кіріп, түрлі-түсті көз тартар кітапшаларын таратып, онымен қоймай өздерінің Інжілді оқыту жиналыстарына шақырып, «жатпай-тұрмай» еңбектеніп жатқан өзге діни ағымдар өкілі некен-саяқ. Әлем бойынша жеті миллиондай мүшесі бар «Иегова куәгерлері» бірлестігінің насихат таратушылары Қазақстанның әрбір қаласында қаптап жүр. Әсіресе, Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай және Ақтөбе облыстарында олардың ірі ұйымдары орналасқан [5].

1870 жылы Америка Құрама Штаттарында Чарлз Тейз Рассел (1852-1916) Інжілді зерттеу ұйымын құрды. Осы ұйым негізінде «Иегова куәгерлері» атты діни ұйым құрылды. Орталығы Америка Құрама Штаттарының Нью-Йорк қаласы. Алғашында ұйым «Киелі кітаптың зерттеушілері» деп аталған. 1931

жылы «Иегова куәгерлері» деген атқа ие болды. Иегова Тәуратта тәңірге берілген есім. Иегова куәгері дегеніміз - тәңірге куәлік еткен, тәңір Иегованың жолымен жүретін кісілер деген мағына береді.

Иегова куәгерлері, мұсашылықтың ықпалында қалған «Христиан бағыты». Олар христиандықтың тармақтары - католик және протестанттарды адасқандар деп есептейді. Киелі кітап, яғни Тәурат, Забур, Інжіл осы кітаптардың соңындағы хаттарға сеніп қабыл етеді [6].

Құранды және Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарды мойындамайды. Сол үшін «Иегова куәгерлері» мұсылман емес. Иегова куәгерлері дәстүрлі діндердің қатарына жатпайды.

Иегова куәгерлерінің 1971 жылы 15 желтоқсандағы «Сторожевая башня» журналында ұйымның құрылымы көрсетілген схема бар. Осының ең жоғарысында Иегова құдай, Иисус Христос, одан төмен Басқарушы корпорация орналасқан. Бүкіл жердегі иеговалық куәгерлерге басшылықты осы Басқарушы корпорация жүргізеді. Басқарушы корпорациядан кейін «старейшиналар» және миссионерлік қызметшілер орналасқан.

Басқарушы корпорация жер бетіндегі жалғыз ақиқаттың каналы болып табылады. Оған бағыну міндетті. Інжіл «Сторожевая башня» қауымы қалай оқытса, солай түсінілуі тиіс. «Құдай өз сөзін тікелей әңгіме үшін немесе ақиқатты өз-өзінен жеткізу үшін ғана жарқырата бермеген. Құдай бұл жарықты тек өз ұйымы арқылы ғана жеткізеді» [7].

«Иса пайғамбар «Сторожевая башня» қауімін тек өзінің жердегі жалғыз өкілдігі ретінде сайлаған (Басқажристиандық конфессияны жоққа шығарған). Иеговадан басқа ұйымдардың бәрі де шайтанның ұйымдары болып табылады» [8]. Иеговшылар шіркеуді тура жолдан бас тартқан деп санап жалғыз ақиқат ретінде өз жолын санайды.

Иеговшылар өз ғимараттарын патша залдары деп атайды. Діни қызмет бір орталық АҚШ-тағы Бруклингтегі штаттың басшылығымен жүреді. Тіпті діни ән айту оларды орындау тәртібі де бақылауда тұрады. Діни қызметтерді жиындарды старейшиналар жүргізеді.

Шымкент қаласы ұзақ жылдар бүкіл Орта Азия республикаларының және Оңтүстік Қазақстан облысы Иеговшылар орталығы болып саналады. Осы өңірлердің (5 республиканың) иеговшылары Шымкентке жиналып осындағы старейшинаның басшылығымен жылына 2 рет аудандық конгрестерін өткізіп тұрады. Олардың географиялық схемасы бойынша Орта азияның 4 республикасы, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы және Қызылорда облыстарының иеговистерінің бір ауданы болып есептеледі. Шымкентте олардың 2003 жылға дейін жеке храмдары болмады. Діни рәсімдері, соның ішінде өз конгрестерін жалдамалы ғимараттарда өткізіп жүрді.

Христиан дінінің басқа ағымдары иеговистердің ілімін жоққа шығарады және оған қарсы. Әсіресе, христиан әлеміне иеговистердің шіркеуді тура жолдан бас тартқан, ақиқатты нағыз жеткізуші иеговшылар деген тұжырымы ызаландырады. Иеговшылар тарихы христиандықты жоққа шығарып отырып

құдайдың үштігін, Иса пайғамбардың құдайлық сипатын оның қайта тірілетінін жоққа шығарады.

Қазақстандағы «Иегова куәгерлері» діни орталығы жоғарыда айтқанымыздай Есік қаласында орналасқан. Иегова куәгерлерінің 79 діни бірлестіктері әділет органдарында тіркелген және 30-дан аса жергілікті қауымдары бар. «Иегова куәгерлері» саны 20 мыңға жық. 1999 жылы діни бірлестіктердің құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатымен Қазақстанның діни бірлестіктер қауымдастығы құрылды. Бұл қауымдастық 200-ге жуық діни бірлестіктерді біріктіреді.

«Иегова куәгерлерінің» өз дініне шақырған уағызшылары жиі кездеседі. Олар алдымен: «мынау киелі кітап сөздері» дейді. Артынан исізге отбасы, өмір мәселелері туралы сұрақ қояды, пікіріңізді сұрайды. Олар сізбен сөйлесіп, соңында қолыңызға әсем безендірілген бүктемелі бір парақшане болмаса журнал ұстатады.

«Иегова куәгерлері» діни бірлестігіне кірген адамдар өмірінде күрт өзгерістер орын алып, адам отбасында жақын адамдармен басқаша қатынас жасап, өз сенімін насихаттап, дәлелдеуге тырысады. Өзімшілдікке бой алдырып, тіпті кейбір діни бірлестік мүшелері жеке мүлкін сатып, ортақ қауымдық меншікке қосады. Бұл дәстүрлі қоғамдық өмірді өзгертуге алып келеді.

«Иегова куәгерлері» мүшелерінің негізгі міндеті - өз ілімдерін насихаттау, діни ұйымдарға адамдарды кіргізу. Үгіт-насихатқа ұйым мүшелері табыстарының 10% береді және үгіт-насихат жұмыстарына айына кемінде бір сағат бөлуі тиіс және бұл шарамен өте белсенді айналысады. «Иегова куәгерлері» мүшелері басшыларының бұйрығын орындауға әр уақыт дайын болуы керек. Ұйымның әрбір мүшесі ай сайын қанша рет миссионерлікпен айналысты, неше рет ұйым жиынына қатысты, Библияны оқуға қанша уақыт бөлгені, ұйымға қанша ақша қосқаны туралы есеп жүргізіп отырады, жыл соңында басшылыққа есеп береді.

«Иегова куәгерлері» діни бірлестігінің ТМД бойынша аймақтық басқару орталығы Санкт-Петербург қаласында орналасқан. Ал Қазақстан көлеміндегі басшылық орны - Есік қаласында. «Куәгерлер» өздерінің басқосуларын жиі-жиі өткізіп тұрады. Оларды да кейде ҚР қолданыстағы заңдылықтарына қайшы жағдайда әрі жергілікті билік басқару органдарының тыйым салғанына қарамастан өткізеді.

Ұйым қатты науқас болған немесе апатқа ұшыраған өз мүшелеріне зге адамдардың қанын құюға тыйым салады. Осы негізде Иегова куәгерлерінің кейбір мүшелері қан құйғызбау себептен қайтыс болып кеткен» [8]. Сондай оқиғалардың бірі Шымкент қаласында орын алды. Иеговшылардың жас баласы ата-анасының қан құюға тыйым салуына байланысты дүниеден өтті. Осы негізде баланың әжесі, кемпір кісі немересі үшін өз баласы және келінмен соттасуға мәжбүр болды.

Жалпы иеговаға өткен көптеген мүшелердің ата-аналары, туыстары үлкен трагедиялық жағдайларға душар болып, жан күйзелісіне ұшыраған. Бұл ұйымға

кірсең, одан кері шығу жеңіл шаруа емес. Көп жандар үшін секта құлдығына апарар жол-бір бағытта ғана, кейін қацтар жол болмайды.

Өйткені санасы әбден уланып, жүрегі секта деп соққан адамды бұрынғы ортасына, қалыпты дүниетаным үрдісіне қайтару – қиынның қиыны. Ол жандар «біз ғана дұрыспыз, қалғандарыңның бәрің-адасқансыңдар» деген сөзіне танбайды. Ол өзінің таным мүмкіндігінен айырылып, кірген сектасына психологиялық тәуелді болып қалады» [9].

Алдымен өзі, кейін отбасы бұзалады. Осы тізбекті әрі жалғай берсек, отбасынан кейін қоғам, одан әрі мемлекеттің тұтастығына сызат түсері айдан анық.

Иеговашылар жанның мәңгілігін жоққа шығарып, оның орнына Иеговшылардың қайта тірілетіндігіне сенеді. Жан түсінігі өмір түсінігімен сәйкестендіріледі. «Тек Құдай ғана адам қайта өмір сүре алатын рухты немесе өмірлік күшті қалпына келтіре алады».

«Иегова куәгерлері» Қасиетті Өсиет, Құпиялылық икондарды, қасиетті дүниелерді, монастырларды мойындамайды, иконаларға, қасиетті мүсіндерге, тіпті Мәрия ана мен Иисус Христостың өзіне табынбайды. Олар мұны пұтқа табыну деп есептейді.

«Иегова куәгерлері» судағы шоқындыруды құдаймен жеке қауышудың рәсімі де есептейді. Өзге христиандық бағыттардан айырмашылықтары иеговшылар, суға толық түсу арқылы шоқындырылады, Иисустың өзенде шоқындырылғаны және Иоанның да суы мол жерде шоқынғанын еске алу үшін жасалады.

Иеговшылар аптасына бір рет кітап талқылау жиналысына және аптасына екі рет «патшалық залына» қатысулары керек. Бұдан өзге үлкен жазғы конгресс және жыл бойы болып тұратын шағын конгрестер бар. Иеговшылардың құдайға құлшылдықтары «Күзет мұнарасы» журналы негізінде жүргізіліп тұрады. Ол «патшалық залданында» немесе арнайы жалға алынған үлкен ғимараттарда өтеді. Олардың уағыздары «көпшілік алдындағы сөз» деп аталады. Оның басты мақсаты иегова құдай мен Иисус Христос патшаның өз атынан ереушілерінен нені талап ететіндігін талқылау болып табылады. Мұндай кездесулер негізінен екі бөлімнен тұрады, сөзді көбіне үлкендер қатарынан, сонымен бірге көрші қауымдастықта қызмет ететін қарапайым көмекшілер де сөйлей алады.

Ұйымда 203 елге таралған 25 694 қауымдастық бар. Қазіргі кезде әлемде 5,2 миллион куәгерлер бар деуде негіз бар. Ресейде 01.01.1996 ж. бойынша 128 иегова куәгерлерінің біріккен діни сектасы тіркеуден өтті. Ресейдегі «күзет мұнарасының» адаптерінің жалпы саны 200 000 адамды құрайды. Соңғы жылдары бұл секта құрамы Ресей мен бұрынғы КСРО 1956 ж. Сібір мен Қиыр Шығысқа жер аударылғандар да Қазақстанға келе бастады. Олар Қазақстандағы бірінші жиындар мен топтардың негізін қалады. 1955 жылдың 21 тамызында Нұра өзенінде алғашқы 6 адам шоқындырылып, кейін 1 аптадан соң тағы 12 адам шоқындырылды. 1963 ж. Қостанайда 50 шақты адам «иегова куәгерлері» болды. Осы уақыттан бастап иеговашылар Орталық Қазақстанда белсенді әрекет етіп келеді. 1990 ж. дейін иегова куәгерлері заңсыз әрекет етіп келді, тек

1992 ж. ғана алғаш қауымдастық тіркеліп, облыстық конгресс өтеді. 1977 ж. 22 қаңтарда Қазақстанда, Өзбекстан мен Қырғызстанда, Тәжікстанда, Түрікменстанда иегова куәгерлеріне канондық жетекшілік ететін діни орталықтары тіркеуден өтеді. Иеговшылар құрамында қазақ, орыс, ұйғыр, украин, поляк, корей, курд сияқты түрлі ұлт өкілдері бар.

Иеговшылардың Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан елдеріндегі ортақ жетекші корпорациясы Есік қаласында орналасты.

Саентология шіркеуі АҚШ-та XX ғасырдың 50-ші жылдары пайда болды. Негізін салушы Лафайет Рон Хаббард (1911-1986). Ол өз ілімін «Дианетика: ақылды ойдың саулығы туралы бүгінгі заманғы ілім» атты еңбегінде қорытындылаған.

Қазіргі кезде «Саентология шіркеуін» Давид Мэсквидж басқарады, орталығы Лос-Анджелесте, діни басқармасы Клируотерде (Флорида штаты), негізгі Еуропалық орталығы Копенгагенде.

Саентологиялық орталықтар мен ұйымдар ТМД елдерінде де ашылған, соның қатарына Алматы қаласындағы орталықты да жатқызуға болады. Саентология шіркеуі Ресей, АҚШ, Англия, Австралия елдеріндегі саентологиялық ұйымдармен тығыз байланыс орнатқан. Саентологтардың пікірінше, тіршілік ету бір шеңберге шоғырланған, ол сегіз серпіннен құралады.

1. Адамның өзі ортада тұр.
2. Отбасы.
3. Топтар.
4. Адамзат.
5. Өмірдің барлық кейіптері.
6. Табиғат ғаламы.
7. Рухани ғалам.
8. Шексіздік немесе Жоғарғы Тіршілік иесі.

Саентология ілімі. Саентология белгілі бір іргелі ақиқаттардың жалғасы болып табылатын ілімдер жүйесін құрайды. Олардың ішіндегі ең маңыздылары төмендегілер:

- қай нәсіл болғанына, денесінің түсінің әртүрлілігіне және қандай дінді ұстанатынына қарамастан, барлық адамдар тумасынан-ақ тең құқылы;
- барлық адамдардың қалай өмір сүргісі келсе, солай өмір сүруге деген бұлжымас құқы бар;
- барлық адамдардың рухани денсаулығына бұлжымас құқы бар;
- барлық адамдар өзін-өзі қорғауға құқы бар;
- адам тумасынан жақсы;
- ол тірі болып тіршілік етуге ұмтылады;
- тірі болып тіршілік ету оның өзіне және жақындарына, сонымен қатар оның бүкіл әлеммен бірігуіне қол жеткізуіне байланысты [10].

Шіркеу қазіргі кезде әлемнің барлық аймақтарына тараған отыздан аса тілде 107 мемлекетте 3100-ден астам «шіркеулер», «миссионерлер» қызмет

атқарады. 8 миллионнан аса мүшелері бар. Бірақ ресми органдар бұл көрсеткіштер тым үлкейтіліп көрсетілген деген баға береді.

Саентологияға байланысты адам өлімдері көп кездеседі. Лизы Максферсон 18 жасында саентологияға келді. Көлік апатына ұшыраған ол ауруханаға түседі. Бірақ саентологтар оны алып кетеді. Өз орталықтарына орналастырады. Медициналық жәрдемге рұқсат бермейді. 17 күннен кейін қыз қайтыс болады. Қыздың қайтыс болу себебі медициналық жәрдем бермеуден деп сот ұйғарым шығарады.

Патрис Вик 1988 жылы Францияда оқуға ақша таппай терезеден секіріп өлді. Оның әйелі саентологтарды сотқа берді. Сот 1996 жылы Патрис Виктің өліміне Лион қаласындағы саентологтар шіркеуінің басшысы кінәлі деп табады. Шіркеу басшысы алаяқтық жасаған. Сондай-ақ саентологтардың 14 мүшесіне алаяқ деп кінә таққан. Осыдан соң Францияның Премьер-министрі саентологтарға қарсы түсіндіру жұмысын талап етеді.

Грег Башов саентологтардан көңілі қалып машинаның түтініне қарап уланып өледі. Альберт Жакуер депрессиядан өлді. Қаржысыз қалды. Саентологтар оның 1 миллион доллар қаржысын қайтармай қойды [11]. Саентологияға барған азаматтардың мұндай қайғылы қазалары көптеп кездеседі. Американ журналисі Ричард Бихар «Саентология: процветающий культ жадности и власти» деген мақала жазды.

Саентология шіркеуі діни бірлестік ретінде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінен тіркеуден өткен. Бірақ оның өзгелерден басты ерекшелігі – діни ағымдарға берілетін кеңшіліктерді пайдаланып, Хаббардтың ілімін бизнес көзіне айналдырып алғандығында. Саентология шіркеуіне мұсылмандық мемлекеттердің ішінде, Қазақстан алғаш болып есік ашты. Елімізге саентологтар 1999 жылы келіп, жарнаманың барлық дерлік түрлерін белсенді қолдану арқылы қарқынды дамыды. Келгенде жалғыз емес, түрлі бағытта жұмыс істейтін бірлестіктерін ерте келді.

ҚР-ның «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңының талаптарына сәйкес Қазақстанда саентология шіркеуі ресми тіркеуден өтпеді. Сондықтан оның еліміздегі 2012 жылғы 21 қазанынан бастап заңсыз болып табылады. Бұған дейін елімізде 11 саентология шіркеуі жұмыс істеген болатын.

3.3 Исламдық теріс ағымдардың әрекеті және олардың еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне зияны

Салафизм ілімінің қалыптасуы ұзақ дәуірлерге созылды, оны 3 шартты кезеңге бөліп қарастыруға болады.

Алғашқы кезең - Салафия идеялары араб елдерінде VII-ғасырдан, халифат дәуірінің алғашқы кезеңдерінде пайда бола бастаған. Себебі, ислам дініне өзге шеттен алынған басқа діни-философиялық ілімдер (христиандық, иудаизм, мистицизм, гностицизм және т.б.) кіруіне тосқауыл қою, яғни ислам тазалығын сақтау қажеттігі туындады. Зерттеушілердің пікірінше, алғашқы ғасырларда салафияны мазхаб ретінде ұстану атымен болмаған. «Сәләф» сөзі өзінің «алдыңғы, бұрынғы» деген сөздік мағынасында ғана қолданылған. Халифат

дәуірінде барлық мұсылмандардың «әһли сүннә уәл жамағат» жолында болғаны анық.

Екінші кезең - XIII ғасыр делінеді. Бұл кезең мұсылман теоретигі, ойшыл һәм құқықтанушы шейх ибн Теймияның есімімен тығыз байланысты. Ол көп кітаптардың авторы әрі өзінің белсенді қайраткерлік қызметінің арқасында салафилер қозғалысына қажетті дүниетанымдық, құқықтық, философиялық негіздерді қалап үлгерді. Сондықтан салафилер қозғалысы теориялық тұрғыдан қайта жаңғырды деуге толық негіз бар. Бірақ бұл кездерде қозғалыс таралмады және үлкен беделге де ие болмады. Жанып-бітуге айналған оттың қоламтасында жылт еткен шоқ-шоқтар сияқтанды.

Ибн Теймияның өмірі мен шығармашылығы он үшінші ғасырдан екінші жарымына, монғол-татар шапқыншылығы салдарынан мұсылман мемлекеттерінің едеуір бөлігі жойылған я әлсіреген қиын кезеңге тап келді. Тұрасында бұл кешегі ұлы мұсылман өркениетінің құлдырау дәуірі еді. Ибн Теймия доктриналарының мақсаты - мұсылман өркениетін даму жолына қайта шығару болғандығы сол.

Үшінші кезең - XVIII ғасыр. Ибн Теймия өз заманының ірі ғалымы еді. Бірақ оның ізін қуған шәкірттері ұстаздың ілімін дамытудың орнына кейбір шетін пікірлерін сүзіп алып, кейбірін қиғаштап өз көзқарастарына пайдаланып отырды. Соның бірі де бірегейі - XVIII ғасырдағы Мұхаммед ибн Абдул Уаххаб. Ол ибн Теймияның ұмытыла бастаған мақсаты мен идеяларын іске асырушы реформатор ретінде тарихта қалды. Былайша айтқанда, сөнуге айналған қоламтаның үстіне тамыздық салып, шоқтарды көсеп, үрлеп, отты лаулату осы адамның үлесіне тиді. Салафия ағымының тарих сахнасына өз алдына жамағат (әһли сүннә уәл жамағаттан тыс), керек десеңіз, жаңа бір мазхаб болып шығатыны осы кезең.

Сөйтіп, Абдул Уаххабтың салафия идеологиясын қайта жаңғырту әрекеттері нәтижесінде салафизм идеясы тірілуінің жаңа үшінші кезеңі басталды. XIX-ғасырдың соңы мен XX-ғасырдың басында ибн Теймияның идеяларына негізделген «уахабиттер» қозғалысы египеттік исламдық реформаторлар – «Мұсылман бауырлар» (әл-ихуан әл-муслимун), үнділік фараидтер сияқты мұсылман әлеміндегі көптеген діни-саяси қозғалыстардың қолдауына ие болып, осы заманғы исламдық реформаторлық құбылысқа айналды.

Осыдан беріде Арабиядағы Мұхаммед ибн Абдул Уаххаб негізін қалаған салафилік діни-саяси қозғалыс өкілдері «уаххабшылар» («уаххабиттер») деген атаққа ие (мұсылман әлемінде пайда болған діни бағыттар мен қозғалыстар, әдетте, сол бағыт - қозғалыстың бастауында тұрған адамның есімімен аталады).

Уаххабизмнің теориясын ақтауға ұмтылып, оны бүгінгі заман ағымына бейімдеген салафит авторлары бар. Олар: Әл-Албани (1999 ж. қайтыс болған), Ибн Баз (1999 ж. қайтыс болған) және Ибн Әл-Ұсаймин (2000 ж. қайтыс болған).

Енді салафизмнің қысқаша сипатына келейік. Салафшы (салафилік) бағытта мынадай екі басты ұстаным бар: бірі - исламды жаңашылдықтардан

(бид'ат) тазарту, екіншісі - исламдағы алғашқы принцип – Біркұдайлықты (таухид) нық орнықтыру. Бір қарағанда бұл екеуі орынды талаптар сияқтанғанымен де, шынтуайтында осы заманға жарамсыз, кертартпа танымдардың көмбесіне айналып отыр. Салафия идеясын, бағытын ұстанушылардың қысым көрушілер мен қудаланушылар қатарына жатуы осы жәйтпен өз түсінігін табады.

Айталық, ғұрпы исламға енгізілген кейбір жаңалықтар бағзы заманнан келе жатса да мойындалмайды. Әсіресе, ұлттық әдет-ғұрып, салт-санаға қатыстыларына «ширк» (шірік) деген қара күйе жағыла салады. Бұл қалай сонда?

Екіншіден, салафилер бүгінгі мұсылмандардың әулиелер мен шейхтерді Алла мен дінге сенушілер арасындағы делдал ретінде құрметтеулерін қатаң сынға алады. Қасиетті шейхтерді шектен тыс дәріптеуге, тіпті пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.)-ді де пір тұтуға қарсы. Аталмыш діни ағым әулие-әмбиелерге сену амалдарына қарсы тұрумен де ерекшеленеді. Неге десеніз, айтылған амал-әрекеттердің бәрі-бәрі, салафилердің білуінше, біркұдайлықтан шегінудің (жаңылудың) көрінісі болып саналады, оларша бір Алладан басқа ешкімге құлшылық етпеу мұсылман баласына басты шарт.

Осылай дей отырып, салафшы-уаххабшы ағымның өкілдері сенім мен танымның, сыйыну мен сыйлаудың, табыну мен құрметтеудің аражігін білуге, басқаша айтқанда, Құдай ісін дін ісінен айырып, ажыратуға бас қатырып жатпайды. Яғни олар исламның рухани әлеміне терең бойлай алмағандар.

Салафи-уаххабилердің ұстанымдары және Аллаға ғибадат ету (құлшылық қылу) мәселелері тек қана Құран мен Сүннә бойынша бекітілген. Ал, жергілікті әдет-ғұрып, салт-сана іліміне (мұсылманша «ижма» дейді) пысқырып та қарамайды. Ханафи мазхабының ғұламалары ижманы қатты ескеріп, оны маңызды тірек деп білгені мәлім. Әрине, біз ижманың қазақы исламға әсері, яғни Шарифат пен Әдеттің өзара беймделуі (адаптация) деген мәселеге арнайы тоқталатын боламыз. Өйткені, исламның қазақы моделі ұғымы осыдан туады.

Әділі керек, салафилер исламның әлдебір шартына, шарифаттың көмескілеу тұстарына күмән-күдік келтіргенінде қасиетті кітап Құранға көп жүгінеді. Онда не делінген деген мәселеге баса көңіл бөледі. Осыған қабат, пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) хадистерінде Алладан өзгеге сену мен пір тұту қашанда адасушылыққа алып келетіндігі ескертілгенін дәлелге алады. Расында да, христиан қауымының алғашқы кезде Біркұдайға табынушылар болғандығы, кейіннен Иса (ғ.с.) пайғамбарды асыра дәріптеуден келіп, үштікке ауысқандықтары жайлы біршама хадистер бар.

Қайталап айтқанда, салафилер Алладан басқа ештеңені көзге ілмейді және Алла мен адам арасында дәнекер (дуа бит-тауассуль) болу өтінішін, заңдылығын теріске шығарады. Себебі, Жаратушы тұрғанда мұқым жаратылыс иелерінің еш көмегі жоқ, сондықтан дұға тек қана Жаратушыдан тіленуге тиіс деп кесіп-пішеді.

Осылайша олар Жаратушы Құдіреттің шексіз хикметі мен мүмкіндігі шектеп, белгілі бір қалыпқа салады. Мұның өзі ұлы Құдірет Иесін адамның ақылы өлшеміне сәйкестендіру екендігін өздері де аңдамай қалады.

Салафилер жамағат, умманы иландыру әрекетінде көптеген дәлелдерін алдыға тартады. Солардың бірі - Құдай нұрының (барақа) әулиелер мен шейхтер немесе солармен байланысты заттармен берілу қажеттіліктерін теріске шығаруға байланысты. Оларша Алла тағала өз нұрын қалаған пендесіне береді. Ол үшін араға делдалдың қажеті жоқ. Бұл қасиетті Құранда ескертілген деседі. Мысалы, Алла Құран Кәрімнің Каф сүресінің 16-аятында: «Біз адам баласына күре тамырынан да жақынбыз!» - деген. Демек, Алла тағала сөзі ақиқат, бізге қабірде жатқан мәйіт емес, Алла тағала жақын екен. Алла тағала Бақара сүресінің 186-аятында: «Мен оларға ақиқатында жақынмын менен тілек тілесе қабыл аламын» деп анық айтады. Олай болса, өте жақын Алла тағаладан тілемей, айшылық, күншілік жол жүріп, айдаладығы әулие, әруақтардан тілек тілегеніміз қай сасқанымыз?!

Осы орайында салафилер өз ұстанымдарын бекіте түсуге мынадай мысал-уәждерін келтіре кетеді. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.)-ге заманында бір сахаба келіп:

- «О, хазірет, менің үйімде тұз жоқ. Барлық жерде тұз жоқ. Не істесем екен?» - дейді. Сонда пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай депті: «О, Алланың пендесі, сен неге Алладан тұз сұрамайсың. Жаратқан иемнің құдіреті барлығына да жетеді». Сонда сахаба: «О, хазірет, тұзды да Алладан сұрауым керек пе?», - «О, бауырым, түймедейден бастап, түйедей дүниеге дейінгінің барлығы да тек Жаратушының қолында емес пе? Ендеше, одан неге қашасың? Барлық нәрсені, қандай болмасын, Алладан сұра, кез-келген жәрдемді Алладан күт», - деген екен. Содан әлгі пақыр екі рәкәғат намазын оқып алып, Алладан үйіне тұз беруін сұрап, қайтып келе жатса, көше толған керуен көрінеді. - «Ой, бұл керуендер қайдан келген десе, садақаға тұз таратып жүргендер», - деген көрінеді. Міне, осындай дәлелдерге сүйене отырып, салафилер өз пәтуасын айтады. Яғни Алла мен адам арасында делдалдардың болуы шарттығын жоққа шығарады. Сондықтан да, тағы бір айтайық, салафилер қазақстандық дәстүрлі қоғамға тән, халқымыздың санасына нық шөккен, қанына сіңген атақты әулиелерге тұрғызылған кесенелерге барып, тілек тілеу мақсатында зиярат ету, аруаққа сену, тұмарлар тағу және т.б. нанымдарды қабыл алмай, терістейді. Салафилер қандай да бір жаңашылдықтарды айыптай отырып, сонымен бірге Құранда және Сүннетте көрсетілген мұсылманның барлық міндеттерін атқаруға, оның сыртқы келбеті мен жүріс-тұрысына және салт-дәстүрлерге қатысты аяттарды бұрмалаусыз, барынша таза ұстауға шақырады.

Сонымен, бір қарағанда «таза ислам» ұрандарының жаны бар сияқтанады. Бірақ, әлбетте, жаңа сөз, тың ұғым дегенге үңіле қарап, қазбалай тексергенде, киімнің өзгертіп киген ескіліктің дүниесі болып шығатыны бар. Сол сияқты салафия да «жаңашылдық» емес. Тарихы мың жылға тақаған кәрі саланың бірі. Ол әр дәуірде түрленіп, бөркі мен шапанын ауыстырып отырды.

«Жаңашылдық» деп салафизм теоретиктері ислам дінінің сан ғасырлар бойы заман ағымына бейімделуі мен жергілікті әдет-ғұрыптарды елеп-ескеруін, бір сөзбен оның синкреттілік қасиетін айтады. Исламды бұл қасиеттен ада қылу, одан аршу мен жалаңаштау амалдары, әсіресе, біздің қазақ халқы сияқты кешегі көшпелі өркениет иелеріне ауыр соққы болып отырғанын атап айтуға тиістіміз. Апыр-ау, жаңашылдық десе қаны қараятын аталмыш ағым өшпей, сөнбей бүгінгі күнге қалай жетті, оның себебі неде? Тәсілдері кандай, көлеңкелі жақтары қайсы? Бұл сұрақтардың жауабын төменіректе іздестіретін боламыз.

Біздің елімізде салафизм идеялары 1990-шы жылдардың басынан таралады. Оның бірден-ақ, өртке тиген дауылдай ел-елге, жер-жерге таралғанының тірі куәсі болдық. Сол кездерде қазақы исламды жоққа шығару орын алғанын, дінімізді «реформалау» осы бағытта жүргенін көзіміз көрді. Қарапайым жұртшылық та, кейбір дін басшылары да иманды нығайту ісін арабша ғұрыптарды қабылдаумен шатастырып алды. Мәселен, жаназаға қатысты ең орнықты рәсімдердің өзі де «реформаға» ұшырады. Тіпті жұма күні үйді қоңырсыту, яғни аруақтарға дұға оқу «ширк» деп жариаланғаны, мұны естіген елдің жағасын ұстағаны есімізде.

Бостандықтың ауасымен кеудені кере тыныстап, тәуелсіздіктен бас айналған алғашқы эйфория кезеңінде «таза ислам» үшін немесе «шарифат заңы солай» деп жүргізілген түрленістердің мәнісін айыра алмаған халқымыз оларды үнсіз қабылдауға мәжбүр болды.

Қыл аяғы, талай ғасыр айтылып келе жатқан, ұлы Абай солай қолданған Тәңірінің мұсылманша атын «Алла» демей, соңғы он жыл көлемінде «Аллаһ» деп өзгертіп айтатын болдық. Дін атын жамылған ағымдар ұлттық құндылықтарды сылып алып, тастай берсе, арты не болмақ? Сойылдың ұшы онысыз да қалт-құлт жағдайдағы ұлттық болмыс пен менталитетке тиері сөзсіз. Тарихта қазақ қалғымыз келе ме? Онда салафия идеологиясына бүкіл қоғам болып бірлесіп қарсы тұрудың уақыты жетті.

Сопылық Исламдағы терминдердің барлығы араб тілінен келді, ал пір сөзінің келген жері парсы сөзі, яғни шал деген сөз екен. Сопылардың пірлері мүриттерін өзіне рухани тұрғыдан толығымен бағындырады. Жылда олар пірге қол тапсыру рәсіміне жиналады сол кезде жиналғандарға пірдің ізбасарлары бірнеше рет арнайы тағамдар дайындап береді, содан кейін мүриттер пірлерін шектен тыс жақсы көріп кетеді, мүриттер (сопылар) Құранның аудармасын және муфтияттың басылымдарын Сүннет кітаптарын оқымайды.

Сопылар мынадай түсініктер таратуда «Кім тариқатқа қосылмаса адасады, шайтанның жолына түседі, діннен шығады, пірге қол бермесе болмайды, пірсіздің пірі – шайтан» деген сияқты орынсыз сөздерді айтып, діннен хабарсыз адамдардың зәресін алады. Діни экстремизмнің сопылық бағытының зардаптарына тоқталсақ. Мысалы, бірнеше жыл бұрын тамағынан жараланған 33 жасар жігітті Алматы қалалық 12-аурухананың алдына белгісіз біреулер тастап кеткен. Қансыраған жігітке дәрігерлер шұғыл көмек көрсетіп аман алып қалды. Кейін белгілі болғандай, Оңтүстік Қазақстаннан діни білім алуға келген ол жігіт 9 айдан бері Алматыдағы «Мамыр» ықшам ауданындағы

Шәкәрім атындағы медреседе қамауда болған. Жаралы жігіттің айтуынша, бұл медреседе атышулы Исматулла Мақсұмның шәкірттері дәріс берген. Алғашында өз еркімен келген әлгі жігіт соңынан медресе ұнамай кетпекке ниеттенген. Бірақ медреседегілер оны қараңғы бөлмеге қамап, шынжырмен кісендеп тастап, ұрған, зәбір көрсеткен. Зікір салуға мәжбүрлеп, тәулігіне небары үш сағат тынықтырған. Мұндай қорлыққа шыдай алмаған ол өзін-өзі өлтірмек болып, тамағын пышақпен кеспек болған.

Бұл оқиғадан соң іле-шала құқық қорғау органдары Шәкәрім атындағы медресеге барып қырық адамды ұстаған. Ішкі істер органдары қазір тергеу жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Исматулланың зікіршілері туралы көптен бері айтылып келеді. Бұл сектаның қауіптілігі жөнінде көп айтылды. Былайғы жұрт оларды «иассауишілдер», «зікіршілер» немесе «сопылар» деп атайды. Қожа Ахмет Иасауи хикметтерін қасиетті Құранмен қатар ұстайды. Зікір салуды мұсылманның бес парызынан жоғары қояды. Пірлері – Пәкістаннан келген Исматулла. Сопылар өздерін «жамағат» деп, басқаларды «жамағат емес» деп бөліп қарайды. Тіпті соңғы кезде иассауишілдердің өздерін «Мәдінің сарбазымыз» деп, ақырет күнін жақындатуы да діни экстремизмге бейімдігін аңғартады. Соған қарап бұл ұйымда саяси пиғылдың басымдығын көруге болады. Дінтанушылардың пікірінше, жұрттың мұндай топтарға еруінің екі себебі бар, бірі – діни сауатсыздық, адасушылық. Екіншісі, бұл материалдық байлық, ақшаға қызығу немесе қызмет, жұмыс, т.б. Сопылық сектаға тән жабық ұйымға ұқсайды. Өздерінің ықпалындағы ақпарат құралдарынан басқаларға ешқашан сұхбат бермейді, дін мәселесіне қатысты жиындарға келмейді, ашық пікірсайысқа шықпайды.

Исматулла Мақсұм – қазақстандық «сопылардың» рухани ұстазы, пірі. Оны «тақсыр» деп атайды, «қасиетті әке» санайды, жамағаттың әрбір мүшесі құлдық ұрып, қолын сүйеді. Исматулланың бұған дейін кім болғаны, не істеп, не қойғаны, не кәсіппен айналысқаны туралы ақпарат жоқтың қасы. «Кеңес-Ауған соғысы кезінде Ахмад Шах Масуд әскерінің діни идеологы болды» деген сөз бар. 1944 жылы туылған пәкістандық азамат.

Ол Асылбек қажы Төлегеннің айтуы бойынша Қазақстанға алғашқы рет 1993 жылы келіп кеткен. Исматулла 1997 жылы Алматы жанындағы Қарасу мешітіне келіп, «медресе» ашып, мүридтер дайындай бастайды. Мүридтер арнайы қырық күндік оқудан өтеді. Қазақстан заңдарына қайшы әрекеті үшін 1999 жылдың күзінде құқық қорғау органдары оның медресесін жауып өзін Пәкістанға қайтарады.

Исматулланың орнын Нарымбай Разбекқажыұлы басты. Елде қалған шәкірттері студенттік жатақханаларда астыртын жиындар өткізіп, кейбірі оны қорғап мақалалар жаза бастады. «Қасиетті адамның қадірін білмедік» деген мақала «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланды. Санжар Керімбай, Елдос Еміл сияқты мүридтер оңтүстік, батыс өңірлерді аралап, үгіт-насихат жұмыстарын тоқтатпады. «Жамағат» мүшелерінің өзара жазысқан хаттары мен басқа да материалдарға қарасақ, Исматулла ретін тауып Қазақстанға келіп-кетіп жүрген.

Оны мүридтері әулие санайды. Нарымбай қажы «Ол – бос жолдыбай адам емес, әулие адам, оған иманымыз кәміл» дейді. Тіпті кейбір «зікіршілер»: «Мәді пайғамбар, біз – сарбаздарымыз» дейді. Исматулланың шәкірттері ҚазҰУ-дың филология, шығыстану, журналистика және тарих факультетінің студенттері мен аспиранттары арасында, Оңтүстік Қазақстан, Атырау, т.б. жерлерде ашық кездесулер өткізді.

Сопылық сектаның құрылымдық жүйесі Сопылар өздерінің жұмысын «Сенім. Білім. Өмір» республикалық қоғамдық бірлестігі арқылы жүргізді. Бірлестік Әділет министрлігінде 2002 жылы 27 мамырында тіркелген. Барлық облыстарда және Алматы қаласында бөлімшесі болды. Бірақ негізгі идеологиялық үгіт-насихат жұмыстары «Қазақстан» телеарнасы арқылы жасалды. Ұлттық телеарнаны «сопылардың» ақпараттық-техникалық базасы, негізгі плацдармына айналды деуге болады. Бүкіл қаржы-техникалық, адами-шығармашылық ресурс сопыларға қызмет етті. «Қазақстан» телеарнасы мен «Қазақ» радиосындағы «Дін және біз», «Ой түйін», «Күлтөбе», «Ақиқат сыйы», «Ауызашар», «Мезгіл» хабарлары осы «ілімді» уағыздады. Ақпараттық-сараптамалық бағдарламалар да Исматулланың мүридтерін жарнамалады.

Қазіргі таңда қоғамымызда орын алған әруақ, әулие, сопылық, зікір арқылы қалыптасқан қазақ мұсылмандығы исламға жат дүниетанымдағы жеке ағым ретінде көрсету белең ала бастады. Қазақтың дәстүрлі діни түсінігін сынап, оның негізгі ұстанымдары мен идеяларын жоққа шығару әрекеті Құран мен хадис шеңберінде жүре бастады. Яғни, діни танымдағы әрбір ұғым, категория, символдар мен тұғырлардың Құранда орын алған алмағандығы негізгі өлшемге айналды.

Бұл жерде тек салафилер ғана емес, исламдағы барлық ағымдар өздерінің негізгі өлшемі ретінде Құранды таниды. Қазақ мұсылмандық түсінігінің негізінде Яасауи ілімі жатқандығы рас. Сонымен «Менің хикметтерім Құран мәні – деген Яасауи ілімі, мәдениеті және жолына деген тарихи санаға құрметтің орнына оны қаралау, жоққа шығару белең алып отыр. Қазақ мұсылмандығы да Яасауи мәдениеті арқылы Құранға негізделген. Өкінішке орай, бүгін оны мақсатты түрде басқаша түсіндіріп, танытуға тырысушылық тенденциясы басым.

Теріс ағымдардың қысқаша сипаттары

Тәкфир уә Хижра жамағаты Қазіргі таңда шектен шыққан кертартпа пікірлермен өзіне назар аудартып отырған исламдық ағымдардың бірі «Тәкфир және Хижра Жамағаты» болып табылады. Радикалды сипаттағы Тәкфир ағымы Мысыр елінде пайда болып, Таяу және Орта Шығыста дербес лаңкестік ағым ретінде әрекет етуде.

Бұл ағымның құрушылары – мысырлықтар Сейид Кутуб, Абдулфаттах Исмаил және оның інісі Әли Исмаил. Бұл ағымды 1960 жылы студент болып жүріп саяси оқиғаларға қатысқандықтан түрмеге қамалған және 1977 жылы дарға асу жазасына кесілген Шукри Мустафа дамытып, топ бастады. Ол жақтастарымен бірге тафсир, хадис, фикһ кітаптарынан өз пікірлерін қуаттайтын көзқарастарды шығарып, ұйымның идеялық негіздерін нақтылау

жолында терең ізденістер жасады. Шукри алты жыл, яғни 1971 жылға дейін абақтыда жатады. Көзқарастары осы түрмелер мен зындандарда жүріп қалыптасты. Шукри жамағатты түрмеде және сыртта жүріп басқарып отырды. Өзін үлкен реформатор, дінді жаңғыртушы, мұсылмандардың күтіп жүрген Махдиі (құтқарушысы) деп санады. Оны мойындағандар, оған мұсылмандардың әмірі және Мұсылман жамағатының көшбасшысы ретінде қабылдайтындықтарына байланысты ант берді. Мустафа Шукри және оның жақтастарына 1978 жылдың наурыз айында сол кездегі қайырымдылық Қорлардың (Уақф) министрі Мухаммад Хусейн Захабиді ұрлап, өлтірді деген айып тағылып, барлығы өлім жазасына кесілді.

Шукри кез-келген істе өзінің төзімсіздігімен ерекшеленді. Исламның қасиетті мәтіндеріне, мұсылмандардың тарихы мен құндылықтарына деген ерекше ұстаным қалыптастырды. Бұл көзқарастарын өз араларында таратылған кітаптарда кейбір басылымдарда жариялады. Тұтқындағы кезінде Шукри Мұстафа әлсін-әлсін «Мұсылман бауырлар»-дың басқа жақтастарымен келіспеушіліктерге барып, дауласып қалып жатты. Өйткені Шукри Мұстафа және жақтастары тәкфир (кәпірліктен айыптау) мәселесінде өте қатаң және төзімсіз ұстанымда болуымен бірге, құлшылықтарды жеке, бөлініп орындау секілді іс-әрекеттерді жасауда болатын. Бұл ағымның негізгі көзқарасын «Мысырдың сол кездегі басшысы Жамал Абдул Насердің кәпірлігін жария ету» және осы көзқарасты «Мұсылмандарға зұлымдық жасаған әркімге қолдану» деп қорытуға болады.

Тәкфир жамағаты бойынша, «бұрынғы өткендердің діни ғылымдарда қалыптастырған көзқарастары мен негіздерінің ешбірін қабылдамау», ешқандай дін ғалымның айтқаны бойынша жүрмеу (тақлид) керек. Олардың ойынша, еліктеген (тақлид жасаған), біреудің көзқарасын басшылыққа алған адам кәпір саналады. Өйткені кез-келген адам, ешкімнің білімінсіз, үйретуінсіз Құран мен Сүннетті түсіне алады. Тәкфиршілер жамағаты бойынша дін ғалымдары (Факифтар) ұғымдардың мағынасын өзгертіп жіберген. Дін ғалымдарына еру, оларды тыңдау адамдарды адасушылыққа, күпірлікке апарады. Харам мешіті (Масжидул Харам), Нәбәуи мешіті (Масжидун Нәбәуи), Ақса мешіті (Масжидул Ақса) және Куба мешітінен басқа әлемдегі барлық мешіттер тақуалық мақсатында салынбағандықтан, ішінде намаз оқу дұрыс саналмайтын мекендер болып табылады. Сонымен бірге аталған мешіттерде оқылған намаздардың да дұрыс (сахих) болуы, өз жамағаттарынан біреуінің имамдық жасауымен байланысты болмақ.

Тәкфир жамағатының негізгі көзқарастарын қысқаша былай түйіндеуге болады:

- Исламның міндетті саналған (парыз) амалдарынан біреуін орындамаған немесе кейбіреулерін кемшіліктермен жасаған адам мұсылман саналмайды. Бүкіл парыздарды орындап, біреуін қалдырып қойған мұсылман емес.

- Бір адамның толыққанды мұсылман болғандығы айқын түрде белгілі болғанға дейін күту керек. Оған дейін мұсылман деп айтуға болмайды. Мұсылман болудың ашық дәлелі, олардың (Тәкфир жамағатының) жамағатына

қосылып имамдарына немесе оның өкіліне қол беруден (мойындап, қабылдаудан) тұрады. Кім мұны орындаса мұсылман, теріске шығарса кәпір болып саналады.

- Үлкен күнә жасаған адамды «тәкфир» яғни діннен безген деп айыптау бұл жамағаттың басты ұстанымы саналады. Бұл бойынша үлкен күнә жасап, ол әрекетін тоқтатпаған және тәубе етпеген кез-келген адам кәпір саналады. Сондай-ақ олар, (негізгі мәніне қарамастан) Алладан келген бұйрық жарлықтармен үкім бермеген басшыларды және оларға бағынғандарды кәпір санаған. Өйткені оларға бағынғандар сол күпірлік ішіндегі жағдайына ризалық көрсеткенболып есептеледі. Өз ұйымдарына қосылып, артынан шығып кеткендерді діннен безген кәпір санап, оларды өлтіруге болады, қандарын адал деп санайды. Үлкен күнә жасағандар мәңгілік тозақта қалатындығын алға тартады.

- Тәкфир жамағаты баяғы қандықол харижиттер секілді өздерін «Мұсылман жамағаты» санап, оларға қарсы келгендерді кәпірлер деп айыптады. Жамағаттың басшысының мұсылмандар күтіп жүрген Махди екендігін, оның қолымен Ислам жеңісінің аяқталатынын және бүкіл діндерге үстем болатынын, өздерінің ақырзаман жамағаты екендіктерін алға тартты. Тәкфир жамағаты өкілдері өз жамағаттарын таңдаулы деп біліп, мұсылмандардың тарихымен және қазіргі замандағы басқа да жамағаттармен байланыстыратын ешқандай ортақ жоқ дейді. Бұл жамағат өздерін Мұсылман бауырлардың тарихи бір жалғасы екендігін теріске шығарады;

- Тәкфир жамағаты өкілдері діни білімдерді үйренумен дүниелік білімдерді (олардың сөзімен айтқанда кәпірлердің білімін) үйренуді қатар алып жүру мүмкін емес деп біледі. Осыған байланысты дүниелік білімдерді үйренуді тәрк ету және олармен айналыспау қажеттігін ұстанып, адамдарды заманауи білімдерді үйренуден бас тартуға шақырды [12]. Бұл жамағат дін мен ғылым арасындағы байланыс мәселесіндегі тар және қате түсініктеріне сәйкес ғылым және оқу-ағарту туралы көзқарастарын жүзеге асыру үшін мүшелерін институттардан, мектептерден, университеттерден және мемлекеттік қызметтерден кетуге үгіттеген. Мұны хижра жасау (дін жолындағы қоныс аудару, көшу), адамдардан бөлініп тақуалық өмір кешу, құрылымдарымен қоғамнан ажырау туралы көзқарастарын тәжірибеде жүзеге асыру мақсатымен жасаған.

Тәкфир және Хижра жамағаты бойынша Жихад, тек қана ақырзаман келгенде Мұсылмандар мен Христиандардың арасында қылыш, ат және оқпен болады. Бұдан басқа жихад жоқ, алайда өздеріне қарсы шыққандарды өлтіруден тайынбаған бұл жамағат өкілдері Мысырда өздерінен бөлінгендердің көзін жоюмен қоса, жоғарыда айтқанымыздай Мысыр Қорлар (Уақф) министрі Шейх Захабиді де ұрлап кетіп өлтірген. Өздеріне қарсы адамдардың тізімін шығарып, оларды өлтіру үшін арнайы топтар құрған және анархияның орын алуына себеп болған. Осындай қатаң және төзімсіз әрекеттерінің салдарынан көп жақтас таппаған. 1981 жылы үлкен бір соққы алып, мүшелерінің көбі Мысырдан

қашуға мәжбүр болады. Сауд Аравиясы, Ирак және Иорданияға барып орналасады.

«Тәкфир» ілімінің Қазақстан аумағында таралуы 90-жылдардың басына сәйкес келеді. Тәкфир және Хижра жамағатының Қазақстанда негізгі екі бағыты қызмет етеді: «Багауддин ілімі» және «Аюбиттер». Ерекше белсенділік танытып отырғаны соңғысы болып табылады.

Бұл бағыттың ілімін талдау барысында байқалғаны, оның ұстанушылары үлкенді кішілі күнә жасағандарды, Алла заңдарына бағынбаған басшылар мен олардың азаматтарын діннен безгендер деп санаулары. Кәпірлер қатарына олардың іліміне қарсы келгендер мен өз қатарларына қосылмағандарды жатқызады. Сондай-ақ тәкфиршілер мешіттерге бармайды және қоғамнан тұтастай оқшаулануды уағыздайды.

Ислам ойшылдарының айтуынша, тәкфиршілер ағымының басты қателігі – олардың іс-әрекеттері мен өз беттерінше діни пәтуа шығаруларында және басқа адамдар туралы ой тұжырым жасау түрінде көрінеді. Бұл мәселе бойынша мұсылман ғұламалары исламға төзімділік пен орта жолдың («алтын орда» қағидасы) тән екендігін бірауыздан қадап айтқан. Адамдарды діннен безген айыптауды мұсылман ғалымдары «Ислам адамның сыртқы көрінісіне, іс-қимылына қарай үкім беру, олардың ішкі жан дүниесінің тереңіне түспегендік» деп таратады.

Қазақстанда кеңінен таралған ханафи мазһабының негізін қалаған Имам Ағзам Әбу Ханифаның тәкфир мәселесіне қатысты көзқарасын осы жерде айта кету орынды. Оның ойынша адамдарды өз сөздеріне, құлшылық түріне және діни нышан саналатын сыртқы киім үлгісіне қарап айыптау - күпірлік болады. Мумин (сенуші) екенінайта тұра тәңірлік сипаттарды жоққа шығарған немесе жаратылғандарға ұқсатқан, тағдырға сенбеген, Құранда анық етіп көрсетілген үкімдерді қабылдамаған, күнә жасауды дұрыс деп тапқан және Құранның бір әрпін де болса жоққа шығарған адам ғана «кәпір» аталады. Алайда Құранды түсіндірмелеу (тафсир) немесе жорамалдау арқылы үкімдер шығарған, пайғамбарға қатысты хадистерге сүйенген кейбір ақида (сенім) негіздерін қабылдамаған адам күпірлікпен айыпталмайды [13].

Тәкфиршілредің үгіт насихаттарындағы әдіс-тәсілдері басқа ағымдарға қарағанда ерекше.

Біріншіден, олар өздеріне ұнамайтын, идеологияларына қарсы келген белгілі бір адамға «тәкфирді» қолданады. Мемлекеттік органдарға қарсы олардың жүргізіп отырған әлеуметтік экономикалықжәне саяси бағыттағы саясаттарын, қоғамның ұлттық-мәдени құндылықтарын жоққа шығарып, өздерінің үлгісін ұсынады. Бұл ағымның мүшелері саналы түрде сыртқы әлеммен қақтығысқа барып, барынша оқшаулана түседі және осылайша өз іштеріндегі бірлікті нығайтуды көздейді.

Екіншіден, олар дінді сақтап қалу үшін «хижра» (көшу) жасауды ұсынды. Алайды діни тұрғыдан Қазақстанның қазіргі жағдайында хижра жасауға негіз жоқ. Өйткені Қазақстанда мұсылмандарды діни белгілеріне қарай қудалаушылық және заң бойынша жазалау орын алмаған. Бұл жағдайда

экстремистер үшін хижраның баламасы ретінде ел аумағынан тыс жердегі әскери жихадқа қатысу хижра болып саналады. Экстремистер бұл әрекеттерін заңдастыру үшін діни негіздемесін өте шебер жасағандығы байқалады. Бір мұсылманның санасында хижра деген ұғым маңызды орынға ие. Ол 622 жылы Мұхаммед пайғамбардың дін жолындағы мәжбүрлі қоныс аударуы болып табылатын Меккеден Мәдинаға хижра жасауымен байланысты. Осылайша тәкфиршілер ағымы қоғамды дінсіздікпен айыптау және ортадан оқшаулануларын, өз айналасына шынайы сенушілерді ертіп, нағыз мұсылман қоғамын құру үшін Меккеден Мәдинаға көшкен Мұхаммед пайғамбардың іс-әрекетімен түсіндіреді. Осы жәйт тәкфиршілер ағымы идеологиясының ең ұшқары тұсы болып табылады. Сондықтан да олар хижраға, яғни қоныс аударуға идеалды қоғам құру тұрғысынан үлкен мән береді.

Тәкфиршілердің ислам мемлекетін құру межелері кезең кезеңімен орындалады. Бірінші кезеңде діни үгіт нәсихат жұмыстарын жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Екінші кезең жоғарыда айтқанымыздай хижра жасау арқылы болады. Бұл кезең барысында ұйым мұсылман қоғамын құру және қару қолдануға дайындық жасау бығытында жұмыс жасайды. Осы кезде ұйым мүшелері толықтай «мұсылмандық емес» дәстүрлерден, киіну үлгісі және әртүрлі әшекейлерден бас тартып, мемлекеттік орындардағы қызметтерін тастауы және қоғамнан оқшауланып көшулері керек. Үшінші кезең ұйымның жасырын, оқшау өмір салтын тастап исламдық қоғам құру үшін ашық түрде шығуымен сипатталады. Осы жерден әрекет ете отырып тәкфиршілер ағымының негізгі міндеті қарулы жихадты жариялау болып табылады. Ұйымның сыртқы жасауы ретінде Израиль, ал ішкі жауы мысыр қоғамы саналды. Мысыр, тәкфиршілердің ойынша опасыз, сатқын ел және «дарул харб» (соғыс үйі) болып есептеледі.

Бұл ағым заңсыз діни білім беруді насихаттайды. Олар нағыз діни білімді өздерінің арнайы үйірмелерінде үйрені мүмкін екендігін алға тартады. Жұма намазын және мешіттердегі жамағатпен оқылатын намаздарды тәрк етуге шақырады. Өйткені бүкіл мешіттер зиян келтіретін орталықтар. Олардың имамдарының барлығы діннен безген кәпірлер. Әлемдегі жоғарыда айтқан төрт мешіт қана мойындайды.

Тәкфиршілер ағымының басты ерекшелігі - айқын иерархиялық құрылымның болмауында. Алайда кейбір белгілері олардың әрекеттерінің белгілі бір орталықтан басқарылатындығынан хабар береді. Ол бір-бірімен байланысы жоқ әлемнің әртүрлі аймақтарында орналасқан жекелеген топтардан тұратын құрылымды бейнелейді.

Қорыта келгенде бұл ағымның мүшелерін көбіне діни сауаты жоқ, қоғамнан өз орнын таба алмай жүрген адамдар құрайды. Тәкфиршілер ағымы Қазақстанның батыс аймақтарында белсенділік танытып отыр. Олардың басты мақсаттары ағымдағы тәртіп пен билік жүйесін құлатып, өздерінің ұстанымдарына сай қоғам құру. Олардың ойынша бұл қоғам «таза исламдық» қоғам болмақ.

«Хизб-ут-Тахрир» ислам азаттық партиясы «Хизб-ут-Тахрир» Палестина жерінде пайда болған, ислам діні және мұсылмандарға қайшы келетін саяси-діни негіздегі экстремистік ұйым болып табылады.

«Хизб-ут-Тахрир әл-Ислами» ағымы өз көзқарастары мен саяси ой-пікірлері «Ислам жүйесі», «Ислам әлеміне күшті дауыс» және т.б. кітаптарында баяндаған. Таки ад-дин Набахани қайтыс болған соң, партия жетекшісі болып 1925 жылы туылған палестиналық Абдул Кадим Зуллум тағайындалды. 2003 жылы Абдул Кадим Зуллум қайтыс болғаннан соң Шейх Ата Абдурушта партия басышысы болып сайланды.

Саяси партияның мақсаты – мұсылмандарды ислами өмір салтына (шариғат нормаларына негізделген) қайта оралту және дүние жүзінде жиһад негізінде ислам дінін тарату. Бұл міндеттерді іске асыру үшін бүкіл ислам әлемін біріктіретін біртұтас теократиялық мемлекет халифат құру қажет деп санайды.

Бұл партияның мүшелері мұсылмандарды өздері халиф деп атайтын көсемдеріне ант беруге шақырады. Сайланған халиф күнә жасаса немесе өз міндетін нашар атқарса, онда оны қызметтен алып тастауға болады. Бұл партияның басты мақсаты – билікке араласу, ол үшін бірнеше сатылардан өту қажет. Бірінші, мәдени-ағартушылық әдістерге негізделген идеологиялық жұмыс. Екінші, қоғамдық санада идеологиялық төңкеріс жасау. Үшіншіден, пікірлес билеушілердің көмегімен билікті басып алу. Бұл партияның жақтастары саяси ұстанымдарында халифтің пәтуасын басышылыққа алады.

«Хизб-ут-Тахир» партиясының саяси мақсаты мұсылман елдерінде жүйелі идеологиялық күрес жүргізу арқылы дүниетанымдық ұстанымдарды өзгертіп, санада төңкеріс жасап, билікке жету, мұсылман әлемін біріктіріп біртұтас жамағат құру. «Хизб-ут-Тахрир» мемлекеті, билік пен шекараны мойындамайды. Мұсылмандар арасында алауыздық тудыру. Мемлекеттік билік жүйесін құлату. Ел тарихын мойындамау. Ұлттық әдет-ғұрыпты бидғат санау. Елдің конституциясына және заңдық нормаларға мойынсұнбау. Әһли сунна уә-жамаға дін ғалымдарының пікірлерін мойындамау. Тағдырға сенбеу.

«Хизб-ут-Тахрирдың» дүниетанымдық ұстанымдары, ой-пікірлері Құран және Сүннетке қайшы. Мәселен, ислам дінінде тағдырға сену мойындалады. Сондай-ақ бұл партияның мүшелері ата-бабаларымыз ұстанған Ханафи мазһабын мойындамайды. Әруақтарға Құран бағыштау қажет емес, әулие, пір адамдардың кесенелеріне зират жасау қате деп есептейді. Қазір азабын, Тажалдың шығуы мен Исаның жерге түсуі туралы сенімді теріске шығарады. Ислам дініндегі Құран, сүннет, ижма, қияс амалдарын жоққа шығарады. Ана тілді құрметтемейді. Араб және ағылшын тілдерінде қарым-қатынас жасауға ерекше мән береді. Ислам дінінің талаптарына салғырт қарайды. Күмән келтіру, пікір қайшылығын тудыру олардың логикалық-әдіснамалық ұстанымы. Жан-жақты, терең ілім-білім үйренуге теріс қарайды.

«Хизб-ут-Тахрир» ұйымының жетекшілері партия идеясын Батыс Еуропа елдеріне таратты. «Хизб-ут-Тахрир» ұйымы Мысыр, Тунис, Кувейт және Түркия, Иорданияда, Ливанда, Сирияда, Суданда, Иеменде, Алжирде,

Ауғанстанда, Пәкістанда таралды. Партияның стратегиялық жоспарлану орталығы Лондонда орналасқан.

«Хизб-ут-Тахрир» партиясының Қазақстанға келуі Осы партияның Орталық Азия елдеріне келуі 1980 жылдың орта тұсында болды. Жергілікті тұрғындардың діни білімінің төмендігі, жұмыссыздық, кедейшілік осы ұйымның өз қатарына кейбір адамдарды тартуына себеп болды. Осы ұйымның құпия қызметінің белсенділігі 1998 жылдың соңында байқалды. Өзбекстанда заңға қайшы әрекеттері үшін бұл партияның мүшелері қудаланды.

Мамандардың пікірінше, партия идеологиясының негізгі ұстанымы – азаматтыққа мойынұсынбау, діни фанатизмді ояту, теократиялық мемлекет құру. Олардың идеологиясының утопиялық сипаты әлемдік халифат құрудан көрінеді. Осы мақсатқа жету үшін олар барлық мұсылмандарды жиһадқа шақырады. Бұл партияның қызметіне барлық мұсылман елдерінде тыйым салынған.

«Хизб-ут-Тахрир әл-Ислами» партиясының алғашқы эмиссарлары еліміздің оңтүстік өңірінде 1998 жылы пайда болды. Бастапқы кезеңде партия мүшелері жасырын жиналыстарында жиналып, өз қатарына жаңа мүшелерді таратты. Кейін эмиссарларының тапсырмасымен аймақтарда осындай құрылымдарды құра бастады.

«Хизб-ут-Тахрир» саяси партиясы Қызылорда, Жамбыл және Алматы облыстарында, ал 2002 жылдан бастап Павлодар және Ақмола, Қарағанды облыстарында үн-парақтарын өзбек және араб тілдерінде тарата бастады. Ал, кейінірек бұл үн-парақтар қазақ тілдерінде таратылды. Үнпарақтарды көпшілік жиналатын орындарда және пошта жәшіктеріне салып тарата бастады. Жұмыссыз, тұрақты тұратын жайы жоқ, өмірде өз орнын таппаған, торыққан, рухани тұрғыда әлсіз, тез иланғыш адамдар негізінен осы партияның қатарын толықтырды. «Хизб-ут-Тахрир» партиясының белсенді мүшелерінің жас ерекшеліктері он бес-отыз бес жас аралықтарын құрайды. «Хизб-ут-Тахрир» партиясының қатарында партия эмиссарлары мемлекеттік қызметкерлерді, іскер адамдарды, зиялы қауым өкілдері мен студенттерді партия қатарына тартуға көңіл аударып, өз адамдарын қоғамның барлық сфераларына, әсіресе билік құрылымына кіргізу әрекеттерін жасаған. Шымкент қаласында жасырын баспаханада басылған үн-парақтарда еліміздің конституциялық құрылысын бұзуға шақырған. Бұл еліміздің егемендігін, демократиялық және зайырлылық негізіне қарсы іс-әрекет деген сөз.

2000 жылы Түркістан қаласында аталған топтың бір мүшесінің үйіне тінту жүргізілгенде қару-жарақ, қолдан жасалған жарылғыш зат, экстремистік әдебиттер мен үнпарақтар табылды. Осы топ мүшелері діни алауыздыққа үндегені, саяси құрылысты күштеп өзгертуге шақырғаны, ел қауіпсіздігіне қауіп төндіргені, заңсыз діни бірлестік құрағаны және Ата Заңымызға қайшы келетін әдебиеттерді сақтағаны үшін түрлі мерзімдерге бас бостандығынан айырылды.

Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы және Алматы қаласының орталық мешітінде рұқсатсыз митингіде халифат құру үшін күрес жүргізуге,

әлем мұсылмандарын біріктіруге шақырған партия мүшелері әкімшілік жаза алды. «Хизб-ут-Тахрир» партиясының құрылымы – пирамидалық қағидат негізінде құрылған және қатаң тәртіпті ұстанады. Партия жұмысы жасырын құпия сипатта, мүшелерінің лақап есімдері болады.

2004 жылы «Хизб-ут-Тахрирдың» Ата Заңымызға қарсы мазмұнда парақшалары және баспа өнімдерін таратқан 180-нен астам фактілері тіркелген. «Хизб-ут-Тахрир» партиясына қатысты құқық қорғау органдары жүз он бір қылмыстық іс қозғаған. 2008 жылы Қазақстан Республикасы бас прокуроры Астана қаласының сотына «Хизб-ут-Тахрир» саяси-діни партиясын экстремистік деп танып, ел аумағында бұл партияның қызметіне тыйым салу жөнінде өтініш берді. Астана қаласының соты бұл партияның іс-әрекеті мен қызметіне тыйым салды. 2008 жылы Қарағанды қаласында партия жетекшілеріне қатысты сот болып өтті. Сот үкімі бойынша партия мүшелері түрлі мерзімдерге бас бостандықтарынан айырылды.

«Таблиғи-жамағат» ағымы «Таблиғи-жамағат» жоғарыда сөз етілген экстремистік ағымдар қатарына жатпайды. Әйтсе де бұл ағымның өкілдерін де ел ішіне іріткі салушылар деу керек. Ел аузы оларды «дағуатшылар» немесе «сақалдылар» деп те атайды. Бұлар да сәлифшілер секілді намазды талтайып тұрып оқиды. Балағын қысқартып, ұзын етек көйлек киеді. Тарихатқа, дін жолына түскен баяғы дәруіштерге еліктейді. Былай қарағанда «Таблиғи-жамағат»-тың уағыздары бейбіт, момақан, негізінен Құдайды танытуға бағытталған тәрізді. Бірақ сәләфи, тәкфірші сияқты топтармен тез тіл табысады, олармен ымырыласып әрекет етуі жоққа шығарылмайды.

Қазақстанға «Таблиғи-жамағат» ұйымының үгіткерлері 1998 жылы Араб елдерінен, Үндістаннан, Пәкістаннан және Қырғызстаннан бес, он адамнан тұратын топтармен келе бастаған. Қазіргі таңда ұйымның мүшелері негізінен Алматы қаласында, Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Ақмола, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Маңғыстау облыстарында белсенді әрекет етеді. Алматы қаласы мен Жамбыл облысында әйелдер жамағаты да жұмыс жасайды.

Бұл ұйымның нақты оқу жүйесі жоқ. Мүшелерінің исламға «дағуат» (шақыру) жасауы үшін өздеріне ыңғайлы белгілі бір уақыт таңдалады. Әдетте үш, төрт айға, қырық күнге не он күнге немесе үш күнге діни ағарту қызметін жасау үшін шығады. Таблиғшылардың орталығы Алматы облысының Байсерке ауылында орналасқан. Исламға шақыруды таблиғшылар әрбір мұсылман баласына парыз деп санайды.

Таблиғи Жамағат ұйымының негізін қалаған Шейх Мұхаммед Кандехлеви болып табылады (1945 ж. қайтыс болған). Бұл кісі Үндістанда өмірге келген. Ол жамағатқа мына алты қағиданы басты негіз деп бекіткен: а) «Алладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед оның елшісі» деген көркем сөздің түпкі мағынасын түсіну; ә) намаз оқу; б) білім үйрену және зікір салу; в) әрбір мұсылманға көмектесу; г) ықыласты болу; д) Алла жолында сапарға аттану.

Таблиғшыларда сопылық дәстүрге тән белгілер басым. Мысалы әрбір мүрид (шәкірт) үшін бір жол сілтейтін шейх қажет. Егер адам бір шейхке қол

берместен өмірден өтер болса надандықпен өлген болып саналады. Шейхке (басшыларына) деген сүйіспеншіліктерінде шектен шыққан ұстанымдар байұалады. Таблиғшылардың ойынша жүректегі иманның дәмін татудың ең төте жолы сопылық болып табылады. Негізінен саяси мәселелерге араласудан барынша аулақ жүреді.

Бұл ағымның кері әсеріне келетін болсақ, адам дінді уағыздау мақсатында өз отбасын тастап үш, жеті, қырық күндік сапарларға шығып отырады. Осылайша отбасылық қатынастарға зиян келтіріп, адам өз міндетіне кірмейтін (дін бойынша) кейде шамасы жетпейтін нәрсемен айналысып, негізгі міндетін орындамайды (бұл жерде отбасын қамтамасыз ету мен тәрбиелеу). Сондай-ақ, діни сауаттары саяз. Мысалы кейбіреулері діннің негізгі қарапайым шарттарынан дәрет алу, парыз амал мен уәжіп амалдарды жете білмейді.

Сөйтіп, Таблиғи Жамағат ұйымы мүшелерінің ислами білімдері төмен және өз сөздерін Құран мен хадистерге негіздеп дәлелдеп бере алмайды. Көбіне эмоциямен жұмыс жасайды.

3.4 Діннің жастар мен студенттерге ықпалы. миссионерлік ұйымдар қызметінің алдына алудың формалары мен әдістері

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Жастар саясатын жүзеге асыруға әрқашан да ерекше назар аударып келеді. Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру еліміздің дамуының басым бағыты болып келген және бола береді. Қоғам мен мемлекет үнемі даму үстінде болса, жастардың талап-талғамы, ой-өрісі бұданда жоғары дәрежеде дамиды бәрімізге белгілі. Бүгінгі жастар бұдан он бес немесе жиырма жыл бұрынғы жастардан мүлде бөлек. Сондықтан да қоғам мен мемлекет жастардың мүдделерін үнемі ескеріп қана қоймай, заманның жаңа талаптары тұрғысынан оларды құқықтық, ұйымдастырушылық реттеулер арқылы шешіп отыру тиіс.

Президентіміз Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Халқы Ассамблеясының XX сессиясында «Қазақстан - жас ел, әрбір екінші қазақстандықтың жасы отызға әлі жеткен жоқ дей келе, сіздерден зор үміттер күтемін, менің жас отандастарым!» деп көрсетті. Мемлекет басшысы осы сөзінде жастар саясатын жүзеге асырудың ке-шенді бағыттарын ұсынды.

Жастар саясатын қалыптастыра отырып, мемлекет жастардың келешекте маңызды салмаққа ие болар халықтың бірден-бір белсенді тобы екендігін ескереді. Мемлекет меншік нысанына қарамастан, ұйымдар мен кәсіпорындардың жас ма-маңдарды жұмысқа алуы мен жұмыс орындарын өсіруге мүдделілігін арттыруға; оларды қайта дайындау мен өндірістік оқу тәжірибесінен өткізуге; елдің әлеу-меттік-экономикалық дамуы басымдықтарын ескере отырып, жастарға кәсіби тұрғыдан бағдар беретін мемлекеттік жүйені дамытуға қосымша ынталандыруды пайдаланып келеді.

Жастардың жеке тұлға ретінде қалыптасу басымдығы олардың шағын және орта бизнес саласын белсенді араласуын, жас кәсіпкерлерді, әсіресе, фермерлерді, ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілерді оқыту мен қолдауды көздейді. Қоғам мен мемлекет тарапынан жастардың әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілген топтарына айрықша көңіл бөлуді талап етіп келеді.

Қазіргі Қазақстанда жастар деп он төрт пен жиырма тоғыз арасындағы жас азаматтарды айтады. Болашақта жастардың жас деңгейінің көрсеткіші өсуі мүмкін. Жастар оқушы жастар, ауыл жастары, қала жастары, жас мамандар, студент жастар, жас кәсіпкерлер, жұмысшы жастар және т.б. бөлінеді. Жастар әлеуметтік-демография-лық топ ретінде және өзінің әлеуметтік құрамы жағынан біртекті емес.

Жастар кез келген қоғамның болашағы. Сондықтан мемлекет жастар ісіне бейтарап қарай алмайды. Қазақстандағы жастардың жалпы саны 2008 ж. 1 қаңтарда 4,5 миллионға жуық адамды құрап отыр, бұл есеп бойынша қазақстандық қоғамның құрылымында жас азаматтар ҚР халқының жалпы санының 27,8%-ын құрайды. ҚР статистика агенттігінің мәліметіне сәйкес жұмыссыздар арасында жастар үлесі (онжиырма төрт - жас аралығында) 18,5%-ды құрайды. Жастар құрылымында студент жастардың үлесі аз емес. Студент жастар – бұл білім алған соң ертеңгі күні экономикалық, әлеуметтік-саяси, мәдени, білім салаларында ұстанымға (позиция) ие болатын жастар тобы, сондықтан ол белгілі бір дәрежеде көптеген тоталитарлық және деструктивті дәстүрлі емес діни ұйымдардың басты нысанасы болады.

«Жастар және Қазақстандағы дәстүрлі емес діндер» атты социологиялық зерттеу жүргізілді. Қазақстанда шоғырланған және таралып жатқан жаңа діни ұйымдарға өздерінің оң көзқарасын респонденттердің 7,9% білдірді; 2,1% дәстүрлі емес діни ұйымдарға кіргенін көрсеті. Респонденттердің 9,5% оларға деген өздерінің немқұрайлылығын білдірді, егер 20,0% дәстүрлі емес бағыттағы діни ұйымдар туралы еміс-еміс естіген болса, бейтараптылық танытқандардың жалпы саны 29,5% құрайды; 27,5% дәстүрлі емес діндерді адам және қоғам үшін қауіпті деп көрсетсе, сауал бергендердің 28,5% «барлық діндер қауіпті» деген жауап берді; 3,7% жауап беруге қиналса, 0,3% исламнан өзге ешқандай дінді мойындамайтының білдірді. Біздің көзқарасымыз бойынша, респонденттердің үштен бір бөлігі білдірген дәстүрлі емес діндердің адам және қоғам үшін қауіптілігі туралы пікірі, сондай-ақ «барлық діндер қауіпті» деген жауап Сайентология Шіркеуі мен Кришна Санасының Қоғамы төңірегінде болған аты шулы оқиғалармен және кез келген дінді, соның ішінде дәстүрлі діндер - ислам мен православиені, түбегейлендіру (радикализация) қауіптілігін түсінумен байланысты.

Жастардың Қазақстан үшін ең тиімді діни жағдайға қатысты, атап айтқанда, «барлық діндер еш шектеусіз тең құқыққа ие болуға тиіс пе» және «мемлекет дінаралық төзімсіздікті насихаттайтын ілімдерге тосқауыл қоюға тиіс пе?» деген сауалға қатысты көзқарасы былайша бөлінді: респонденттердің 9,0% Қазақстан жерінде еш шектеусіз барлық діндер, дәстүрлі діндермен қатар жаңа діндер де, тең құқыққа ие болуға және толыққанды еркін дамуға тиісті деп санайды; 29,4% - барлық діндер, дәстүрлі діндермен қатар жаңа діндер де, тең құқыққа ие болуға тиіс, бірақ мемлекет зорлықты, дінаралық төзімсіздікті насихаттайтын діни ілімдерге тосқауыл қоюға тиіс; 32,5% - Қазақстанда дәстүрлі діндер – ислам мен христианшылдық басты орынға қойылып, дәстүрлі емес діндердің таратылуына жол бермеу керек; Қазақстан тек бір ғана дінді

басты орынға қойған ел болуға тиіс – 20,0% (оның ішінде исламды – 96,7%, христианшылықты – 3,3% көрсетті); жауап беруге қиналғандар – 8,4%; немқұрайлылық білдіргендер – 0,3%; адамға дін қажет емес деген пікірді 0,3% [14] білдірді.

Социологиялық зерттеу көрсеткендей, жастар дәстүрлі емес діни ұйымдардың қызметі мен ғибадаттар туралы аз ақпараттанған, бұл олардың тоталитарлық және деструктивті діни ұйымдар мен ғибадаттарға кіру қаупін тудырады, әсіресе жас адамдардың сыни ойлау деңгейінің төмен болуы мұндай қауіптің артуына ықпал етіп отыр. Жастардың 60-70% харизмалық бағыттағы жаңа діни ұйымдар туралы мүлдем естімеген болса, сауалға қатысқандардың 18,1% - 23,7% белгілі бір жаңа діни ұйым туралы ақпараттанғандығы жайлы сұраққа жауап беруге қиналғанын білдірді. Әсіресе, жастардың сыни ойлау деңгейінің төмендігін келтірілген мына мәліметтер айғақтайды: «Діни ұйымға кіруге шешім қабылдаған сәтте Сіз қандай ақпарат деректеріне сүйендіңіз?» деген сұраққа респонденттердің 30,2% белгілі бір ұйымның әдебиетімен таныстым деп жауап берді; 19,0%-өз таныстарының айтқандары бойынша шешім қабылдаса, 30,2%- белгілі бір діни ұйымның мүшелерінің айтқандарына сүйенген, 11,1% жауап беруге қиналған. Ақпаратты 7,9% БАҚ арқылы алғанын көрсетсе, ал «ешқайсынан емес» деп 1,6% жауап берген.

Тәжірибеде көрсеткендей, белгілі бір діни ұйым туралы айтқандардың, олар-дың іс-шараларына қатысуға шақырған «таныстардың» өздері сол діни ұйымдар-дың мүшелері болған. Бұл зерттеудің Қазақстанда 2015-2016 жылдары арасындағы әртүрлі діни ілімдерді жамылған террористік әрекеттер болғанға дейін жүргізілген. Кейінгі өзгерістердің бұл зерттеулерге ерекше әсері болар еді деп ойлаймыз.

Бұл өз алдында жобаны құрастырушылардан пайымдауын нақты айғықтайды: жаңа діни ұйымдар мүшелерінің белсенді қызметі жастарды өздеріне қаратудың негізгі факторларның бірі екені анық.

Осындай маңызды ұсыныстарды әрбір мектепте, колледжде, жоғарғы оқу орнында жүйелі түрде жоспарлап өткізіп отыру қажет. Мұндай жұмыстарды атқару бір мектептің немесе ЖОО-ның қолынан келмейді. Осы жұмыстардың бар-лығында жергілікті аудандық, қалалық, облыстық әкімдіктер мен мәслихаттар, ата-аналар комитеттері, қоғамдық ұйымдар бірлесе отырып жүйелі және жоспарлы түрде жүзеге асыруы қажет. Ол үшін бұқаралық ақпарат құралдарын, радионы, мемлекеттік саясатты қолдайтын діни ұйымдардың, беделді ақсақалдар мен азаматтардың, ғалымдардың, лекторлардың жұмысын ұтымды ұйымдастыра білу тиімді. Мысалы, осындай жұмыстар А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде дұрыс жолға қойылған. А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеттің барлық факультеттерінде «Дінтану және діни қауіпсіздігі негіздері» пәні оқытылады. Бұл пәнді оқытуда философия кафедрасының оқытушылары қызмет етеді. А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде «Этникааралық және конфессияаралық келісім мәселелерін зерттеулер

орталығы» ашылып қызмет етуде. Пәнге екі кредит сағат беріліп студенттер емтихан тапсыруда.

Ата-бабаларымыз ұстанған асыл дініміз Исламды жас ұрпақтың санасына ізгі-ліктің дәнін сеуіп, жеткіншектерді атаның баласы емес, адамның баласы болуға баулу айрықша маңызға ие. Жас ұрпақты жақсылыққа асық, жамандықтан қашық болуға үндеудің тамаша үлгісі және дәстүрімен тәрбиелейтін құндылықтардың өмірімізден алшақтай бастады. Бүгінгі жастар имандылыққа жол сілтейтін және олардың жоғалған жан сұлуы мен әдемі әдептерін қайта қалыптастыратын бағыт-бағдарға өте-мөте мұқтаж.

Ислам үнемі ойлануды, пікір қорытуды, ілім іздеуді бұйырады. Мынадай бір қанатты сөз бар: «Мүміннің бірінші міндеті - білім іздеу. Қандай қайнар көзден тапса да, оған иелік жасауы керек». Қасиетті Құранның 719 жерінде Алла Тағала білім жетілдірудің артықшылығы жөнінде айтқан [15]. Дәл осы тұста мен Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының: «Еліміздің және жастардың ең басты байлығы – сапалы білім», - деген даналық сөзі бар.

Осы мәселеге жастарды тәрбиелеу тұрғысынан келгенде, Исламда алынған білім діннің қағидаларына, ұстанымдарына, негізгі ережелеріне қайшы келетін болса, онда ол адам өміріне пайдалы болмайды. Жастар - біздің жарқын болашағымыз. Оларға жіті көңіл бөлу, тәрбиелеу - дін жетекшілері мен елбасшылары алдындағы негізгі мәселелердің бірі. Олардың болашағы осыған байланысты. Сондықтан бұл саладан қаражат аяп қалуға болмайды. Жастарымыздың сан ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрін ұдайы жадынды сақтап, оны құрмет тұтып қадірлеуі, өз тума-туыстары мен отандастарына ілтипат көрсетуі үшін кез келген қоғамды нағыз шынайы құндылықтар бірінші орында тұруға тиіс.

Қазақстанда халықаралық, дінаралық келісім, өзара татулық пен сыйластық ежелден қалыптасқан үрдіс. Аллаға сансыз шүкір, бұл Құдай Тағаланың Қазақстан халқына нәсіп еткен ұлы сыйы, нығметі, әрі біздің ата-бабамыздан қалған құнды мұра. Осындай үлкен қазынаның қадіріне жетіп, оны сақтап, молайту - перзенттік борышымыз.

Соңғы жылдары отандастарымыздың, әсіресе, жастардың рухани дамуына кері әсері бар әртүрлі жағдайларды байқаймыз. Діни тәрбие адам бойында ар-намыс, Отанға деген сүйіспеншілік, т.б. сезімдерін оятады. Дін адамды төзімділікке, алып -қашпа, бөтен ойларға кеңдікпен қарауға үйретеді. Осындай жағдайға кейбір жастардың шала сауаттылығының нәтижесінде басқа радикалды діни ағымдардың шылауына түсіп кетіп бара жатқандығын да байқаймыз. Соған сәйкес әртүрлі қылмыс, экстремизм, төзімсіздік, дінаралық, ұлтаралық алауыздық пен текетірес секілді көріністер табылуы ықтимал. Осындай құбылыстардың болуын қалайтын, елдегі ахуалдың тұрақсыздануы үшін қолынан келгенін аямайтын күштердің де бар екі жасырын емес.

Бүгінгі таңда елімізде орын алып отырған діни мәселелердің ахуалды екендігі бәрімізге белгілі. Сараптама мәліметтері теріс ағымдардың ықпалына түскендердің басым көпшілігі он сегіз - жиырма бес жас аралығындағы жастар (студенттер) екенін дәлелдейді. Тіпті, кейінгі жылдары қоғамға теріс діни

ағымдар деген атауға ие болған «Жаңа өмір» («Новая жизнь»), «Ехоба куәгерлері» («Свидетели Иеговы»), «Рақым» («Благодать»), «жетінші күн адвентистер шіркеуі» («Адвентисты 7-дня») [16], Тәкфир секілді ұйымдарға жастардың, оның ішінде қазақ жастарының көбірек тартылуы ойлантатын мәселе. Сондай-ақ, «салафизм» деген дін атауын жамылып жүрген «ваххабизм» ағымы жастарды дәстүрлі ислам жолынан ауытқуға, ислам дінін «терроризм, экстремизм» ұғымымен байланыстыруға тырысып бағуда.

3-тақырыпқа сілтемелер

- 1.ҚР «Экстремизмге қарсы іс-қимыл» туралы 18.02.2005 ж. №31 Заңы. 1-бап.
- 2.ҚР «Терроризмге қарсы күрес туралы» 1-бап, 2009.10.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен.
- 3.ҚР «Экстремизмге қарсы іс-қимыл» туралы 18.02.2005 ж. №31 Заңы. 6-бап.
- 4.ҚР «Терроризмге қарсы күрес туралы» 10-12 баптар, 2009.10.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен.
- 5.Әбсаттар Қажы Дербісәлі Ислам және заман. Алматы,2003. -142 б.
- 6.Ескандір Тасболатов. Иегова куәгерлері //<http://www.yandex.kz>.
- 7.//«Сторожевая башня». 1 мая 1957 ж. С.274.
- 8.//«Сторожевая башня» (Күзет мұнарасы) қауымы. 1 март. 1979. С.24.
- 9.Ескандір Тасболатов. Иегова куәгерлері //<http://www.yandex.kz>.
- 10.Т.Сыздықов. //«Егемен Қазақстан» газеті. – Алматы,2011. -4 б.
- 11.[http://ru.wikipedia.org/wiki/ Саентология](http://ru.wikipedia.org/wiki/Саентология).
- 12.Мамиргов М.З. «Книга исламских сект и вероучений» //Исламский мир,2007. – 381 б.
- 13.С.У.Абжалов. Ханафи мазһабының діни-философиялық негіздері. Философия ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы,2008. -101 б.
- 14.Зиммель Г. Социология религии //Избранное. Т. 1. – М., 1996. – С. 579.
- 15.Хашр сүресі 10 аят
- 16.Қазіргі Қазақстандағы жаңа діни ұйымдар. - Алматы,2010. 49 б.

Қорытынды

Мемлекет пен дін арасындағы қатынастар жаңа мазмұнға ие болды. Мемлекет ханафи бағытындағы исламның және православилік христиандықтың халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлін танитынына ерекше мән береді. Оның көрінісінің бірі Құрбан айт және Рождество мейрамдары заң бойынша демалыс күндері болып табылады.

Астанада әлемдік және дәстүрлі діндердің бес бірдей съездерінің өтуі, бұл съездерге Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың төрағалық жасауы, Қазақстандық толеранттылық пен татулықтың, дінаралық үнқатысу мен ынтымақтың, бірлік пен достықтың ерекше үлгісі болып табылады.

Қазіргі таңда Қазақстанда жүз отыздан астам этностық және он жеті конфессионалдық топ өкілдері тұрады, елімізде олардың арасында бейбіт қатар өмір сүруі мен дамуы үшін қолайлы жағдай жасалған. Көпэтносты еліміздегі татулық пен келісім, мәдениеттер мен діндердің үндесуі әлемдік эталон ретінде танылған. Қазақстан жаһандық конфессияаралық үнқатысу орталығы болып саналады деп көрсетеді.

Біздің еліміздің түрлі конфессиялармен өзара әрекеттестік орнату тәжірибесін халықаралық ұйымдар мен шетелдік серіктестер, соның қатарында БҰҰ, ЮНЕСКО, ЕҚЫҰ зерттеп зерделеуде. Біз қоғамда конфессияаралық үн қатысуды жалғастырып, рухани келісімді қазақстандықтардың күнделікті өмірінің ажырағысыз сипатына айналуына көңіл бөліп отырмыз.

Діни ахуалдың жан-күйі, өсу қарқынына жасалған талдау өскелең ұрпақ өкілдерінде діндарлықтың артқанын байқатады. Бұл жеке тұлғаның табиғи рухани қажеттілігі тұрғысында ғана емес, қоғамда қалыптасқан мәдени және рухани дәстүрге нұқсан келтіретін жалған діни ұйымдар қызметі арқылы да өсуде.

Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңның қабылдауына байланысты діни саланы реттеуде жаңа сатыға көтерілді. Діни конфессиялар қайта жүйеленіп, олардың саны он жеті конфессияға дейін қысқартылды. Әртүрлі конфессиялардың ішкі құрылымдары біршама тәртіпке келтірілді.

Мемлекет қазіргі кезде діни қатынастарды реттеу жөніндегі саясат пен заңнамалық актілерді жетілдіруге ерекше мән беріп отыр. Себебі діни экстремизм мен терроризм ұлттық қауіпсіздікке, конституциялық және қоғамдық құрылысқа ашық қауіп болып отыр. Сондықтан азаматтар арасында діни ағартушылық және тәрбие жұмысын, діндер мен діни бірлестіктердің қызметін оқып үйрену, экстремизм мен терроризмнің алдын алудың маңызы өте үлкен.

Мұсылман тектес жергілікті қазақтар, татарлар, өзбектер, түріктер, ұйғырлар, т.б. этнос өкілдерінің ашық түрде түрлі протестанттық теріс ағымдардың қатарына өтіп қана қоймай, олардың нағыз насихатшыларына айналды. Сондай-ақ, исламдық дәстүрлі емес уаххабшылық, салафилік,

сопылық, ахмадияшылық, т.б. ағымдардың қатарына өткен жастардың саны көбейді. Діни экстремизм мен терроризм көріністері орын алды.

Азаматтық қоғам институттарының – үкіметтік емес ұйымдар, Қазақстан Халқы Ассамблеясы, сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарының дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға белсенді қатысуы Қазақстандағы конфессиялық тұрақтылықтың нығаюында маңызды орын алады. Бүгінгі таңда халықтың түрлі деструктивтік, соның ішінде жалған діни идеяларды мойындамаудағы нақты азаматтық ұстанымын қалыптастыру маңызды болып саналады.

Діндердің бейбіт қатар өмір сүруі, экстремизмнің таралуына қарсы іс-қимыл, Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатының басым міндеттері болып табылады. Діни және этникалық негіздегі қақтығыстар, мәдени, әлеуметтік, саяси құқықтардың шектелуі, этникалық немесе конфессиялық белгілердің, діни экстремизм мен терроризмнің мемлекеттің саяси жүйесінің тұрақсыздығына, халықаралық қатынастардың шиеленісуіне себеп болуы мүмкін екендігін есте сақтау қажет.

Біздің тағдырымызға көпэтносты және көпконфессияналды елде өмір сүру жазылған. Бүгінде қоғамымызда үлкен салмағы бар Ассамблея мақсаты – қазақ халқының жұмылдырушы рөлі мен Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени қауымдастығын негізге ала отырып, қазақстандық патриотизмді, азаматтық сәйкестік пен бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастыру, этносаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету.

Қазіргі таңда Қазақстанда діни бірлестіктің ішкі ісіне араласпауға, діни сенімдерге құрметпен қарауға, заң алдында түрлі діни өкілдері тең дәрежеге ие болуына негізделген саясат жүргізілуде. Азаматтар арасында діни ағартушылық және тәрбие жұмысын, діндер мен діни бірлестіктердің қызметін оқып үйрену, экстремизм мен терроризмнің алдын алудың маңызы өте үлкен.

Адамгершілік тәрбие рухани маңызды өмірлік құндылықтарды меңгеруді құрайтын тұлғаның дүниетанымдық дамуын білдіреді. Осы тұрғыда, дін - әлеуметтің өмірі мен адамгершілік тәрбие үрдісінде маңызды рөл атқарады, яғни, адамның руханиятын қалыптастырудың маңызды факторы. Адамның рухани тәрбиесі дінмен ғана анықталмайтынын атап айту керек. Берілген атеист бола тұрып, оның ар-ожданмен өмір сүріп, адал, сенімді, жалпы адамзаттық құндылықтарды түсінетін және соған ұмтылатын адам болуы әбден мүмкін. Осы қағидалар барлық мәдениет пен діндерді тізіп, адамзат тұрмысы мен адамгершілік идеяларының шынайы мағынасын анықтайды.

Дін мен адамгершілік бір-бірімен тығыз байланысты. Дін адамгершіліксіз, адамгершілік дінсіз әрекет етуі мүмкін емес. Адамгершілік тұжырымдары әлемдік діндердің қасиетті жазбалары Інжіл мен Құранда көрініс тапқан.

Қорыта айтқанда, дін - адам мен қоғамның дүниетанымдық жаңа өмір сүру салтының жүйесі. Өзінің бойындағы адамгершілік қасиеті, білім мен ғылым арқылы қол жеткізген жетістігі - жалпы адамзаттың дамуындағы тиімді құрал.

Алайда, зайырлы мемлекеттің белгісі - мемлекеттік оқу орындарындағы білімнің зайырлылық сипатын қамтамасыз ету, мысалы, Қазақстан сияқты елдің мемлекеттік саясатын ұйымдастыруда мемлекеттің айырықша құзыреттілігін білдіреді. Біздің елімізде білім беру саласындағы мемлекеттік саясат қағидаты білім берудің зайырлылық сипатын ескере отырып жасалған, бұл дегеніміз – мемлекеттік білім беру мекемелерінде дінге деген кез келген қатынас қалыптастырмау қажеттілігі.

Аталған қағида Қазақстан мемлекетінің білім мен ғылым саласындағы саясатының негізгі ұстанымы болып табылады. Бұдан шығатыны білім мен ғылымның мемлекеттік жүйесі дінге қандай да бір қатынасты қалыптастыруды көздемейді.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Астана, 2011.
- 2 Назарбаев Н.Ә. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезінде сөйлеген сөзі. 23.09.2003 ж. //Егемен Қазақстан, 24.09.2003.
- 3 Назарбаев Н.Ә. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының II съезінде сөйлеген сөзі. 12.09.2006 ж. //Егемен Қазақстан, 13-14.09.2006.
- 4 Назарбаев Н.Ә. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының III съезінде сөйлеген сөзі. 1.07.2009 ж. //Егемен Қазақстан, 3-5.07.2009.
- 5 Назарбаев Н.Ә. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының IV съезінде сөйлеген сөзі. 31.05.2012 ж. //Егемен Қазақстан, 1-2.05.2012.
- 6 «Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясынан, 1948 ж. – Алматы, 1998 ж.
- 7 «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 2011 ж., 11 қазан.
- 8 «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 1992 ж., 15 қаңтар.
- 9 Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2010.
- 10 Қазіргі Қазақстандағы жаңа діни ұйымдар. – Алматы, 2010. 320 б. Бәйтенова Н.Ж., Құрманалиева А.Д., Затов.
- 11 Абуов А. Мирозозрение Ходжа Ахмеда Ясави. – Алматы, 1997.
- 12 Дербісәлі Ә. Ислам және заман. – Алматы, 2003.
- 13 Дворкин А. Сектоведение. Тоталитарные секты. - Н/Новгород: изд. «Христианская библиотека», 2006.
- 14 Справочно-методическое пособие по вопросам религий для государственных служащих. Комитет по делам религий. – Астана, 2008. - 208 с.
- 15 Иванов В.А., Трофимов Я.В. Религии в Казахстане: Справочник. 2-изд., перераб. и доп. – Алматы: «Аркаим», 2003. – 238 с.
- 16 Қайрат Лама Шәріп. «Қазақстанның діни алаңы тазартылды» //Егемен Қазақстан, 25.10.2012.
- 17 Маймақов Ғ.Қ. Қоғам және дәстүрлі діндер. – Шымкент: «Кітап», 2011. 70 б.
- 18 Маймақов Ғ.Қ. Хиджаб //Егемен Қазақстан, 22.09.2011.; //Жас Алаш, 18.05.2011.
- 19 Көбеева О. Дінтану негіздері. – Шымкент, 2003.
- 20 Всеобщая история религий мира /Карамазов В.Д. – М.: «Астрель»; СПб.: «Полигон», 2011. – 704 с.
- 21 Дж. Макдауэлл, Д. Стюарт. Обманщики. – М.: «Протестант», 1993. – 224 с.
- 22 Мамиров М.З. Книга исламских сект и вероучений. – М.: ТВК «Исламский мир», 2007. – 472 с.

Шаукенов Ж.А.

Дінтану және діни қауіпсіздік негіздері

Оқу құралы

Басылуға қол қойылды Пішімі 60x84 1/16
Таралымы 500 дана. Көлемі 6 б.т. Тапсырыс №

А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің
баспаханасында бастырылды
110000, Қостанай қаласы, А. Байтұрсынұлы көшесі, 47
Тел/факс: 8(7142) 51-11-45

Отпечатано с оригинала методом прямого копирования